Кетігін тапта бар қалан» [6, 172 б.].*

Егер шын мәнінде ақыл-парасат асқарының биігіне көтеріліп, ізгі адамгершілік пен жемісті өнер-білімнің кәусарынан сусындай алған болсаң, онда арзанға әуреленіп,

босқа шашылма, өмірден өзіңе лайықты орныңды ал – дейді Абай.

Адам бойындағы жақсы қасиеттерге сүйсіну, оларды қастерлеп, жұртқа өнеге қыла насихаттау – әрине, адамгершілікке тәрбилеудің ең төте, ең ізгі жолы. Бірақ ала – құласын ішіне жасырып, көбінесе сыртын сылап жүретін адам мінезінің не бір қалтарыс қатпарларын жалғанның жарығына алып шығу үшін тек қана жақсының жаршысы болу кемшін соғып қалады.

Сондықтан Абай көптеген туындыларында кейде астарлап, кейде тұспалдап, аз сөзбен көпті аңғартып, үлкен адамгершілік тақырыбының жеке бір қырларын қозғап отырады. Оларды да Абай поэзиясындағы парасат мектебінің тағылымды сабақтары деп бағалағанмыз жөн.

Мәселен, Көжекбай деген Абайдың замандасы бір кезде Абаймен жақын дос болып жүріп, өсек-аяңымен, екіжүзді мінезімен ақында теріс әсер қалдырған адам. Оның бүлікшіл, опасыз мінездері «Көжекбайға» деген ұзақ өлеңінде толық ашылған.

«Дүтбайға», «Күйісбайға» деген өлеңдер де осы сарында. Бұларда көз көргенде көлбеңдеп, артынан айнып кететін тұрақсыз, қолдан келсе, орайы табылса, қастығын да аямайтын шерменделік шенеледі. Абай олармен де талай істес болып жүріп, осындай теріс мінездеріне әбден көзі жеткеннен кейін жазған. Ал «Ғабидоллаға» деген өлең өсе келе асқынып, үлкен пасықтық дертіне айналатын, жас адамның бойындағы кінәратты көргендегі әсермен жазылған. Мұнда әлгілерге қоса, жас жігіттің бойынан біліне бастаған күншілдік пен іштарлық нышаны да нысанаға алынады.

Ал «Абыралыға» деген өлеңінде Абайдың көп өлеңдерінде сыналған надандық жаңа бір қырынан жазғырылады. Әдетте ақын надандықты ғылым-білімнің жауы ретінде әшкерелейтін. Сөйтсек, оның түрі мен түсі әр алуан болады екен. Бұл жерде арасында пірадарсып, ораза-намазда жұрттың алдын бермей жүрген діндар адамның ең болмаса дұға сөздерін дұрыс айта алмайтын (мағынасын былай қойғанда, – А.Т.) пұшаймандығы сықақ етіледі [7].



Бұл өлеңдерде ақынның қаламына ілініп отырған – негізінен Абайдың өз тұтастары, ел ішінде әжептәуір ықпалды саналып жүрген белгілі адамдар. Жұрт арасында жалған беделге ие болып, елді адастырып жүргендері бұрын да болған, қазір де көбеймесе, азайған жоқ.

Ал енді бір пара өлеңдерде елге көп зияны тимейтін, әркімнің өз мінезінің ерекшелігі болып көрінетін жағымсыз қылықтарды да жеңіл түрде сынады. Ол бірде ескі ауылда жиі кездесетін бақай есеп қараулықты («*Келіп ем кім екен деп түіе қуған*»), арын сатқан сұрамшақтықты («*Назарға*»), үй ішіне қарамай ел кезіп жүретін қыдырымпаздықты («*Қара қатынға*», «*Баймагамбетке*»), шаруаға қырсыз бойкүйездікті («*Дүйсенқұлға*») сынаса, енді бірде үй ішілік өмірдің келеңсіздігін, салақ әйел мен томырық мінез еркекті («*Қатыны мен Масақбай*»), мораль мәселесіндегі ұстанымсыздықты («*Шәріпке*»), жеке мінездегі жасандылықты (Көкбайға арнаған екі өлең) тілге тиек етеді [8].

Ойымызды қорыта айтсақ, түрік әлемінің танымал тұлғасы Абай шығармашылығы, қазіргі қазақ философиясының да елеулі бөлігін құрайды. Абай шығармашылығын зерделеу қазақ философиясын тереңдете тану ғана емес, түрік рухани әлемінде игеру. Осы ретте келер ұрпақ үшін Абайдың этикалық-адамгершілікті ілімінің танымдық та, тағылымдық та мәні зор.

### Әдебиеттер

1. Зия Көкалып. Түркішілдік негіздері. – Алматы, 2000 ж.
2. Ұлт тәуелсіздігі және қазақ философиясы. – Алматы, 2010 ж.
3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973 ж.
4. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалар мен зерттеулер. – Алматы, 1967 ж.
5. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975 ж.
6. Абай. 2 – томдық шығармалар жинағы. 1-ші том. – Алматы, 2005 ж.
7. Қараңыз: Абай Құнанбаев. – Алматы, 1995 ж.
8. Бұл да сонда.

## ТОЛЕРАНТНОСТЬ И ФИЛОСОФСКАЯ ЭТИКА КАЗАХОВ

*Барлыбаева Гаухар Гинаядовна,  
главный научный сотрудник Института философии,  
политологии и религиоведения КН МОН РК,  
доктор философских наук*

Анализируя философскую этику казахов в контексте развития реалий современности, духовно-нравственные ценности казахского народа, включающие в себя гуманность и милосердие, доброжелательность и гостеприимность, открытость и миролюбие, невозможно обойти тему толерантности, так как толерантность есть органически присущий казахской этике принцип, ее важнейшая и характерная особенность.

Каждая эпоха определяет акценты в философской рефлексии, отражающей дух времени, проблемы и сомнения, переживаемые и обществом в целом, и отдельными его мыслителями. Масштабные и интенсивные интеграционные процессы, характеризующие минувший XX век и наступивший XXI век, дают основание говорить о глубинных качественных переменах в человеческом обществе. Сегодня совершенно очевидно возрастание потребности в расширении контактов, в углублении диалога культур, без чего невозможно дальнейшее развитие человечества. Тема толерантности является основополагающей в сегодняшнем мире. Толерантность является в наши дни важнейшей характеристикой мышления современного человека, она становится своеобразной парадигмой мышления.

Казахи, являющиеся наследниками великой кочевой культуры, на протяжении тысячелетий демонстрировали свои адаптационные возможности при постоянно меняющихся внешних условиях. Большую роль сыграл здесь Великий Шелковый путь, наиболее протяженный участок которого проходил через территорию Средней Азии и Казахстана.

Следует отметить, что Шелковый путь – одно из наиболее значительных достижений в истории мировой цивилизации. Разветвленные сети караванных дорог пересекали Европу и Азию от Средиземноморья до Китая и служили в эпоху древности и средневековья важным средством торговых связей. Кроме того, Великий Шелковый путь, пролежавший через территорию нашей страны, являлся связующим мостом взаимодействия и диалога цивилизаций и культур Запада и Востока, взаимно обогащая всех участников этого процесса. Караванные пути с постоянно циркулирующими идеями, знаниями вероисповеданиями и товарами, на протяжении тысячелетий влияли на менталитет народа древнего Казахстана. Это явление сделало предков казахов толерантными по отношению к иным культурным традициям и влияниям.

В условиях кочевого образа жизни, когда основным источником жизни было скотоводство, когда целыми месяцами казахи могли не видеться с людьми из другого рода или племени, обычай гостеприимства следует оценивать, на наш взгляд, как своеобразное проявление толерантного сознания и гуманизма, свойственного казахскому народу, жившему в территориально-разрозненных, природно-суровых и социально-тяжелых условиях жизни.

Философская этика казахов всегда стремилась определить пути установления лояльных, неагрессивных, доброжелательных отношений между различными людьми, социальными слоями и государствами. Умение и способность сопережить чужие проблемы и чужую боль, как способ утверждения бытия другого человека, как способ включения этого бытия в мое бытие, а моего бытия в бытие другого – важнейшая особенность казахского философского мировосприятия, ориентированного на сохранение гармонии мира.

Принцип гостеприимства входит в моральный кодекс любого народа, но далеко не у всех он стоит на первом месте. В мусульманской системе моральных ценностей гостеприимство занимает одну из верхних строк, тогда как у европейских народов оно выражено весьма слабо. И потому любой

европеец, побывавший в прошлые века в Великой степи, обращал на этот обычай особое внимание и выражал свое искреннее восхищение этой чертой национального характера, которая как нельзя лучше говорит о стремлении людей любить себе подобных. Следует заметить, что обычай гостеприимства является одним из самых устойчивых обычаев – в Казахстане он сохранился до настоящего времени.

Еще Махмуд Кашгари подчеркивал необходимость соблюдения правил гостеприимства [1, с. 387]. Усталый от трудностей дорог, замученный жаждой или голодом любой спутник мог найти у казахов прием, беззащитный человек мог найти у них покровительство.

Гостеприимство – священный долг. Хозяин должен был умереть, защищая своего гостя, даже чужого ему человека. Под защиту брались влюбленные, покинувшие свои края из-за преследования родителей и родственников. Как видим, традиция гостеприимства имеет особую социальную значимость.

В условиях территориальной разобщенности гость из другого рода или представитель иного народа был вестником из внешнего мира, своеобразным проводником его культуры. Любой гость, независимо от его национальности и возраста, пользовался почетом и уважением. При этом он считался гостем всего аула и его окружали общей заботой. Гостя сажали на почетное место (төрге), в его честь резали скот, готовилось национальное блюдо (бешбармак), организовывалось пиршество с участием родственников и гостей хозяина. Так Бухар-жырау, просивший роды жить в дружбе и согласии между собой, писал:

*«Будем есть казы и карту,  
Будем жить мы в соседстве мирном»* [2, с. 83].

(Перевод О. Жанайдарова)

Но не подарки и не угощение, а открытое сердце и добрая душа хозяина считались главными признаками гостеприимства.

На наш взгляд, толерантность мировосприятия казахов выражалась в том, что гостеприимство рассматривалось как

благо, добродетель и обязательный элемент счастья. Где нет гостеприимства, там нет счастья и радости, считали казахи. Известный казахский мыслитель и сказитель XVIII века, большой знаток казахского героического эпоса Умбетей-жырау писал:

*«Кісіні көрсең есікке,  
Жүгіре шық, кешікпе,  
Қарсы алмасаң мейманды  
Кесір болар несіпке!»* [3, с. 74]

(«Спешите встретить гостя! Если откажешь в гостеприимстве – может нагрянуть беда и уйти благополучие!»).

Он же писал, что не будет доброго имени у джигита, не встретившего гостя как положено, не проявившего гостеприимство:

*«Мейманға отың басы болса суық,  
Еліңе жақсы жігіт атанбассың»* [3, с. 75]

(«Если проявишь скупость при встрече гостя, народ узнает про тебя, что ты плохой джигит»).

Таким образом, основным фактором, который дал возможность казахам выжить в достаточно суровых условиях территориальной разобщенности и при этом без больших трений установить дружеские отношения с соседними народами, является природная человеческая порядочность в широком смысле слова. В это понятие входят и особая гостеприимность, и взаимопомощь, и незлобивость, а также отзывчивость, открытость всему миру и доброжелательность.

Все эти общечеловеческие положительные нормы поведения и нравственные ценности испокон веков формировались как неписанные законы жизни в виде традиционных обычаев и норм, которые соблюдались всеми казахами.

Известно, что толерантность имеет временную локальность, проявляется во всех культурах и в этом смысле универсальна. Казахские философы-этики, чьи воззрения были пронизаны духом терпимости, хорошо понимали, что нельзя делать другим то, чего себе не желаешь. Чем больше ты фанатик своей веры, тем более ты веротерпим, считали они.

Требования толерантности применялись ими прежде всего к самим себе, ибо свои взгляды надо отстаивать.

Казахская этика, в которой хорошо выражена суть национального характера и менталитет народа, открыта к другим культурным влияниям и традициям, она всегда свободно воспринимала любой полезный опыт.

Казахская этическая мысль всегда была не безразлична к происходящим в мире явлениям, отражала их под углом этического и эстетического восприятия, что позволяло более широко взглянуть на проблемы и предложить свои пути развития событий, разрешения конфликтов. Оставаясь чуткой и отзывчивой к социальным заботам и волнениям, философская этика казахов вместе с тем всегда выше прагматичных интересов, классовых или сословных амбиций.

Одной из примечательных особенностей казахской духовной культуры является тесное переплетение и взаимное плодотворное влияние разных видов творчества: философии, литературы, музыки, политической и религиозной мысли. Так, казахская литература зачастую выступала как способ существования казахской философии, а идеи мыслителей своеобразно интерпретировались казахскими биями, ораторами (шешен), певцами-импровизаторами. Шел процесс взаимообогащения разных видов творчества.

Эта многогранность казахской духовной культуры способствовала ее гармонизации, а гармония, уже по определению, всегда противостоит дисгармонии, разладу частей целого, что в какой-то мере отражается в сфере общественных отношений.

Говоря о характерных чертах казахской этической мысли, нельзя не заметить ее сопричастное милосердное внимание ко всем людским бедам, в ней прослеживается традиционная тесная связь с исламом, который всегда духовно ее питал и способствовал ее обогащению и развитию. Казахская философская этика всегда была социально действенной, выступая как нравственный врачеватель общественных пороков. Она была критическая по отношению к злу и созидательная по отношению к добру.

Этические размышления казахских мыслителей не сводились к нейтральной терпимости, доляльности по отношению к другим, а звали к великодушию, к активной нравственной позиции добра, справедливости и гуманизма. Вот какие замечательные строки, проникнутые идеями единения, мира и согласия, оставил после себя знаменитый казахский мыслитель XVIII века Ахтамберды-жырау:

*«Балаларыма өсиет:  
Қылмаңыздар кепиет,  
Бірлігіңнен айырылма  
Бірлікте бар қасиет.  
Татулық болар береке,  
Қылмасын жұрт келеке,  
Араз болсаң алты ауыз  
Еліңе кірген әреке» [3, 67].*

(«Как завет потомкам оставляю свое наставление: любите свой народ, не пренебрегайте им! Храните и берегите свое единство, потому как единение, единство – это святое. Мир и согласие – это Богом данное благо и счастье, а потому не ссорьтесь, не враждуйте, не будьте посмешищем для других! Разрозненность, вражда – это смута, разрушающая государственность, страну»).

Казахские поэты-мыслители, отражая разнообразие настроений в обществе, затрагивали и тревожные вопросы возникновения войн с их бедствиями, что в свою очередь заставляло людей искать мирных путей развития событий. Умбетей-жырау, как-бы сталкиваясь и полемизируя с Ахтамберды-жырау, писал:

*«Ей, Ақтамберді, Қабанбай!  
Суытпа босқа түсіңді,  
Қайрама онша тісіңді,  
Сырт тазасы не керек,  
Тазарт әуел ішіңді.  
Салмақтасаң айта ғой,  
Хан алдында күшіңді.*

*Елімді иесіз деймісің,  
Ерімді киесіз деймісің,  
Алты арысқа білдірмей,  
Басып жеймін деймісің?!  
Батпан, батпан мінің бар,  
Қабынбай бітім қылыңдар» [3, с. 75].*

(«Эй, Ахтамберды, Кабанбай! Не смотрите холодно, «не точите» на нас зуб! Задумайтесь лучше о внутренней чистоте, а не только о внешней. Хотели показать свою силу, похвастать перед ханом? Думали, что народ без власти? Думали, что люди не узнают?! У вас достаточно недостатков, не умножайте их! Говорю я вам открыто: надо прийти к согласию, заключите соглашение!»).

В этической мысли казахов с давних времен шли столкновения мнений на извечную тему «что такое хорошо и что такое плохо», и каждый мыслитель был вправе отстаивать свою точку зрения, свое понимание проблемы. Однако в этом противопоставлении нет противоречия, так как в одном случае речь идет о праве собственного мнения, в другом же – о праве критики со стороны оппонента. Вот где особенно важен толерантный подход в позициях сторон, не допускающий изничтожений или унижений противника.

Примером подлинного и глубокого понимания традиций иных культур, доброжелательного и заинтересованного обращения к культуре России и Запада, а также признания важности расположенности страны на стыке восточных и западных влияний является Абай. Абай, чье этическое учение является квинтэссенцией казахской философской мысли и в чьем творческом наследии осуществлен качественно новый уровень философского осмысления действительности в казахской мыслительной традиции, впервые в истории народа реализовал и воплотил синтез идей Востока и Запада, чем выразил сокровенные желания, думы и умонастроения казахов. Через все его творения, пронизанные духом толерантности, красной нитью проходит идея межкультурного диалога.



Чингиз Айтматов совершенно верно подчеркивал, что Абай ныне переживает 3-ю эпоху, вслед за эпохой русского самодержавия, в которой протекала его физическая жизнь, эпохой Октябрьской революции и советского тоталитаризма [4, с. 105].

Абай живет сейчас вместе с нами в условиях обретения независимости на пути мировых демократических преобразований. В каждой из этих эпох потенциальные ресурсы абаевского наследия раскрывались в новом значении и новом измерении.

Был период, когда Абай служил защитной ипостасью для казахской культуры и казахского языка, бастионом, средством сохранения национальной самобытности перед лицом надвигающегося процесса языковой ассимиляции и одностороннего окультуривания. Даже тогда никто не смел поднять руку на Абая, и тот факт служил сохранению казахского слова и национального самосознания.

В теперешних же условиях Абай, впитавший в себя великие идеи русского просветительства и творчески трансформировавший русскую культуру в ее мировой значимости, служит нам в иной ипостаси. Абай оберегает нас от национального изоляционизма и слепоты национального эгоизма.

Мыслитель был глубоко убежден, что невозможно изменить жизнь, не изменяя самого себя. Не обрести Родину всем, не обретаая каждым в отдельности самого себя. Быть как все, жить как все, научиться всему тому, что умеют все другие. Знать язык других народов, научиться их искусству и умению – это возвышает, а не унижает, делает равными с ними и менее зависимыми, чем если ничего не знать и не уметь. Такого рода идеи пронизывают все творческое наследие Абая, являются стержневыми темами его философских трудов.

Прав, на наш взгляд, известный казахский писатель-философ Абиш Кекилбаев, когда высказывает следующее суждение: «Соль общественной гармонии Абай ищет в честном труде каждого. Горячо убеждает своих соплеменников в том, что пока каждый не добьется достаточного самообеспечения своим трудом, и народу не знать подлинного равенства и

свободы. Только тогда человеческое дитя может быть другом по отношению к другому, себе подобному. Только тогда он другому, себе подобному, не кажется либо хищным угнетателем и кровопийцей, либо ленивым завистником и дармоедом. Иначе нет человеку большего врага, чем сам человек, а казаху, чем сам казах» [5, с. 112].

Если А.С. Пушкин писал о «милости к падшим», что бесспорно, является высшим проявлением толерантности, то Абай полагал, что мало призывать людей к милости к падшим и слабым, необходимо мобилизовать к самосовершенствованию самих падших и слабых. Вот в чем смысл гуманизма в абаевском миропонимании.

От Абая путь лежит к сокровенным глубинам национального духа и от него же открывается путь к глобализированному восприятию мира. А это в наше время подразумевает разнообразие культур, верований, религий, экономических, социальных и политических устройств, а также всех способов жизни, существующих в гармонии и взаимодействии. Культивируемое разнообразие не означает изоляции людей или культур друг от друга, оно призывает людей к международному, межкультурному контакту и диалогу. Культивируемое разнообразие не означает также сохранение неравенства, поскольку равенство – не в единообразии, а в признании равных ценностей и достоинства всех народов, всех культур. Эти мысли самым органичным образом находят отклик в стихии абаевского мира. Абай писал в своих «Словах назидания»: «Знание чужого языка и культуры делает человека равноправным с этим народом, он чувствует себя вольно, и если заботы и борьба этого народа ему по сердцу, то он никогда не сможет остаться в стороне. Такова природа человека» [6, с. 49].

Безусловно, Абай – фигура мирового масштаба, такова природа его дарования и миропонимания, таковы были факты, сформировавшие личность Абая как мыслителя и поэта. Европа и Азия были источником, слагаемыми компонентами в истории культуры русского и тюркоязычных народов на протяжении многих веков. В Абае этот процесс

достиг своего апогея, а идея диалога культур востребована сегодня в геостратегических приоритетах и параметрах нового состояния евроазиатского региона.

Емкое определение толерантности дал испанский исследователь Фернандо Лосано: «Что такое толерантность? Это не уступка, не безразличие. Это знание и понимание других. Это взаимное уважение через взаимопонимание... Что такое толерантность? Объединение – да; единообразие – нет. Разнообразие – да; насилие – нет. Страстные споры – да; сила и подчинение – нет» [7, с. 18].

В философской этике казахов, где определяющими ценностями выступают духовность, нравственность, милосердие и толерантность, всегда подчеркивалась мысль о том, что личность, действующая ненасильственным методом, прежде всего, защищает себя и своего противника от морального зла, лжи, ненависти, фальши, отсутствия уважения к другим и несправедливости. Казахские мыслители-этики полагали, что философские аргументации и размышления являются силой через слово, которое может делать вызов другим силам, разоблачать ложь и приоткрывать завесу над иллюзиями, а также предлагать варианты лучшего мира для всех людей, живущих на Земле.

### Литература

1. Материалы по истории прогрессивной общественно-политической мысли в Узбекистане. – Ташкент, 1976.
2. Поэты пяти веков. Казахская поэзия XV – начала XX вв. – Алматы: Жазушы, 1993.
3. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1989.
4. Айтматов Ч.Т. Абай Кунанбаев и духовные ценности общемировой цивилизации // Абай. Наследники. На перепутье... – Алматы: Агентство «Аль-Халел», 1995.
5. Кекилбаев А. Быть сыном народа // Абай. Наследники. На перепутье... – Алматы: Агентство «Аль-Халел», 1995.
6. Абай. Слова назидания. – Алматы: Өнер, 2006.
7. Лосато Ф. Толерантность – важнейший принцип равноправия // Право и образование. 2000. № 1(2).

## ҚАНАҒАТ – ҚАЗАҚ ӘДЕБІНДЕГІ МОРАЛЬДЫҚ САПА ӨЛШЕМІ

*Раев Дәулетбек Сәдуақасұлы,  
Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар  
және әлем тілдері университеті, жоғары орнынан  
кейінгі білім беру факультеті кафедрасының профессоры,  
философия ғылымдарының докторы*

Қазіргі таңда әлеуметтік қатынастағы адами мінез, моральдық кеңістік, әдеп мәселесі қоғамдағы «моральдық күмбез» ретінде ең маңызды басқару ресурстарының біріне айналды. Бүгінгі техногендік өркениет заманында жеке тұлғаның әлеуметтік мінезі, адамның әдептік әлеуеті, адамдардың эмоционалдық интеллекті – қоғамның стратегиялық тұрғыдағы маңызды қуат көзі, қоғамның бар болуының әлеуеттік ресурсы, өмір сүру континуумы десек болады. Сондықтан, аталмыш мақалада қоғамдағы әлеуметтік мінездің қалыптасуының онтогендік тамырларына теориялық-әдіснамалық, философиялық концептуалдық тұрғыда талдау жасалынады.

Осы тұрғыдан алғанда мақаланың міндетіне: 1) қазақ топырағында қалыптасқан ұлттық әдептің мәйегі болған «қанағат» концептісінің әлеуметтік кеңістіктегі адами болмысын ашу; 2) жалпы адамзатына тән мінездің антропоцентристік табиғатын айқындау; 3) қоғамның өзгеруі адам мінезінің өзгеруіне тәуелді болуының этикагендік тамырын анықтау; 4) олардың мұсылмандық интеллектуалдық мәдениеттегі әмбебап мәнін ашу және осылардың терең рухани әлеуетін ашып көрсетуді жатқызуға болады.

Қоғамдағы әр адамның өзін рухани тұрғыдан көрсетуі философиялық тұрғыда әлеуметтік моральдық универсум және ондағы әмбебап моральдық уникумның өзіндік ашылу формасы болып табылады. Демек кез-келген жалпыға ортақ универсалиердің адамдардың жеке мінез-тәжірибесінде көрініс табуы арқылы ашылуы әлеуметтік-этикалық реф-

лексианы қажет ететіні заңды құбылыс. Сондықтан өзіміздің шағын мақаламыз шеңберінде қоғамдағы моральдық уақыт пен моральдық кеңістікті қанағат категориясы арқылы талдауға қадам жасаймыз. Осыған байланысты мәселенің бүгінгі мен келешгіне көз жүгіртуге мүмкіндік туады, оның маңыздылығы арта түседі, оны одан әрі зерттеуге жол ашылады.

Қанағат – адамның оң моральдық сапасын көрсететін этикалық категория. Қанағат – әдептіліктің басты белгісі және негізі. Ол – адамның сана-сезімі мен іс-әрекетіндегі жақсы әдет, дағды. Қанағат – адамның барына, өз еңбегімен қол жеткізген табыстарына разы болу, шүкіршілік ету қабілеті. Қанағат – адамзатының ғана болмысына бітетін ішкі интенциялық қуаты, имманенті субстанциясы. Қанағатты әдетке айналдыру – игілікті іс болып табылады және адамның тұлғалық болмысының жетілуін көрсетеді. Қазақ халқы қанағатты – жоқтықтың, кедейшіліктің белгісі деп есептемеген. Керісінше, ол зерделілік пен сабырлылық, тоқтамдылық пен ұстамдылық мінездің, абзал моральдық қасиеттердің үлгі-өнегесі ретінде танылатын этикалық құндылық деп біледі. Өйткені ол адамшылық жолдан тайдырмайды, аш көзділікке жібермейді, басқаның дүниесіне сұқтанудан арылтады, сұғанақтық жасатпайды, қызғану мінезін тежейді. Бұған Ыбырай Алтынсариннің мына өсиет сөзі мысал бола алады: «Әзірет Әлиден бір жүт келіп сұрады дейді: – Толық байлық қайтсең табылады? Әли айтты: – Қанағат ете білсең. Қанша мал көп те болса барына қанағат ете білсе, бұл адамның көңілі жайлы, тынышырақ болады; – соның үшін Әзірет Әлі, – байлық – қанағатта, – деген екен» [1, 96 б.].

Қанағатшыл адам жұмсақ мінезді, жайлы, кіші пейіл, қарапайым болып, көптің құрметіне бөленеді. Қанағат – баршаның бойына жарасатын көркем сипат, ешқашан солдыруға болмайтын рухани күш. Көп адамда кездесетін кесапаттық – қанағатсыздық пен мал және дәулетке масаттану. Осыны өз өмірлік тәжірибесінде көп көрген қазақ халқы:

«Малым бар деп мақтанба, боран соқса қайтесің? Басым бар деп ойлама, ажал соқса қайтесің?» деп қанағаттыққа шақырады. Эпикурдың пайымдауынша, адамға рухани қанағатты әкелетін білім болып табылды. Әл-Фараби: «Қанағат – табиғаттың төл перзенті. Тағы да денсаулықты күзетеді» [2, 119 б.], – деп айтады. Мұның астары қанағат адамға берілетін төл де тел қасиет және оның адам физикасына қатысты өз қызметінің белгіленетіндігін айтуында. Р. Хорезми: «Тапшылықта азға қанағат ете білгенің, өзіңе-өзің патша боп, еркін өмір сүргенің» – десе, Парсы ойшылы Қайқаус (Кабус): «Әрдайым өкінішті жағдайға тап болғың келмесе, қанағатты бол, қанағатқа әдеттенсең, бостандықтағы денең ешкімнің де құлы болмайды. Қайыршы болсаң да, бұзақы болсаң да қанағатты бол. Демек, тәркі дүние бұзық болса да, қанағатты бол» (Қабуснама) [3, 27 б.] – деп көрсетеді. Әл-Ғазали моральдық көрсеткіштердің бірі – қанағат болатындығын дәлелдейді. Оның пікірінше, қанағат – адамның қолындағы аз нәрсені жеткілікті тұтынуы, қалжағдайына шағымданбауы. Азға қанағат қылған, аз жеген, аз ішкен, аз ұйықтаған адамның жүрегі жұмсарады, періштелерге ұқсайды. Дүниеде тек зәру қажеттіліктерін ойлап, соны орындауды қанағат тұтқан адамдар түрлі қауіптен, қиындықтардан аман болады дегенді меңзейді.

Данышпан ойшылы Жүсіп Баласағұн да қанағатты кісіліктің бір белгісі ретінде көрсетіп кеткен. Ол өзінің «Құтты білік» еңбегінде төрт маңызды ұғымдарды атап көрсетеді: әділет, дәулет, ақыл-парасат, қанағат. Қанағат ұғымын Жүсіп Баласағұн адам бойындағы негізгі қасиеттердің біріне жатқызып, оны жалпыадамзаттық құндылықтар деңгейіне көтереді.

Халқымыздың ұлы ақыны Абай: «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой – бес асыл іс білсеңіз. Ақылды адам азғантайды қанағат қылып, бақытты өмір сүреді, ал ақымаққа бәрін берсең де аз» [4, 97 б.] – дейді. Ақын қанағатшылық қасиетін еңбек, терең ой секілді жоғары құндылықтармен қатар қойып қарастырады. Бұл мысал-

дардан қанағат адамның адами болмысы шеңберіндегі айналысындағы қорғаныс күші ретінде дәріптеледі. Қанағат адам жаратылысына ғана берілетін, жаман әдеттерден сақтаушы имманенті субстанция болатындығын дәлелдейді.

Батыс философиясында қанағатшылдықты түсінгендер қатарына Диоген, Шопенгауэрді жатқызуға болады. А. Шопенгауэр, «мен философия арқылы үлкен байлық таппадым, тек қажеттіліктерді қанағаттандырудың мүмкіншілігіне ие болдым...» [5, 213 б.], – деп қанағат сезіміне бөленген.

Қанағатшылдық – моральдық тұрғыдан алғанда адами қасиеттердің ішіндегі ең жоғарғысы. Осы қасиетті жоғары бағалай білген Сүйінбай шешен «Қолдағыға қанағат-шүкір қылмасаң, болады бар да – арманда, жоқ та – арманда» – деп қолда барды қанағат тұтуға үндеген. «Арға мінажат етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде ынтымақ, ортасында береке, артында шүкіршілік тұрмас па?» – деген Қазыбек бидің өсиет сөзі қанағаттың ар, абырой, адалдық секілді категориялармен жақын екендігін көрсетеді. Береке-бірлікке жетудің бірден-бір жолы – қанағатшыл болуда деп түсіндіреді. Демек, қанағат – адамның моральдық болмысын құрайтын этикалық категория деген идея көтеріледі. Қазақ халқының даналық сөздері: “Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыз жалғыз атын сойғызады”, “Қоя жесең, қой қалады, тарта жесең, тай қалады” – деген тұстарды көрсеткен. Халқымыздың даналық сөздерінің әрқайсысының өз шығу тарихы бар. «Баяғыда Жетісудан шыққан екі жолаушы Бұхараға бет алған екен. Бірі дәулетті, аты Жалғыз деген кісі екен. Екіншісі кедейлеу, аты Тәңірберген болса керек. Дәулеттісі аты күйлі болған соң баратын жеріне тезірек жету үшін текіректеп шауып, ұзап кетеді. Екіншісі асықпай, атын шалдырып, жайлап жүре береді. Бірнеше күн өткенде Жалғыз тамақсаулығына басып, жолға алған азығын жеп тауысады. Содан бір тояйын деп астындағы атын сояды. Оның етін түн ішінде қорқау қасқырлар алып кетеді. Көліксіз қалған соң барар жеріне қалай жетсін, не аты, не тамағы жоқ, өлімші халде жатқанда Тәңірберген жетеді. Аты тың, азғантай малтасын қанағат

еткен. Сөйтіп ол Жалғызды мінгестіріп, малтасын бөлісіп, барар жерлеріне жетеді. Тәңірберген болмаса, анау айдалада көмусіз қалғандай екен. Жұрт арасында «қанағат қарын тойғызады, қанағатсыздық Жалғыздың атын сойғызады» деген сөз содан қалыпты. Халық даналығы қанағат ұғымының мағынасын ашу үшін оған қарама-қарсы категория қанағатсыздық ұғымын мысалға алып отыр. Халқымыз адам бойындағы моральдық сапаны қалыптастыруда даналық сөздерді орынды пайдалана білген.

Халық арасында «Қанағатсыздың көзі үлкен, ақылсыздың сөзі үлкен», «Ер азығы – қанағат», «Қанағатсыз жан пілге оқталған жалын», «Тойсаң тоба қыл», «Тойсаң тобаңнан жаңылма», «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп, құлағынан айырылыпты», «Тізеден суға белден тоба», «Ынсап сайын береке», «Тегін келген аттың тісіне қарама», «Барымен базар», «Қайғысыз қара суға семірет» және т.б. мақал-мәтелдер кездеседі. Дана халқымыз қанағат қыла отырып, шүкіршілік етуді де есте сақтау керектігін айтады. Аз нәрсеге көп қанағат қыл дей отырып адам бойындағы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейді.

Қанағат-рақым секілді моральдық қасиеттерді Асан би де өз шығармашылығында атап көрсеткен. «Арғымағың жамандап – тұлпар қайдан табарсың, түйғыныңды жамандап – сұңқар қайдан табарсың. Көлдің суын жамандап – Еділ қайдан табарсың, әкіміңді жамандап – әділ қайдан табарсың, өз барыңды жамандап – асыл қайдан табарсың. Ақ тоныңды жамандап – атлас қайдан табарсың, өз басыңды зорайтып – теңдес қайдан табарсың», – деп Асан қайғы барға қанағат тұтуды өнеге етеді. Бұл тұрғыдағы Асан қайғы өсиеттерінің этикалық жағы күштірек. Ол адам болмысына тән көрсеқызарлық, тойымсыздық секілді жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға үндейді. Қолда бардың қадірін біліп, шүкіршілік етуге шақырады.

Ақындар поэзиясындағы қанағат, ынсап, рақым секілді ұғымдардың мағынасы рухани қасиеттерге баулиды. Адам баласын сабырлылыққа, төзімділікке шақырады. С.



Назарбекұлының «Қанағат» атты өлеңі қазіргі заманға тән сипатта жазылған. Мұнда «Қолыңдағы ең асыл зат – қанағат!» делінген. Қоғамдағы келеңсіздіктерге сараптама жасай отырып, «Сол «Қанағат» – бар аранды тойдырар, тек мойында, табар сосын жаның жай», -деп түйін дейді ойын ақын. Адам баласы өз бойындағы «қанағат» сезімін ұялатып, жетілдіре отырып, моральдық сапасын байыта алады. Қанағат бір ғана сөз емес, оның анықтамасын беру үшін адамдық, сабырлылық, зерделілік секілді бірнеше адами қасиеттерді білдіретін категорияларды қолдану қажет. Яғни, қанағатшыл адамның бойында осы өлшемдердің барлығы жинақталған.

Дала ділмарлығындағы адамгершілік мінездің ең мықты серігі – қанағат пен шүкір – тәубашылдық. Қазақ би-шешендері адам мінезіндегі қанағатшылдықты – жоқтығы, шүкіршілік- тәубашылдықты – барлық – байлығы деп есептеген. Керісінше олардың қай-қайсысы да зерделілік пен сабырлық, тоқтамдылық пен ұстамдылық сезімнен туындаған, халқымыздың адамгершілік абзал құндылықтық қасиеттерінің үлгі-өнегесі ретінде дәріптелген. Мәселен, Әйтеке би:

*Дүние деген фәни бұл,  
Панасы жоқ, тұрағы жоқ.  
Шүкіршілік етіңіз, - десе,  
Тұрымбет жырау:  
Бассаң қадам ұмытта,  
Есіңде болсын таубалық,  
Бөлтірік шешен:  
Бәйтеке батыр, тәуба қыл!*

Асқынба, көпке ізет қыл, – деп келтіреді. Жүсіп Баласағұн адамгершілік мінездің бірі – “ұстамдылық, қанағат” – деп көрсеткен. Бұл айтылғандарда рух биіктігін өзіңнің ішкі әлеміңнің қасиеті мен әдетіне айналдыр дейтін идея жатыр. Адам баласы рух жемісін татпай өмірдің терең мән-мазмұнын, шын мақсатын түсіне алмайды дейтін ой айтылады. Қанағатшылдық, тәубашылық,

шүкіршілік адамның адамгершілік мінезінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Осы мінездер арқылы адамға жер бетіндегі барлық жамандық пен жақсылық алдындағы жауапкершілік жүктеледі. Қанағат – адам болмысының мәніне телінеді. Қорыта айтқанда адамның қанағаттық мінез аясында тіршілік етуі оның өмір сүру заңдылығына айналуы тиіс дейтін ойға жетелейді.

Науқасы меңдеген Төле би: «Қасаңдау емі шарифат оған ешкім таласпас, қазақ жолы қанағат ол жолдан да адаспас», – деген екен.

### Әдебиеттер:

1. Ыбырай Алтынсарин. Таң. шығ. 3 томдық. 1 том. – А-А., 1976. – 286 б.
2. Әл-Фараби Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат // Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. – Астана: «Логос – Астана» ЖШС, 2007. – 296 б.
3. Қабуснама. – Алматы: «Балауса», 1992. – 48 б.
4. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. Т.2. Аудармалар мен қара сөздер. – 200 б.
5. Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 368 б.

**Қ. ТОҚАЕВТЫҢ «АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН» МАҚАЛАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ  
АБАЙ ЭТИКАСЫ БҮГІНГІ МЕМЛЕКЕТШІЛДІКТІҢ –  
ФЕНОМЕНІ РЕТІНДЕ**

*Симтиков Жомарт Құдайбергенұлы,  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық  
Университеті «Саясаттану және әлеуметтік-философиялық  
пәндер» кафедрасының меңгерушісі,  
саяси ғылымдарының докторы, профессор*

Қазақ философиясындағы этика мәселесі сөз болғанда Абай Құнанбаевтың еңбектерінсіз елестету мүмкін емес. Шынтуайтында бүгінде Абай мен Шәкәрімнің этикалық ілімдері қазақ философиясының квинтэссенциясы ретінде қаралуы заңдылық. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды ұлт кемеңгері Абай феноменіне көңіл қоюдан бастап отыруы да бекер емес [1]. Елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетету жолында кемеңгер Абайға тең келер тұлға жоқ. Оның еңбектеріне оралып, терең де тұңғыық ойларын талдап, бүгінгі еліміздің заманауи тыныс-тіршілігін, өмірін, саяси-әлеуметтік ахуалын тағы да бір саралап, ХХІ ғасыр деңгейінде өрнектеп шығуды мақсат еткен. Кезіндегі Абай заманындағы көзқарас пен бүгінгі таңдағы ұрпақтарының ойларын зерделеген, біз қалай өмір сүріп жатырғанымызды таразыға салып сараптаған және елдің ертеңіне алаңдаушы басшының ой толғауы деп қабылдаған жөн. Мазмұны терең құндылығы жоғары, ұстанымы тұрғысынан Стратегиялық бағдарламадан кем түспейтін аса өзекті мақала болып отыр.

Алдымен, Абай (Ибраһим) Құнанбаев философ ретінде өз шығармаларына қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңғыртуды көздеген реформатор және саяси қайраткерлікке көтерілген тұлға.

Мақалада Абай Құнанбайұлын «Ұлттық болмыстың үлгісі» ретінде қарап, шығармаларындағы ұлттық жаңғыру негіздері: саналы, білімді, білікті және мәдениеті жоғары ұлтты қалыптастыру қырлары зерделенген. Оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғаны, осы идеяны барынша дәріптегені бүгінгі таңдағы ұлттық сананы сақтау мен оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік тұрғыдан аса маңызды екендігін байқаймыз. Абайдың «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» ұлтымызды биіктерге жетелейтіні бүгін ғана емес болашақта да өзектілігін жоғалтпасы анық. Абай болса: «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» – дейді [2].

Бүкіләлемдік көштің басында болуға ұмтылуымыз керек деген тарихи тұжырым түйіндей келе, біздің ұлтты қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алады деген пікірі тарихи шындық.

Ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін «біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек». Ол: «Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» – деген»[3]. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» – деді Президент [4]. Ия, ол ақиқатында солай дүние.

Абай меңзеген әділетті қоғам қалыптастыру Президент мақаласындағы «Мемлекет ісінің мүдделісі» деген тұжырымдамасында кеңінен талданған. Абай «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп

ал!»[5] – деген қағидат бүгінде, болашақта да өзектілігін жоймайды. Мемлекетімізді нығайтуда Абайдың әділетті қоғам құру идеясы Қасым-Жомарт Кемелұлының саясатының темірқазығы ретінде алынған. Баршамызға мәлім дүние, ол тек әділетті қоғамда ғана заң үстемдігі мен құқықтық қатынастар жүйесі тұрақты орын алады. Қазіргі мемлекетіміз ұстанып отырған құқықты аспектілерімізбен бұл тұжырым әбден үйлесімді шыққан. Бүгінгі таңдағы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – атты тұжырымдама дәл осы Абайдың әділетті қоғам идеясының ХХІ ғасырдағы жалғасы іспеттес. Хакім Абайдың «мемлекетшілдік» мәселесіндегі ұстанымдары бүгінгі таңдағы жалпы өркениетті мемлекеттер қағидаттарын толықтырып тұрғандай және сонымен толықтай үндестік табады.

Мемлекетті, Отанды Абайша сүю мінез арқылы болуы керек. Сол үшін мінезді өзгертіп, оның алгоритмін әрбір адам тек қана өзін-өзі тану арқылы жасауға болады. Отанға деген махаббаты өзіне, жанұясына, білім, ғылым арқылы бастау алып оянуы керек. Абайдың «Ғылым емей немене, балалықты қисаңыз» – деген өлең жолының өзінде керемет терең, этикалық философиялық мағына жатыр [6]. Бұл жердегі балалықтың мағынасы физиологиялық тұрғыдан емес. Онда білім мен ғылымға деген ізденістің соған бөлінген уақыт тұрғысынан бағаланады. Осыған орай Абайды қажеттілікке қарап оқыту керек. Оның еңбектерін, өлеңдерін, қарасөздерін механикалық тұрғыда жатқа айтудың қажеті жоқ, керісінше, жүрекпен ұғып, түсініп білу керек. Сол кезде өзінен өзі жатталып қалары сөзсіз. Бұл бүгінгі күннің ақиқаты.

Президентіміз Абайдың тілімен айтқанда: «Елімізде «Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ» азаматтар көбеймес үшін билік халыққа әрдайым құлақ түріп отырғаны жөн» – екенін айтады. Өз кезегінде Абай артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуудың жараспайтынын айтып қатты сынға алған. Осыған орай, мемлекет пен қоғам өкіддері түйткілді мәселелерді бірге талқылап, шешімін табу мақсатында құрылған «Ұлттық

қоғамдық сенім кеңесі» халықтың мұң-мұқтажын шешуде ауыз толтырып айтар шаруалар жасауда. Кеңес формальды сипат алып кетпеуі үшін ол мәселені Президент басты назарда ұстауда. Нақтырақ айтқанда, оның мүшелерімен арнайы кездесіп, жұмыс барысы жіті қадағаланып отыр. 2019 жылдан билік басындағы 9 айда Қазақстан Президенті Әкімшілігі Өтініштерді қарауды бақылау бөліміне тамыз айының басынан бері 15 669 өтініш келіп түсіп, соның 4 025-і виртуалды қабылдау арқылы жүзеге асырған. Осылардың бәріне уақытылы әрі тиісті жауап берілген. Сонымен бірге Мемлекет басшысы қызметіне кіріскелі бері 249 мемлекеттік орган басшыларын, Парламент депутаттарын, саяси партиялар мен қауымдастық өкілдерін және жеке тұлғаларды қабылдаған. (Ол туралы жеке тоқталуға болады.)

Мақалада өз кезінде Абай Құнанбаев көтерген меритократия, популизм, ысрапшылдық, бүгінгі таңдағы әлемдегі бай мен кедейлердің, білімді мен білімсіздердің, қала мен ауылдың арасының алшақтауы, орынды әрекеттің уайымқайғыны женетіні, уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай сергек болу, масылдықпен күрестің психологиялық қырлары, кәсіп пен нәсіп, шаруақорлыққа үйрену дағдыларының жаңа тәсілдерін, бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықтың жоғарылығы сияқты мәселелер салыстырмалы түрде талданған. Әрі сонымен қатар, біз бүгінде айтып жүрген эмоционалды интеллекті-іскерліктің ұйытқысы ретінде дәлелденіп, оның шын мәнінде Абай өз заманындағы нағыз еңбекқорлықтың мотиваторы екені жан-жақты дәлелденген.

Ұлттың бірегейлігіне қауіп төндіретін үрдіс бұл – популизм. Бүгінгі таңда даңғазалыққа салынудың зиянынан басқа ешбір пайдасының жоқтығы, дамуды кенжелетіп аяққа тұсау болатыны, ұлттың бірегейлігін әлсірететіні анық. Абай өз заманында ондай адамдар туралы: «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып», – деген болатын. Шын мәнісінде «бірлік – ақылға бірлік». «Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер

қыла алмайсың» – дейді хакім Абай [7]. Бүгінде сол ақиқат соншалықты өзгеріске ұшыраған жоқ.

Меритократия – уақыт талабы. Сөзбе-сөз аударғанда «лайықтылар билігі», лат. *meritus* – лайықты және көне грекше: *κράτος* – билік, басқаруды білдіреді. Бәсекеге қабілетті ел – барлық салада бәсекеге қабілетті мамандардан құрылатындығы сөзсіз. Осы орайда, меритократия қағидатын нығайту арқылы қабілетті қызметкерлерді шыңдауға, олардың кәсіби деңгейін арттыруға болады. Мансаптық модельді жүзеге асыру мақсатында, яғни мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау, оны қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету қағидатына негізделіп, ашықтық, жариялылық, әділдік принциптерімен ұштастырылуы тиіс. Ол парақор билеушілерді, ашкөз судьяларды, надан молдаларды әшкерелеп отырды. Халықтың игілігіне жету жолындағы бұл қырсықты ғылым мен білім арқылы ғана жоюға болады деп есептеді. Ол жастарға үздіксіз еңбек етіп, білім алуды міндет етіп қойды. Білім алуға жұмылған еңбек әрқашан да жемісті және ізгілікті болатынын қадап айтты. Қараңғылықтан шығар, елді өркениетке жеткізер жалғыз жол-оқу-білім екенін көзіқарақты жастарға түсіндірді. Абайдың кезіндегі «Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап» [8] – емес, жүзеге асырылып жатқан «Президенттің кадрлық резерві» сайлауалды тұғырнамада айтылғандай, болашақта еліміздің жоғары саяси истеблишментін заманға сай жаңартады.

Сонымен қатар, этиканы қазақ философиясының өзегі ретінде қоғамда болатын бай мен кедей проблемалары, білімді мен білімсіздік мәселесі, салғырттыққа салынбау арқылы кәсіп арқылы нәсібін табу, масылдықпен күрестің психологиялық қырларын жоюдың жолын Абай сол кезде-ақ айтып кетті.

Өз заманының басты ауыруы ретінде оның қойған диагнозы философты қатты алаңдатқан жағдайлар қазақтың жаппай кедейденіп, қайыршылық халге түсе бастауы, патша үкіметі шенеуініктерінің шектен шыққан озбырлығы,

жергілікті болыстардың парақорлығы мен қанағатсыз пайдакүнемдігі болды. Ол өзінің өлеңдерінде жақын туыстарына көмек қолын созбайтын сараң байларды аямай сынға алды.

Жас толқынды шаруақорлыққа үйрету дағдыларының жаңа тәсілдері, бастамашылдыққа, кәсіптегі адалдыққа баулу бүгінгі мемлекетіміздің басты назарында. Ғаламдану процесіндегі еліміздің гүлденуімен бәсекеге төтеп беруінің кепілі осы жоғарыда айтылғандар жүзеге асқан кезде болмақ. «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» – деп бабамыз кезінде көрсетсе, бүгінде талапсыздықпен күрес қоғам болып, мемлекет болып жалғатырылуда. Еліміздегі ұзақ мерзімге арналған Стратегиялық жоспарлы бағдарламаларды айтпағанда, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы жыл сайынғы Жолдаулар мен түрлі бағдарламалардың түйіні Абайдың XIX ғасырда айтып кеткен «толық адам» концепциясына әкеледі.

Ал енді ысрапшылдық – ғасырымыздың асқынған дертіне айналмас үшін біз осы бастан қамдануымыз керек. Зая кеткен әрбір сәт, бостан босқа жанып тұрған жарықтар, бет алды төгілген тамақтар, тасталған нан­дар ысырап пен тұтынудың шегі мен дәрежесінің көрінісі болса керек. Жеке тұлғаның немесе көпшіліктің қандай жағдай болмасын пайдасынан зияны көп әрі орынсыз шығындар болса – ол ысырапқа жатады. Ысырап дінімізде де, дәстүрімізде де құпталмайды. Діни тұрғыдан алар болсаңыз, бұған қатысты аят-хадистермен жазылған арнайы мақалалар баршылық. Мысалы: «Ішіндер, жеңдер, бірақ ысырап қылмаңдар. Шындығында, Алла Тағала ысырап қылушыларды сүймейді» [9]. Яғни ысырап етушілерді Ұлы Жаратушы жаратпайды дейді. Бабаларымыз ұрпағына ысырапшылдыққа бармауды, қолында бар несібе, ырыздығын берекетті де орнымен пайдалана білуді өсиет еткен. Ұлы ойшыл Абай Құнанбаев «Бес асыл іс» өлеңінде:

...Еріншек, бекер мал шашпақ,

Бес дұшпанды көрсеңіз... [10] – деп бекер мал шашушыларды яғни ысырапшыларды сынап отырып, оны адамзат



баласының бес дұшпанына кіргізеді. Ол ысырапшылықты, орынсыз малын шашуды өтірік, өсек мақтаншақтықпен бірдей ең бір жаман әдеттің қатарынан деп бағалаған. Ия, бүгінгі таңдағы еліктегіш «жаңа қазақтар» арасында қазіргі таңда да ол баршылық. Ал сол ысырапқа бармау байлық пен қанағаттың және берекенің бастауы болмақ.

Біздің қоғамымыздағы әлеуметтік жауапкершіліктің әлсірегені мәселесі «Жаңа қоғамның жанашыры» – бөлімшесінде қарастырылып, оның шешу жолдарын Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеп, бүгінгі күн биігінен соған жауап береді. «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келетінін айтады [11]. Яғни, сатылмайтын адам, адал адам – дегенді білдіреді. БҰҰ Жарғысында integrity-адалдық мағынасын ашады. «Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама». Жас ұрпақ өкілдерін – өздерінің әке-шешесі немесе әжелері мен аталарымен салыстырғанда бұл әлемде кейде өз қағидаттары мен принциптерін, ұстанымдарын ұстауы жағынан адалдыққа шақырады. Абайдың «толық адамын» түсіну үшін ең алдымен адам өзін-өзі тануы керек. Ол үшін Исламды біліп, Алланы тануы қажет. Осыларды тану арқылы «толық адамды» түсінуге болады. Оған ілім, білім, ғылым керек. Сол арқылы Абайдың хакімдігін, яғни ғалым адам екенін түсінуге болады. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты. «Толық адам» концепциясы, шындап келген де, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» – деп баса көрсетті Қасым-Жомарт Кемелұлы. Шындығында, әлем сахнасындағы өз орнымызды арамызда «толық адамның» көп болуы арқылы ойып аламыз.

«Әлемдік мәдениеттің тұлғасы» – бөлімшесінде ғаламдану жағдайындағы сын-қауіптерге жауап ретінде Абай Құнанбайұлының еңбектерімен қатар өзінің тұлғалық қасиеттерін неге пайдаланбаймыз?, «Неге қазақтың бітім-

болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?» – деген сұрақтарға жауап іздеген. Ол қазақ руханиятының бастауындағы тұлға. .. «Абай қара сөздерінің басты миссиясы – ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру» – десе Қамым-Жомарт Кемелұлы, Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтқанда «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер» [12].

Бұл бөлімшедеде Абай Құнанбаевтың әлемдік философияға, әсіресе этикалық ілімге, толеранттылықтың қазақ халқының әлемнің рухани дамуының негізгі этикалық қағидасы ретінде қосқан жаңалықтары талданып, француз ойшылы Монтеньнің жазбаларымен салыстырылған. Абайдың классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры, қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасына айналдырудың өзектілігін мәселе ретінде көтеріп, күн тәртібіне қойған. Оның дүниетанымының өзегін құрайтын өзгеше өнердің түрі-қара сөздер шындығында нақыл сөз, гибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр екені айтылған. Абайдың «кәміл мұсылман» ұғымына ерекше назар аударылып, «кәміл мұсылман» ұғымы тек қазаққа ғана емес, бүкіл мұсылман әлеміне қатысты айтылса керек» - деген тұжырым жасалған.

Осыған орай, мұсылмандықтың символына айналған пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өз туған өлкесін ғана қадірлеп қоймай, «Кімде-кім бір мұсылман елінде тұратын өзге ұлт өкіліне қиыншылық көрсетер болса, мен ол адамның дұшпанымын. Ал мен кімнің дұшпаны болсам, онымен ақырет күні жеке есептесемін», деп өзгелердің де Отаны мен өмір сүру салтына (дінге қайшы келмейтін) құрметпен қарауды үмметіне өсиет етті. Сонымен қатар, «Кімде-кім бізбен бейбіт келісімдегі өзге дін өкілін өлтірсе, жәннаттің иісін де сезбейді.....» [13] – деп, қоғамдағы әр бір ұлттың мүддесін қорғай отырып, өз заманындағы бейбітшілік пен ынтымақ бағын гүлдетте түсті. Осындай кемел саясатты ұстанған жағдайда кемел мінез

құлқымен риясыз отансүйгіштің жарқын үлгісін көрсете білуге ықпал ететін хакім Абай еңбектері біздің басты ориентіріміз болмақ. «Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы, жаңа Қазақстанның брендті ретінде әлемге танытуымыз керек» [14] – деген жан-жақты негізделген ұсыныс ретінде, әрі нақты тапсырма жүктелген. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды алыс биіктерге жетелемек.

Абай былай деп жазды: «... адамдар ұзақ уақыт бойы ең жақсы ерлерді құрметтей алды. Олардың ішіндегі ең ақылдысы мен адалы ерекше өкілеттіктерге ие болып, «Елбасы» – халықтың басшысы және «жоғарғы басшы» – қоғамның көшбасшысы деп аталды. Бұл таңдаулы адамдар барлық даулар мен сот істерін шешіп, елдің бүкіл өмірін басқарды, ал қалғандары олардың еркіне көніп және өздерінің үлкен және кішігірім істерімен айналысты» [15]. Елбасымен бірге елді жау алмайды. Бұдан қазақтың «қой асығы деменіз, қолға жақса сақа ғой» - деген мақалы тегін айтылмаса керек. Бірлігі жоқ елдің берекесі кететінін «Бас басына би болған өңкей қиқым, осылайша кетіретер елдің сиқын» – деп өлең сөзбен өрнектеді [16].

Ал мақаланың «Торқалы тойдың тағылымы» бөлімшесінде еліміздің, мемлекетіміздің алдындағы осы мәселеге байланысты атқарылатын түрлі іс-шаралардың нақты жоспары мен оны жоғары деңгейде өткізудің алгоритмі көрсетілген.

Сонымен Қ. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы негізіндегі Абай этикасы бүгінгі мемлекетшілдіктің – феномені ретінде атты мақаланы қорыта келе, Францияның ең танымал сәулеттік туындысы – Эйфель мұнарасы іспеттес Абай философиясының этикалық әлемі біздер үшін орны ерекше. «Ол туралы «орыстар үшін – Пушкин, ағылшындар – Шекспир, грузиндер үшін – Руставели қандай ұлы құбылыс болса, Абай да қазақтар үшін сондай теңдессіз құбылыс» [17] – деген болқардың бас ақыны Қайсын Кулиевтің пікіріне қолдаймыз. Ия ол ХХІ ғасырда да сондай теңдессіз ұлы құбылыс болып қала бермек. Абай шындығында әлемге ашылған терезе еді, оның жаны

жаңарып жатқан дүниенің, ғаламданудың алыстағы сарынын нақты сезе білді.

Белгілі сәулетші Густав Эйфель «Бостандық статуясының» темір құрылысын ойлап тауып жасаған, кейіннен оны Франция Америкаға сыйға тартты. Бүгінде ол АҚШ-тың белгілі символына айналып отыр. Әлемдік философияның дамуы контексіндегі қазақ философиясының дамуының өзекті мәселелеріне көңіл бөлгенде, Мұхтар Әуезовтің туған халқына арнаған сыйы «Абай жолы» романындағы ұлттық толеранттылық қазақ халқының әлемнің рухани дамуының негізгі этикалық қағидасы ретінде қарастыру арқылы рухани жаңғыру жағдайындағы қазақ философиясын зерттеудің негізгі методологиялық және теориялық қағидалары мен нұсқаулықтарына енгізіп оны жер жаһанға таратып, әрі Қазақстанның брендiне айналдыру мақсатында күш біріктірейік.

#### Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан, 9 қаңтар 2020.
2. Абайдың оныншы қара сөзі.
3. Абайдың төртінші қара сөзі.
4. Тоқаев Қ. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан, 9 қаңтар 2020.
5. Абайдың он бесінші қара сөзі.
6. Құнанбаев А. Ғылым таппай мақтанба.
7. Абайдың алтыншы қара сөзі.
8. Құнанбаев А. Күлімбайға (Болыс болдым мінеки).
9. Қасиетті Құран кәрім Ағраф сүресінің 31 аяты.
10. Құнанбаев А. Ғылым таппай мақтанба.
11. Тоқаев Қ. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан, 9 қаңтар 2020.
12. Назарбаев Н.Ә. Абайдың 150 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзі.
13. Қасиетті Құран кәрім пайғамбарымыз Мұхаммедтің сөзінен.
14. Тоқаев Қ. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан, 9 қаңтар 2020.
15. Абайдың отыз тоғызыншы қара сөзі.
16. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым қайран жұртым.
17. Қулиев К.Ш. Горы нужны, чтобы становится выше...

## АБАЙДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ҒІЛМДЕРІ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ

*Құсайынов Дәуренбек Өмірбекұлы,*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
профессоры, философия ғылымдарының докторы;*

*Аюпова Зауре Кәрімқызы,*

*Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры,  
заң ғылымдарының докторы*

Ұлттық философиямыздың негізін қалаушылар – қазақ зиялылары, ақын жыраулары, ойы озық, ақылы кең даналары елімізге егемендік алып берудің жолын іздестіріп бірі оны таппай қиналып, пессимизмге салынса, енді бірі мойынсынбай, өрлік мінез танытып, күреске, бостандыққа шақырса, үшіншілері кеңінен ойлап, бүкіл адамзат игіліктерінің биігінен толғап, осы қалыптасқан тарихи жағдайдың шиеленіскен ішкі қайшылықтарының шешімін дөп басуға ұмтылған, соған өз үлестерін қосқан. Осы үшінші ой ағымына ХІХ ғасырда қалыптасқан, ХХ ғасырдың басында жалғасқан қазақ зиялыларының ой-толғамдарын, шығармашылық қызметін жатқызуға болады, олар қазақ елінің егемендік ой-санасының алғышарты ретінде қалыптасты. Осы бағытта ұлттық рухты жаңғыртып, заман талабына сай ой-санасы жетілген адам тәрбиелеу бағытында ерекше үлгі көрсеткен Абай Құнанбаевты айтуға болады.

Ол, ағартушылық ойдың қазақ жерінде туындап, ХІХ ғасырдың екінші жартысында қаулап дамуы Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсаринның еңбектерін одан әрі дамытты. Осы үш озық шыққан ойшыл, дана тұлғалардың өмір жолдары тоғыспағанымен, бір-бірінің жазған еңбектерін білмегенімен, бұлардың көзқарастарында белгілі-бір ортақтық, тұтастық сипат бар. Осының түпкі себебі неде деп сұрасақ, алдымен олардың өмір сүрген замандарының ортақ екенін, қазақ даласына бойлап енген рухани дабылдың ортақтығын айтсақ жөн болар еді.

Тәңірісі өзіне берген кең дала, ашық аспан, күн мен ай, жер мен су, айнала қоршаған табиғаттың тау мен тасы, шүйгін шөбі мен жұпар иісті ауасы, ойы мен қыры, жайсаң жазығы мен шөлейті, әр адамның бала-шағасы, үйі-күйі туған-туысқан, елі, халқы, бейбіт өмірі, шалқыған көңіл, асқақ ойы, назы мен сазы, салт-дәстүрі, тарихы мен қазірі, өткені мен болашағы, мақсат-мұраты, дүниенің езі мен тезі - міне осының бәрін ойында орағытып өскен өміршең де өскелең, еркін де елгезек қазақтың, кең даланың еркесі, аспан астындағы серкесі болған қазақтың басына бұғалық ноқтасы тиіп, бодан болған шағында даласы тарылып, аспаны тарығып, тауы шағылып сала берді, әрине бұл процестер халық ой-санасына өзінің белгілі әсерін тигізді.

Қазақ зиялыларының ұлылығы осы тарылған тар заманда халықтың болашағын ойлап, қиын-қыстау тарихи жағдайдың астарына ден қойып, мәніне үңіліп, жаңа жол тауып, жөнге сілтеуінде. Шоқан қазақтың болашағын еуропалық игіліктерді игерумен, сөйтіп ғылым-білімін арттыруға қоғам өмірін демократиялық, саяси-құқықтық реформа жолымен өзгертуге мегзейді [1].

Ы. Алтынсарин халық болашағын оқып, білім алудың нақты практикалық жолдарымен байланыстырып, өзі мектеп ашып, орыс алфавиті негізінде қазақ әліппесін шығарып, оқулықтар жазып, халықтың сауатын көтеріп, орыс мәдениетін үйренуге шақырады [2].

Абай да халқына: еңсеңді көтер, көзінді аш, еңбек ет, оқып білім ал, басқа халықтардан өнер білімге үйрен, жамандықтан без, жақсылықты бойыңа жина дейді. Жақсылықтың (яғни адамгершіліктің) өзі оқып-білгенде, сауатынды аш, надандықтан қаш, ақыл ой жинастыр, білімді-өнерлі бол, барлық жақсылықтың, байлықтың көзі сонда, малға да, жанға да бай, оған ақылы сай адам бол дейді Абай [3].

Сонымен елдің зиялы азаматтары байырғы қазақ ойшылдарының аңсаған мақсат-мұратын, олардың дүниетанымдық ұстамдарын, игілік деп тапқан байлықтарын ұғым-нанымдарын жоққа шығармай, сонымен бірге оларды

жаңа тарихи жағдайда, мүлде заты басқа, табиғаты басқа бұрындар тысқары жатқан, әлдебір алып күштің ықпалына еріксіз түскен жағдайда, қайта карап, тереңінен ойлап, соны қорытындылармен байытып, қазақ ой өркенін жаңа да биік сатыға көтеріп береді.

Бұрын кең байтақ, көшіп-қонып, өзімен-өзі болып жатқан ел Ресейдің әсері мен бүкіл дүниежүзілік саяси-экономикалық, мәдени-өркениеттік процестің ықпалына енеді, сол бір дүлей ағымның екпінімен үлкен бір жар-тас іспеттес болып тұтасқан, тұйықталған қазақ даласы, қазақтың болмыс-бітімі, қоғами өмірі, салт-санасы, ой желісі, мінез-құлқы, екшелене түсіп, дүниежүзілік товар айналымының от-жалынының лебін сезіне бастайды. Қазақ даласы оянып, қимылдап, қозғалысқа келеді, қоғамдық өмірде әртүрлі өзгерістер басталады. Сол өзгерістерді алғаш сезген, соған сай ой кешкен, халықтың осы аумалы-төкпелі, алымды-ағымды кездегі тіршілігін, болашағын ойластырған зиялылары қайткенде қазақ баласы заманына сай болмақ, соған сай қоғам құрмақ, сол заманның жай ғана серігі болып қана қоймай, оны жасаушы, білгір де, іскер, санасы мен еркі күшті тұлғалы азаматы, серкесі болуын армандайды, соның жолын ой жүгіртіп іздестіреді. Бұл жолды оқу, білім алу, халықты ағарту, мәдениетін жан-жақты арттыру деп ұғынады, соны уағыздайды, жүзеге асыру жолдары мен тәсілдерін көрсетеді. Жаңа заман лебіне құлақ түр, соны сезін, соған сай бол, сайын даланың бал бесігінде тербетіліп ұйықтай берме, тебірен, оқы-біл, ұмтыл, алға бас, ойың мен ісің бір жерден шығатын маман бол, кертартпа мінез бен бос ойын-күлкіден аман бол, адал бол, дүние жүзінің мәдениетін, білімін меңгерген, дүниенің тетігін игерген адам бол деп айтудан талмайды халықтың зиялылары.

Абайдың шығармаларында осы ойлар әсіресе толық, әсіресе бүкпесіз айқын, әсіресе әдемі де әсем айтылған. Абайдың дүниеге деген көзқарасын, дүниетанымын қазақ ойының даму шыңы дейтініміз оны данышпан хакім дейтініміз ол – өз шығармаларында замана ағымын түсінуі,

дүниенің тылсым сырына үндес болуы, соның өз лүпіліне, дабылына сай мақаммен ойлауы, дәл басып жырлауы сол арқылы, қазақтың байырғы дүниетанымы мен жаңа заман игіліктерін синтездеуге жол ашуы, қазақтың өз айшықтарын, өзінің ұлттық тұтас тұлғасын сақтай отырып, бұрынғы тарихи белестерден өткендегі жинақтаған өміршең қасиеттерін, тәжірибесін төкпей-шашпай, заманның заңды талаптарына бейімделе дамуын көкसेп, сананың бірден-бір жолы адамгершілікке, имандылыққа берік болуы, осы жолды білгірлікпен, білімділікпен ұштастыру, мәңгі-бақи бұл жолдан таймай іздене, ұмтыла ойлау, іс қимыл жасау деп көрсетуі еді.

Бұл жолдың қиындықтарын, қайшылықтарын, қалтарыстарын талдап беріп, неден безіп, неге ұмтылу керектігін рухани азық қылып, нені арқалану қажеттігін, қазақ болашағының суреттемесін, өмір сүру кодексін, ережелерін жасап берген осы – Абай, данышпан бабамыз, десек артық болмас. Абай қазақты қатты сынаған, замана тезіне салып сынаған, дұрыс болсын, заманына сай озық болсын, елдің алды болсын, арты болмасын, қылмыс қылмасын деп сынаған, өмір сынағынан сүрінбей өтсін деп сынаған да мінеген, қазақты жаңа өмір салтына баулыған, жаманын қудалап атша жаратқан, түзеген, тазалаған, бейімдеген, бейілдеген, осылардың барлығы қазақ философиясының, философиялық мәдениетінің негізгі арқауы болып есептеледі.

Қазақ философиясы мен философиялық мәдениеті деген кезде біздің түсінігімізше ең алдымен басты-басты екі мәселені анықтап алуымыз керек. Олар қазақ философиясының генезисі (шығу тарихы) және қазақ мәдениет философиясының басталуы, қалыптасуы және дамуының ерекшеліктері.

Қазақ философиясының мәні мен мазмұны оның генезисі және басталуы арқылы айқындалмақ. Себебі әрбір ұлттық философияның бір-бірінен өзгешелігінің өзі осы, оның генезисі мен басталуында. Біз осы мәселелердің



мәнін іздегенде қазақ философиясын еліктеуге салынып өзге ұлттар, халықтар философиясының үлгісіне салмай өзіне тән менталитетінен шығарсақ, ондай жағдайда біз ешқашанда Абай дүниетанымын аттап өте алмаймыз. Осы себептерге байланысты қазақ философиясы деген ұғым Абайға келіп тіреледі. Абай философиясының арқауы адам. Әрине, бұл жаңалық емес. Қашанда болмасын даналар өз-зейіндерін адамға арнаған. Бірақ, ақын адам туралы сөзді айта келіп, оны Алланың сөзіне тірейді. Сонда, Алланың сөзі бар, адамның сөзі бар. Мәселе сөзде. Платон идея десе, Аристотель формалардың формасы десе, Абай Алла сөзі дейді.

Абай бұл тұста Алланың сөзі аксиома, сен оны ұқ, қабылда деген діни дәстүрдегі қарадүрсіндікке салмайды, ол Алланың сөзі рас, бірақ оның растығы адамның сөзі арқылы расталмақ деген өте терең философиялық концепция ұсынған.

Абай дүниетанымын зерттеуде қандай тәсілді қолдандық дегенге келсек, негізінен оның өзі қолданған тәсілді алдық. Ақын алтыншы қара сөзінде қазақтың «Өнер алды – бірлік, Ырыс алды – тірлік» деген мақалына өзінше түсінік берді. Мұндай тәсілді европада герменевтика деп атайды. Ол тек метод емес, әрі философия [4, 71 б].

Герменевтика тек қана Абайды емес, қазақ дүниетанымын, философиясын тануда өте тиімді тәсіл. Себебі, қазақ философиясы герменевтикалық мазмұнда. Қазақша ойлау жүйесі астарлап сөйлеуге негізделген. Мысалы билерді алсақ та жеткілікті [5, 125 б].

Абайдың ойлау дәрежесі өте биік, ауқымы кең. Ол өз шығармаларында аз сөзбен, саралы да сырлы сөзбен қазақ болмысының көптеген мәселелерін қойып, шешімін айтып береді, ойға салады. Оның ой толғамының негізгі дінгегі адам төңірегінде, адам болу, адами өмір сүру шарттарын анықтауында. Адам мәселесін таза күйінде, жалпы заңдылықтар тұрғысынан, адам болудың жалпылама шарттары тұрғысынан қарастыра білуі оның мәніне үңілуі, адам ететін негізгі қасиеттерін дәл анықтауы, – міне олардың бәрі

осының айғағы. Осы ретте ол адамгершілік хақында да көп толғанған, адамгершілігі жоқ адамның иманы жоқ, иманы жоқ адам ол адам емес, есуас, мақұлық «санасыз, ойсыз, жарым ес» ондайлардан «сасу», ондайларға жоламай «қашу» керек деген [3, 70 б].

Оқуға, білімге шақырғанда да Абай кең ауқымда ізденуге, дүниежүзі ғұламаларына сүйенуге, оқығаныңды, білгеніңді ізгілікпен, әдеппен ғибратпен, имандылық жолынан таймай, адам қажетіне тарту, ойын, біліктігін, адамгершілік қасиеттерін арттыруға, әділдік, бостандық, сұлулық, сүйіспеншілік тұғырына көтеруге меззейді. Сөйтіп ол жан-жақты дамыған, толықсыған, толған, адам бейнесін, тұлғасын жасайды, сол тұлға үлгісінің деңгейінен жан-жағына сын көзімен қарайды, бұл армандаған образына сай адамды таппай қиналады, «сөзіңді ұғар адам жоқ» деп қынжылады. Оның: «Баяғы жартас – бір жартас, Қыңқ етер түкті байқамас», – деп, «надандардан түңіліп», ақыл ойға құлақ салар адам таппай, «ойланар», «сөз ұғар ел» таппай шарқ ұруы, «жалғыз қалуы», қамығуы – Абай ағамыздың жүрегінің түкпірінен шыққан шынайы сезім, халқы үшін, соның болашағы үшін деген күйкі-күйзеліс, қайғы-мұң екені хақ [6, 122 б].

Абай өлеңдері адамға деген сүйіспеншілікке толы, бірақ ол жалаң сүй де күй емес, сүйіспеншіліктің ауыртпалығын, мұңлы тіпті кайырлы немесе қайғылы жақтарын да айтады, сөйтіп ой өрнегін нақтылап, нәрлеп салады. Өмірдің, тағдырдың, жалғанның екі жағы барлығын, екі жағын да ескеру, екеуіне де төзу керектігін, төзімді, қайырымды, тағатты, қанағатшыл болуға баулиды. Адамды сүй, бүкіл адамзатты сүй дейді, хақ жолы, имандылық жолы осы деуі Абайдың гуманистік ой-тебіренуінде терең мазмұнның ішкі астарын ашып берерлік қағида. Адамға қастық қылма, «адамдық атын жойма» деп, бүкіл адамзатқа, жан иесіне бір ғана, біреу де болса ұлы талап қоюы, Абайдың ақын ретіндегі, хакім ретіндегі ұлылығының белгісі [6, 122, 304 б].

Алла-тағала адамзатты махаббатпен жаратқан, олай болса әр адам, Алланы өз жанынан артық көріп сүюі ке-

рек, алланы сүю ол жаратқан бүкіл адамзатты сүюмен барабар, – міне осы үш сүю адамның иманы, сенімі, діні. Осы ақиқатты берік ұстау, сақтау, өмір азығындай арқалап өту, осыны терең білу, түсіну шарт, – сонда сен адамдығыңнан айырылмайсың. Осы үш сүюдің қарама-қарсысы, оларды бұзатын үш істен, шайтан ісі болып табылатын «пайда, мақтан, әуесқойдан» сақтан, «онан шошы» дейді Абай. Яғни ұлы ақынның айтуынша, әр адамның дүниетанымының, сенімінің түп қазығы, имандай сенер ұйытқысы адамды, адамзатты, алланы сүю; бар ойын, сана-сезімін, іс қимылын осы түп қазықтан бастама алса, соны иман тұтса, шайтан ісіне жоламаса, сонда ғана сен адамдық мәніңді сақтайсың, адам атына сай боласың. Егер осы түп қазыққа берік болмасаң, сенімің, иманың таяз болса, қаншама «руза, намаз, зекет, хаж» жасасаң да, яки иман-сенімнің сырт көрінісін, шарттарын орындағаныңмен, ішкі сенімің, иманың таза болмаса, сен адам болмайсың:

*Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті*

*Қылғанменен тартымды бермес жеміс [6, 305 б]*

Пайдакүнемдік, мақтаншақтық, әуесқойлық адамды бұзады, иман жолынан, алла жолынан тайдырады. Бұл – шайтан ісі, өйткені: бұған салынған адам алласын ұмытып, иманынан, шын сенімнен айырылады, ол адамды, адамзатты сүюден қалады, нәпсісін тыя алмай күнәға белшесінен батады. Сонан соң қаншама аллаға жалбарынып, намаз қылып, бас ұрғанмен сен мумин бола алмайсың, сен мунафик, екі жүзді адамсың, өйткені ісің шайтанның ісі, тек сөз жүзінде ғана аллалап, оған сенген боласың, иіліп құлшылық қылған боласың. Сөзің ғана емес ісің де таза болсын, имандылықты бұзбасын, адамға жамандық әкелмесін, қорламасын, қинамасын, қастық қылмасын, ісің де аллаға, адамға деген сүйіспеншілікке, махаббатқа толы болсын, – сонда ғана сен шынайы мұминсің, иманың таза, пәк адамсың [6, 304 б].

Абайдың бұл айтқандары баяғы көне грек философы Протогордың «адам-барлық заттардың өлшемі» деген афоризмін еске салады, И. Канттың «категориялы

императивімен» үндеседі. Ойыңда да, ісінде де адамды ұмытпа, ол үшін, әрине, алланы ұмытпауың керек, сенімің берік болуы керек. Әр адамның іс-қимылы, жүріс-тұрысы, қызметі басқа бір адамға залал әкелмесін, еш адамға еш-қашан қастандық ойлама да, жасама да – бұл адам өмірінің заңы, иманы. Бұдан тайған – имансыз, екіжүзді, ол адам емес шайтанға еріп, соның еліктеуіне көніп адасқан, бұзылған күнаһар бенде. Иман тазалығын сақтамаған бенденің ойы да, ісі де һарам, ол -қаскүнем, пайда табамын деп ол адамды жәбірлейді, басқа адамды сатып, оны пайдаланады, өз пайдасы үшін қолданады, қорлайды. Ол саған мақтанады, менменсиді, өзін басқалардан жоғары санайды, басқалар ол үшін тек оның тәлкегінің, пайдаға жұмсауының құралы, жымысқы ақылгөйлігінің құлы болып көрінеді. Сол сияқты мақтаншақтық пен әуесқойлық адамды азғырады, тоздырады, жеңіл-желпі өмір сүруге бастайды, үлкен адами мақсат қою, тұрлаулы оймен еңбек қылудан мұндай бенде безеді, оның сенімінде де, ісінде де тұрақ жоқ, ол жалтақ, қорқақ, жылмаң, есер. Ондай кісі адамдықтан, имандылықтан тез ада болады, одан жақсылық күтпе, оған ерме.

Абай данышпанның бұл айтқандарының үлкен тәрбиелік мәні бар. Ата-бабамыздан келе жатқан «баланы жастан» деген сөзді еске алсақ, баланы «шыр» етіп өмірге келгеннен бастап имандылық рухта тәрбиелеу керек, аллаға сендіру керек, яғни адамға деген сүйіспеншілікке, адалдыққа, ардың тазалығына баулу қажет.

Арғы жағында үлгі боларлық адами мәні, салмағы жоқ, бос мақтан, ойын-күлкі, орынсыз сөз бен іс баланың жан дүниесіне нәр бермейді. Ал басында имандылыққа толы карым-қатынас болса, балаға деген сүйіспеншілік басқаларға деген сый-құрметпен жалғасып жатса, сонда ғана тәрбиенің мәнісі бар, ондайды сезіп, көріп өскен бала, көргендігін жасайды, иманжүзді болады, жалпы адамға деген сүйіспеншілік сезім оның көкейіне нық қонады.

Қазақ халқының, қазақ елінің болашағы ұлы ақынның ойынша осындай толыққанды адамның қолында. Бақытты,

болашағы зор ел болу иманды, адамгершілігі артқан адамды тәрбиелеу дегенмен барабар. Абай тегінде қазақ қоғамындағы тұлғалы адамның рөлін терең сезінген, сондай адам ғана қоғамға ұйытқы, үлгі болатынын, ондай тұлға болмаса «өңкей нөл» қанша жиналса қоғам құрмайтынын, қара тобыр, топ болып қала беретінін білген. Бұдан қандай қорытынды жасауға болады? Маркстік-Лениндік тұрғыдан алғанда қоғамдық қатынастар жеке адамға, индивидке қарағанда алда, озық тұрғанды, индивид бұрын қалыптасқан қатынастарды бойына сіңіріп барып қана сол қоғамның төл азаматы деңгейіне көтеріледі, содан кейін ғана ол қоғамға қызмет етіп, оған белсенді өзгерістер енгізе алады, тарих субъектіге айналады.

Белгілі мағынада қоғам алғаш, адам мәні қоғамдық қатынастардың жиынтығы, қоғам қандай болса, адам да сондай. Сондықтан алдымен қоғамды күрт, революциялық жолмен өзгертіп, одан кейін сол қоғамға сай адамды қалыптастыру керек. Абай бұл мәселені мүлдем басқадай ойластырған. Қоғам өмірінің түпкілікті негізі, айқындаушы күші адам. Адам қоғамдық өмірдің бастамасы. Адамды тәрбиелеу, адамның аллаға деген сенім-нанымын арттыру, нақты мүмин қылып баулу, осы жолда елдің қамқоры, бастаушысы, ақылшысы боларлық озық тұлғалардың дүниеге келуі, солардың ақыл-ойы, білімі, ерік-күші, белсенді іс-әрекеті басқаларға үлгі болып, ел жұртты ұйытып, біріктіріп, өміршең істерге көтеретіні, – елдің, қоғамның алға басуы осы жолмен болмақ. Осындай түсінікті ұстаған Абай өзі ел басқаруға қатыспақ болып, талпынған кезі де болған, бірақ сол замандағы билікке, атаққа таластың, қазақ қоғамының патша саясаты әсерінен ыдырауы, алауыздығы, көре алмаушылықтың асқынуы Абайға дес бергізбеген...

Абайдың адам, қоғам, тәрбие туралы жазғандары, терең философиялық, этикалық, антропологиялық, мәдениет философиясы бағытында мәні бар ойлары қазіргі тәуелсіздікке қол жеткен уақытта ерекше маңызды болып, қазақты өзіне-өзін танытып, бүкіл дүниеге әйгілі қылып, қаз басып келе

жатқан ұлттық мемлекетіміздің сүйеніші, арқауы боларлық идеологиялық сипаттағы құндылықтардың негізін қалайтын ойлар жүйесіне айналып отыр. Оның «Адам бол принципі» қазақ философиясындағы этикалық бағыттың арқауы болмақ. Адам болу үшін, қазіргі қоғам талаптарына, заман талаптарына сай болу үшін неден қашу керек, неге асығу керек екендігі қазақ азаматы үшін, жүз жетпіс бес жыл өтседе әлі де өзекті мәселе болмақ. Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттік тұғыры, оның мәдени, адами болмысы, болашағы осындай терең тамырлы, өміршең идеялардан бастама алғанда ғана іске асатыны, сонда ғана ұлттық тұтастықты сақтап, бұдан бес ғасырдан астам уақыт бұрын дүниеге келген біртұтас қазақ хандығын құрған, содан кейін де қазақ атын да, затын да сөндірмеген, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген ата-бабаларымызбен мұраттаса-мұраласа, өмірлеріне жалғаса, сабақтаса, бүкіл дүниежүзілік өркениет құндылықтарын өз бойында ұлттық менталитін жоғалтпай, қайта сол негізде қабылдап, қорытып дами беретіні анық.

### **Әдебиеттер:**

1. Құсайынов Д.Ө. ХХ ғасыр басындағы қазақ философиясы: мәдениет, әлеумет, саясат мәселелері. – Алматы. Экономика баспасы, 2018. – 485 б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, Ғылым, 1995. – 360 б.
3. Абай. Книга слов. – Алма-Ата, Жазушы, 1992. – 90 б.
4. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы, Ғылым, 1995. – 184 б.
5. Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы. Оқулық. – Алматы, «Қазақ университеті», 2016. – 215 б.
6. Құнанбаев Абай. Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. 1 том. – Алматы, 2010. – 307 б.

## ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ ИММАНЕНТТІ ӘЛЕУЕТІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ СИПАТЫ

*Нұрмұратов Серік Есентайұлы,  
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институты директорының орынбасары,  
философия ғылымдарының докторы, профессор;*

*Молдағалиев Бауыржан Есқалиұлы,  
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының ғылыми қызметкері, PhD докторы*

Адамзат өмірінің барлық кезеңдерінде тарихи мұраға, оның ішкі әлеуетіне деген көзқарас бірқалыпты болмағаны белгілі. Қоғам дамуымен бірге құндылықтық басымдылықтар да өзгеріп отырды. Дегенмен, адам болмысының мәні тұрақты және маңызды болғандықтан ең жоғарғы рухани құндылықтар транстарихи, яғни ғасырлар сабақтастығына сәйкес келетін сипатта болады. Міне солардың қатарына этикалық құндылықтарды жатқызамыз. Әрине, әлеуметтік дүниеде сол этикалық құндылықтардың өзінде үнемі жаңғыру болып отырады. Бұл өзгерістер табиғи пен қоғамдағы эволюцияның көрінісі ретінде күні бүгінге дейін жүріп жатыр. Қоғамдық және тарихи процестерге жайдақ эволюционистік көзқарас сыңаржақты болар еді. Қауымдастық мәдени өткенімен үнемі бірге болмаса да, оның кейбір ұшқыны әрбір адамзат болмысының қажетті бөлігі болып өмір сүріп отыратынын мойындаймыз. Кейде өмірдегі құбылыстарға түбегейлі жаңғыруды қажет етеді. Бүкіл бұрын-соңды жинақталған тарихи өткеннің барлығының мәнінің өзіндік сипаты бар. Мәселе, сол өткенді қалай жаңдандыра аламыз, қалай оған түсіндірмелер бере аламыз. Демек, өткеннің өлі және пайдасыз жүк болып қалмауы маңызды, бізге, біздің өмірімізге терең астарлап келіп ендеген өткеннің жәдігерлері ғажайып бейнедей заманауи мәдени әлемге қайтып оралып отырады. Сондықтан, «Наурыз» сияқты ежелгі мейрамды әр жыл сайын қуана

тойлаймыз. Мерекенің арқысында біз бір-бірімізге ыстық ықыласымызды, ақ нитімізді білдіруге асығамыз.

Адамның мәдени болмысы өзі туып-өскен, тәрбиеленген мәдениеттің болмысына байланысты толысады. Ата-бабаларымыздың бізге қалдырған мұралары тек қана жетістіктерден тұрмайды, оларда жеңілістер түрінді де береді. Тарихи оқиғалардың алмасуынын тарихи процесс деп алатын болсақ, онда осы үдерісте жоғары шарықтаулар мен құлдыраулар болатыны айқын («Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген» деп жырлаған ақын Ж. Молдағалиев). Қоғамның даму және өзгеру диалектикасын мойындау арқылы дүниенің барлығының қозғалыс пен өзара байланыс заңдылығына бағынатындығын мойындаймыз. Біздің де әлеуметтік өміріміз бен рухани өміріміз де үздіксіз қозғалыста болады. Қиыншылық болған кезеңдерде біз ойланамыз, толғанамыз, келесі дамуға қайратымызды жиямыз.

Еліміз тәуелсіздіктің арқасында өткенімізді жаңаша меңгеріп, қабылдап, түсініп, өзіміздің тарихи, рухани, мәдени байлықтарымызды өзектендіріп жатырмыз. Базалық құндылықтардың берік іргетасына сүйене отырып игеретін, бүкіл әлемдік өркениетте лайықты орнымызды алатын сәт туғаны белгілі. Жалпы адамзаттың өркениет қазынасына өз үлестерін қосқан халықтардың мәдени және ғылыми мұраларын зерттеу – ғасырлар тереңінде өздерінің ізгі ойларын ұсынған ұлы адамдарың есімдерін ғана емес, әр ұлттың өзіне тән бай мәдениетін де көрсетеді. Басқа әлем халықтары сияқты қазақтар да бай, дамыған мәдени ғылыми философиялық ойлары бар халық. Мұндай халық әлемдік мәдениеттен, оның прогресінен тыс қалмауы тиіс. Міне, сондықтан тарихи құндылықтарға, дәстүрлерге, тарихи тұлғаларымыздың философиялық жүйелеріне сыни талдаудың маңыздылығы жоғары. «Сыни талдау» деген «әсіре сыншылдық» немесе нигилистік қатынас емес.

Қазіргі елімізде бірегей ұлттық біртұтастықты қалыптастыру процесі құндылықтық өмірмәнділік бағдарлармен жаңғырып отырады және қазақ халқының бай руха-



ни мұрасын игерудің маңызы артуда. Әлем мен адамды қабылдаудың біртұтастығы, әлеуметтің құндылықтық бірлігі, мейірімділік пен әділеттіліктің рухани-адамгершіліктік басымдылықтары, төзімділік пен ізгі ниеттіліктің ерекше түрлері – Ұлы Даланың барлық осындай сабақтарын қазақ философиясы өзінің бойына толықтай сіңірді.

Заманауи кезеңде «Қазақ философиясы» термині ақырындап философиялық лексиконға кірді және бұл бағыттағы зерттеулер қазақ ұлтының ментальдық ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін қажет. Табысты, серпінді дамушы қазақстандық қоғам көпшіліктің санасында қазақтардың рухани құндылықтарын орнықтыру негізінде ғана құрылуы мүмкін. Қоғамның өзекті мәселелерін жаңаша түсінуді әзірлемелеуде, қалыптасқан мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жаңғырту кезеңінде жалпыұлттық құндылықтардың орнығуына күш салушы ұлттық интеллигенцияның ерекше рөлін анықтайды. Сондықтан зайырлы және халықтың үнін естуші мемлекет туралы ерекше айтыла бастауы орынды.

Қазақтың Ұлы даласындағы ежелгі даласындағы түркі тілді мәдениеттің терең астарлы тарихына, мәдениетіне, руханиятына байыппен үңілетін болсақ, онда әлемдік мәдениетке өзіндік үлесін қосатын талай мәдени мұраның қорына тап боламыз. Ол туралы көптеген зерттеушілеріміз айтып келген және айта береді де деген ойдамыз (С. Ақатай [1], Н. Аюпов [2], Қ. Әлжан, С. Бөлекбаев, М. Бурабаев, Т. Ғабитов, Ә. Дербісәлі, І. Ерғалиев, Ғ. Есім, Д. Кішібеков, А. Қасабек, А. Қасымжанов, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Молдабеков [3], Ә. Нысанбаев [4], М. Орынбеков [5], Д. Раев, А. Тайжанов және т.б.). Елімізде фарабитанушылар, иасаутанушылар, абайтанушылар, шәкәрімтанушылар шығарашылығы өрби бастағаны, ғылыми бағыттардың пайда бола бастағаны қуантады. Бірақ бұл жерде теориялық, әдіснамалық мәселелердің айқындалуы мәселесі өте маңызды. Атеистік дүниетанымды сынаумен, мұсылмандық құндылықтарды дәріптеумен барлық зерттеу кеңістігін шектеп тастауға болмайды.

Жалпы рухани құндылықтарды анықтау мәселесі қазіргі замандағы ең өзекті тұтастай адамзат үшін маңызды дүние. Әрине, рухани байлықты барынша бағалап, ғылыми зерделеп, келесі ұрпаққа барлық қадірін түсірмей жеткізе білу қазіргі заманның зерделі қоғамының тарихи міндеті. Өткен тарихи кезеңнің құндылықтары қазіргі кезеңге, оның адамына, немесе біздің болашағымызға қандай деңгейде іргетас бола алады. «Неңдей рухани дүниені күйттеуіміз керек?» деген сауалға әзірге толық жауап берілген жоқ. Дегенмен, адамның бойындағы адамгершілік негіздерін ашу, дүниеге риясыздықпен қатынас жасау, руханилық ұстанымдарын барлық адами қатынастардың бастауына қоя білу ең негізгі мәселе. Міне осылар ғана таза рухани құндылықтар болары анық.

Қазіргі мемлекетіміздің осы руханилыққа толы игілікті істі ондаған жылдар бойы ерекше қолға алып, ғалымдардың, зерттеушілердің көмегімен үлкен мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырғаны және осы әрекеттер болашақты ойлаудан туындаған қадамдардың қатарына жататыны анық. 2003 жылдан жүзеге асырыла бастаған «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Ғылыми қазына», «Рухани жаңғыру» [6], «Ұлы дала елі» [7] мемлекеттік бағдарламалары негізінен халқымыздың тарихындағы рухани байлығымызды айқындауға, жинақтауға, жүйелеуге мүмкіндіктер берді. Бірақ болашақта атқарылар істер одан да көп болары анық. Ол туралы еліміздің президенті Қ.К. Тоқаев та өзінің баяндамаларында, мақалаларында айтып жүр [8]/

Ежелгі түркілік жазба ескерткіштері мәдениеттің біршама биік деңгейге көтеріле алғанынан хабардар етеді. Түркі мәдениеті кезеңіндегі руникалық жазулар арқылы Күлтегін ескерткішінің мәтініне назар аударып, қазіргі кезеңде оның дүниетанымдық құрылымына талдау жасауға бет бұра бастадық. Бұл тарихи ескерткіш түркілік хаткерлік мәдениетінің нағыз рухани мұрасы. «Руникалық», яғни «күпия жазулар» деген атқа ие болған ежелгі түркілердің

жазулары сияқты көне заманның тарихи белгілері әлемнің көптеген халықтарының мәдениетінен табылған. Мәселен, ежелгі Германия жерінде, Скандинавия елдерінде осындай тарихи ескерткіштердің табылғаны жөнінде кейбір деректер кездеседі. Демек, олар сол ғасырлардың имманенті рухани келбеті екені анық. Әрине, жазба ескерткіштерінің әлемнің сан алуан елдерінде, өркениеттерінде әр түрлі формада, кейіптерде көрініс бергенін тарихи зерттеулер нәтижелері көрсеткені де белгілі. Мәселен, Ежелгі Египет, Ежелгі Қытай және Үнді елдерінің жазба мәдениетіне назар аударғанына қарасақ, онда бұл мәдениеттердің әр қайсысында жазуды қолданудың өздеріне ғана тән сипаттағы әр қилылықты байқаймыз. Жазу мәдениеті философияның рухани сала ретінде пайда болуына және дамуына үлкен септігін тигізді.

Адамзат тарихының даму логикасына сәйкес түркілік мәдениеттің эволюциясында небір өзгерістер болғаны белгілі. «Түркі жазуы» – түрік хандығын құрған Естемес, Түмен, Күлтегін сияқты ел басшылары 552-744 жылдары кең қолданған жазу. Ал, енді қазіргі тәуелсіз Қазақстан территориясының өзінің әр жерінде түрлі этнографиялық зерттеулер барысында замандастарымызға оқылуы жағынан бірталай қиындықтар туғызатын руникалық сипаттағы жазба ескерткіштері кездесіп қалатындығы жөнінде ғалымдар оқтын-оқтын ғылыми ортаға мәліметтер беріп тұрады [9].

Көненің мәдени мұрасын қолдана отырып рухани жаңғыру өте маңызды. Руханият әлеуеті түгелімен жойылып кетпей, ғасырлар сабақтастығын сақтай отырып, қазіргі заманның мәдениетіне де жетіп отырған құндылықтардың қатарына алдымен этикалық ұстанымдар жатады. Қазіргі замандағы зерттеу талпыныстарымыз тарих қойнауындағы бабаларымыздың рухани әлемін, ойлау жүйесін, әлем туралы түсініктерін, пайымдауларын тереңірек біле түсу үшін, өткенге қарай отырып болашаққа қадам жасау үшін керек деген тұжырымға келе аламыз. Мәдени мұраның қазіргі мәдениетке қажетті тұстары бір қарағанда тікелей байқала қоймаса да, тарихи процестің терең астарына үңілген адам

ондағы барлық құбылыстардың өзара байланысын аңғарады, өзіне керегін іріктеп алады. Біз заманауи қазақ философиясы туралы айтқанымызда алдымен осындай іріктеу, жіктемелеу жасауға қабілетті этникалық сананы қалыптастыру, сыни зерттеуші ғалымдар қауымдастығын құру туралы айтуымыз шарт.

Түркілік мәдениеттегі тарихи жәдігерлер мен тарихи тұлғалардың ілімдері түркі тілдес көптеген халықтарға ортақ негіз бола алатындығы талас тудырмауы тиіс. Мәселен, әл-Фараби мен Қорқыт, Қашқари мен Баласағұн үшін таластардың мағынасы жоқ. Оның орнына, дәстүрлі қоғамдағы әртүрлі рухани қайнар көздер болған дүниелерді жарыққа шығарғанда, оны мәдени мұра ретінде қолданысқа енгізгенде ғана барлығымыз ұтамыз және үлкен Еуразиялық кеңістікте біріге игіліктендіретін рухани құндылықтар жүйеленеді. Ал енді өзімшілікті пен дарашылдық ұстанымы руханиятта басымдық танытса халықтар арасындағы үйлесімді қатынастар да кемиді, өзара түсінсіздік азаяды.

Әрбір халықтың өзінің этникалық генезисіне көңіл бөліп, оны талқылаудан өткізуге тырысуы ғылыми зерттеулер тұрғысынан алғанда заңды құбылыс. Осыған байланысты М.С. Орынбековтің төмендегідей тұжырымдарына көңіл аударуымызға боларлықтай: «Қазақтың ата-тегінің арғы философиясынан бастап діни сенімінде, Тәңірге табынушылығында және сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылардың мифологиясында алдыңғы орынға философиялық дүниетанымдық зәру мәселе ретінде көшпелілердің (ғұндар), малшы-егіншілердің және отырықшы тайпалардың тіршілік бағыттарының, жолдарының ара-қатынасы шығады. ... Бұның өзі көне түрік жазу мәдениетінің дүниеге келуімен астасып жататындығы белгілі» [10]. Бұл жерде автор тарихи эволюциясымыздағы әрбір кезеңнің өзіне тән құндылығы, рухани әлемі болғандығын айтып отыр.

Ортақ дүниелер қатарына көптеген түркі халықтарының руханиятының іргетасын қалаған шығармалар жатады. Мәселен, дәстүрлі қоғамдағы ерекше мәдени мұ-

раның қатарына «Оғызнама» жыры жатады. Ол жырдың маңыздылығы бірнеше түркілік халықтардың өмір тарихынан өзіндік келбеттегі құнды мағлұматтарды бере білгенінде. Осыған ұқсас жағдайды «Қорқыт ата кітабы» туралы да айтуға болады. Сырдың бойын мекен еткен Қорқыт сияқты дананың түркілік тілі музыка әуенімен, дәлірек айтқанда қобыз үнімен ғасырлардан өтіп, тарихи сабақтастық заңына бағына отырып бізге жетті. Жалпы рухани шығармашылықтың өзінше бір керемет көрінісі өнер болатын болса, оның тілін ұғыну және оны мағыналық құндылығы бар мәтін ретінде қабылдай білу біршама биік рухани деңгейі бар халықтың ғана қолынан келеді. Сондықтан IX-XI ғасырлардағы музыкалық мәдениет ортағасырлық түркілік әлемде өзінің іргетасын барынша нығайта бастағанын байқаймыз. Музыканың мағынасы тек ғана әлемдік ырғақты сезіну ғана емес, ол сонымен қатар адамның бойындағы қасиетті рухты оятып, әрбір пенденің жан дүниесін тебіrentетін құрал деңгейіне дейін көтеріле бастағанында деп тұжырымдауға болады [11].

Жоғарыда аталған түркілік заманның шығармаларының екеуінен де тәңіршілдіктің сипаты мұсылманшылдықпен салыстырғанда басым екенін байқаймыз. Бұл өз заманының тарихи ерекшелігі десе де болады. Жалпы батырлықты қастерлеген, дәріптеген көне заманда Жоғарыдағы Көк пен қара Жердің арасындағы байланыс негізінен адам арқылы жасалатындығына күмән болмаған және ол түркілердің дүниеге көзқарасында терең орын алып, бұл қатынасқа деген толық сенім көрініс беріп отырады. Ал, енді тотемдік ұғымдардың орын алуы, кейбір қасиетті хайуандардың әлі де халықтың ділінде сақталып келе жатқанын алғашқы түркілік шығармалардан айқын аңғарамыз.

Қазақ халқының түркілік кезеңінде көптеген аңыздар, ертегілер, дастандар, батырлар жырлары қалыптаса бастайды. Олар нағыз халықтық дүниетанымның негізін құрап, этникалық дамудың даралылығын танытатын сипаттарды жасауға іргетас болатындай құдіретке ие бола алған

еді. Әрине, бұндай процестер барлық халықтардың тарихында орын алғаны белгілі. Дегенмен, сөз қадірін жоғары қойған халықтар үшін жоғарыдағы рухани байлықтың маңыздылығы өте-мөте биік болғанын атап өтуіміз керек. Түркілік замандағы философияға аса үлкен еңбек сіңірген ғұламалардың қатарына Әбу Насыр әл-Фарабиді жатқызамыз. Оның философиялық мұрасына арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы ауқымындағы арнаулы томдар бар. Сондықтан «Екінші Ұстаздың» ғаламат еңбектері рухани байлығымыздың сүбелі жақтарын құрайтынын есте ұстаймыз. Ал, енді Қазақстанның түркілік дәуірдегі территориясына исламның рухани бағдар ретінде келуі үлкен оқиға болғаны белгілі. Бұл тұрғыдан қандай діни философиямыз болғанына ерекше том арналды. Әсіресе, Қожа Ахмет Иасауи сияқты түркілік әлемге аса зор ықпал еткен сопылық сипаттағы исламның өкілінің дүниетанымдық айшықтары өзінше бір жүйе болып табылады. Кейінгі тарихи кезеңдерде қазақ жерінде сопылық философия дәстүрі қалыптасты.

Ал енді философиялық ойды тек дінмен ғана байланыстармай біз рухани дүниенің барлық салаларымен ағастыра аламыз. Әсіресе, әлемге деген қатынасты поэтикалық сипатта жеткізу біздің халқымыздың түркілік тарихы мен одан кейінгі қазақтың ақын-жыраулар тарихындағы ерекшелігіміз. Әрине, поэзия философиядан алыс дүние емес. Бірақ олардың айырмасы да бар. Поэтикалық формадағы философиялық ойдың тұжырымдалуы көбінесе терең даналық ойларды халықтың санасына жақындатуға ықпал етеді. Өкінішке орай, негізінен рационалистік, яғни ұғымдық, түсініктік пішіндегі философиялық жүйені ұстанған мәдениеттер мен өркениеттер осындай жолмен жеткізілген даналық үлгілеріне үстірт көзқараста болып келді. Әсіресе, Батыстық парадигмаларға бас иген заманда «түркілік дәуірде философиялық жүйелер бола қоймаған, тек әрбір ойшылдың дүниетанымының әр түрлі қырларын зерттеуге, айқындауға болады» деген сыңаржақты пікірлерге кездесіп қаламыз.

Қазіргі тарихи кезеңде Қазақстанның зияткерлік кеңістігінде қазақ философиясын зерделеу бойынша және оның жоғарғы мектепте дәрістелуіне инновациялық көзқарастар қалыптасуда. Себебі, жаңа заман өзінің ерекшеліктерімен ғылым мен білім салаларына жаңа талаптар қояда. Халықаралық деңгейдегі ғылымның дамуы жоғарғы біліммен биік деңгейде интеграцияланғаны белгілі. Ғылымдағы жаңа жетістіктер білім беру процесінде уақытылы ендеп, практика жүзінде қолданысын тауып отырады. Атақты университеттер құрылымына теориялық ғылымдарды зерттеу орталықтары да кіреді. Міне осыған орай қазақ философиясын зерттеу және қоғамның рухани жаңғыруы процесіне қолдану қырларын айқындау бойынша еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу оындары белсенді қадамдар жасауы тиіс. Міне, осы өркениеттік бағытта қоғамдық санамызда бұрыннан қалыптасып қалған стереотиптерді жеңіп, университеттердегі жоғары деңгейдегі интеграциялық үдерістерді өрбітуге тиістіміз. Бұл дегеніңіз қазақ философиясының тарихи болмысына және оның рухани әлеуетіне сыни талдауға жетелеу деген сөз. Сондықтан осы бағытта еліміздегі ғылыми-зерттеу институттары жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып әртүрлі рухани мәдениет үшін құндылықтық сипаттағы перспективалық қызметтер атқару қажет.

Әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Абайдың 175 жылдығын тойлау және іс-шараларды өткізу елімізде қазіргі кезеңде қашықтық режимде өтіп жатқаны белгілі. Дегенмен, осы екі қомақты да маңызды оқиғаның астарында жалпы қазақ халқының философиясының даналыққа рухани байлығын игеру міндеті тұрғаны белгілі. Қазіргі тарихи кезеңде гуманитарлық ғылым саласының мамандары жоғары білім кешендерінде қызмет атқарып жүрген оқытушылармен шығармашылық ынтымақтастықта болғаны өте қажет. Міне сонда ғана студент жастарымызға сапалы білім беру мүмкіндігі ұлғаяды және еліміздегі жалпыұлттық бірегейліктің қалыптастыру процестері

үйлесімді арнаға түсері анық. Елдің бірлігі тек рухани біртұтастықты үгіттеген, оның маңыздылығын айқындаған уақытта ғана әлеуметтік болмыстың шындығына айналады.

### Әдебиеттер:

1. Акатай С.Н. Мироззренческий синкретизм казахов (Истоки народной мысли). Выпуск 1. – Алматы, 1993. – 152 с.
2. Аюпов Н.Г., Нысанбаев Ә.Н., Габитов Т.Х. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006. – 168 с.
3. Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 459 б.
4. Нысанбаев Ә. Қазақ философиясы. Тегеран, 2002. – 97 б.
5. Орынбеков М.С. Қазақ философиясына кіріспе // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1993. № 3. 16-24 б.
6. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // <http://www.akorda.kz>. 27.09.2019.
7. Назарбаев Н.А. Семь граней Великой Степи // <http://www.akorda.kz>. 27.09.2019.
8. Токаев К.К. Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана. Послание Главы государства народу Казахстана // <http://www.akorda.kz>. 21.10.2019.
9. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы, 2003. – 368 с.
10. Орынбеков М.С. Қазақ философиясына кіріспе // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1993. № 3. 16-24 б.
11. Қорқыт Ата кітабы. Түрік тілінен ауд. Б. Ысқақов. – Алматы: Жазушы, 1994. – 160 б.



## «ТРИ ИСТИНЫ» ШАКАРИМА – НРАВСТВЕННЫЙ ЗАВЕТ ПОТОМКАМ

*Бегалинов Алибек Серикбекович,  
ассоциированный профессор МУИТ, доктор PhD,  
кандидат философских наук (РФ);*

*Бегалинова Калимаш Капсамаровна,  
профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор философских наук*

Среди возвращённых произведений Шакарима особое место занимает философский трактат «Три Истины», явившийся итогом 28-летней исследовательской работы учёного. «Три Истины» писались в переломное в исторической судьбе казахского народа время. Первая русская революция, первая мировая война, Февральская, Октябрьская революции и другие события находили живой отклик и в казахских степях. Они не могли оставить равнодушным, спокойным и безучастным Шакарима. Боль за свой народ, его будущее толкали мыслителя к мучительному поиску путей выхода из кризиса. Если просвещённые народы все свои духовные потенции, знания и силы используют для истребления себе подобных, то что остаётся народам, которые находятся в пути к свету, – не раз задаёт себе вопрос мыслитель. Трагизм Шакарима усиливается и в связи со смертью близких ему людей, особенно его учителя, которого он обожествлял, родного дяди Абая, младших братьев Магауи и Акылбая... Потеря дорогих ему людей превращает весь внутренний духовный мир Шакарима, чрезвычайно обостряя чувство конечности и зыбкости человеческого существования, заставляет по-новому взглянуть на проблемы жизни и смерти, о подлинном и неподлинном существовании, о достижении человеком счастья. «Бул кунде дурыс иман жок, шатак дін нэпсі тыйган жок, Акылы саудын ойына Алдамшы діндер сыйган жок», – дейді Шакарим [1, с. 11].

В поисках ответа на смысложизненные вопросы мыслитель обращается не только к древней мудрости, но и к современной религиозной и философской литературе, демонстрируя при этом большую философскую эрудицию. В «Началах слова» («Созбасы») Шакарим задаётся вопросом: «Тук білімсіз куш пе екен? Тіпті мінсіз, кемшіліксіз, Есті қылган іс пе екен?». Другими словами – существует ли начало у мира, отчего в Универсуме постоянно происходят процессы изменения и обновления?

Поиск всеобъемлющего, универсального онтологического основания Универсума приводит Шакарима к вечной философской идее Хозяина – Творца, Абсолюта, Истины. Что есть Истина? К сожалению, говорит Шакарим, ни материализм, ни идеализм не приблизились к Истине. Анализируя и сопоставляя две позиции – материалистическую и идеалистическую, Шакарим предлагает свой специфический вариант решения этой проблемы. При этом он опирается на следующие, сформулированные им в «Началах слова», основные принципы: 1). Исследующий должен быть осведомлённым в разных религиях и науках. При этом он не должен оказаться в плену чьих-то воззрений, даже если эти воззрения исходят от «замечательного человека». Как говорит Шакарим, «Пәленше – екен былай айткан, демек, ол акикат, шындық деу – ғылым жолы емес». 2). Исследующий должен полностью раскрепостить свой разум, прежде чем принимать на веру положения, сказанные авторитетной личностью, необходимо их критически осмыслить и переработать. «...Ақылдын әбден шын босатып, сол екі жолдағылардын жазган кітап, айткан соз, қылган істері пәм оларга карсы айткан создердін бәрін ноктасыз, наукасыз сау ақыл мен сынау керек». 3). Исследующий должен выносить на суд народа положения, которые он считает верными. «Және озінін мынау жон дегенін халық алдына салганы жон. Неге десен, кайсысы болса да әбден сыналып, тазарган сон шын болмақ». 4). Исследующий всегда должен помнить о преемственности историко-филосо-

софского процесса. «Ешкандай да козкарас істуссіз жогалып кетпей ді, кайта уакыт талабына байланысты, жангырып отырады» [2, с. 6]. Подробно разрабатывая эти принципы, Шакарим признаётся, что путь к Истине не всегда прямой, он сопряжён с многочисленными ошибками, пересмотром многих основ, ранее считавшихся аксиоматическими. Исходя из этих положений, Шакарим приступает к анализу материалистической картины мира, отталкиваясь при этом от эволюционной теории Дарвина. Мыслитель говорит, что всё живое, что существует на этом свете, начиная от мельчайших, невидимых глазу созданий до самого человека, печётся о благополучии и продолжении своего рода. Это называется «борьбой за существование». Одни люди ищут блага и счастье для себя, другие – для рода-племени, третьи – для всего человечества. Но достижение человеком полного счастья на этом свете невозможно. «Ведь, если мы стремимся к подлинному человеческому счастью, пишет Шакарим, – необходимо знать – правда или нет, что существует Хозяин-Творец и некая посмертная жизнь? Если правда, надо побеспокоиться и о ней с тем, чтобы человек обрёл это счастье, а если выдумка, надо, отбросив пустые старания, всецело заняться делами на этом свете» [2, с. 6-7]. Чтобы разрешить эту дилемму, человек должен руководствоваться объективным, трезвым бесстрастным умом, свободным от предрассудков. Как говорит Шакарим, «Эйтпесе адам эдет, кумар, нанымьнан шыга алмай, аркан дауды ат сиякты болады» [2, с. 7]. Истину человек должен видеть и воспринимать не просто глазами, а глазами разума, утверждает мыслитель.

Останавливаясь на материалистических исследованиях П. Гассенди, Р. Декарта, И. Ньютона, К. Линнея, на открытиях электрона и света, Шакарим приводит аргументы мыслителей, отрицавших существование разумного Хозяина-Творца: во-первых, путь кругообращения. «Первопричина всех существующих, исчезающих, хотя и изменяющихся, способных к росту и развитию, вещей – атом, наделённый

силой вещества», во-вторых, всё, что реально существует в мире, – это путь естественного происхождения, в-третьих, путь сородства. «Творца – нет, поскольку, как уже говорилось, всё существующее создаётся самопроизвольно», в-четвёртых, чувственные восприятия. «Всякую вещь мы прежде всего постигаем чувствами... Если бы существовал разумный создатель-хозяин, отпала бы всякая необходимость в подобных природных причинах», в-пятых, многообразии. «Посмотреть на этот мир, сколько в нём многообразного... О чём это говорит? Да о том, что каждая вещь происходит сама по себе. Из этого видно, что Творца нет» [2, с. 9]. С этими материалистическими аргументами, отрицавшими Хозяина-Творца, можно было бы согласиться, говорит мыслитель. Но как быть с явлениями магнетизма, спиритизма, телепатии? Как объяснить такие сверхприродные способности человека действием особой энергии своей души усыплять другого и внушать ему те или иные действия или поступки (магнетизм), или вызывание духов умерших (спиритизм), или умение устроить переключку духов умерших (телепатия)? Шакарим утверждает, что раз эти явления существуют, значит, они должны заслуживать внимания исследователя. Следует заметить, что заслугой Шакарима является то, что во времена, когда господствовал партикуляризм (материализм), он обращает внимание на явления явно невещественные – магнетизм, спиритизм, телепатию, которые не изучались наукой. Эти явления, говорит Шакарим, не создаются и не движутся сами по себе. У них есть своя причина. Но у данной причины так же должна быть причина. Тогда должна быть коренная беспричинная причина. И этой беспричинной причиной Шакарим называет Создателя. Таким образом, Шакарим приходит к выводу о существовании Создателя, Хозяина-Творца. Вопрос «Кто же Верховный Творец?» Шакарим оставляет открытым, ограничившись замечанием, что этого не могли понять и объяснить муллы старой религии, поскольку любая из религии

слаба и неопытна в познании тайн происхождения всего сущего [2, с. 17].

В философии Шакарима так же, как в философии Абая, проблема человека и мира решается в духе целостного мировоззрения. И поэтому, не случайно, в произведении «Три истины» мыслитель ставит вопрос об Истине – Что есть Истина? Шакарим предлагает специфическое решение этой проблемы. Он выделяет три истины. Первая истина – это истина религии, которая основывается на вере в сверхъестественное. И это сверхъестественное есть Аллах. Вторая истина – это истина науки. Третьей истиной он называет истину человеческой души, цементирующую основу которой составляет Совесть. Именно Совесть пронизывает собой истину веры и истину науки. Она являет собой потребность души, стремящейся к праведной, духовно-нравственной жизни. Шакарим показывает, насколько сложен, тернист путь человека к Истине, поскольку её невозможно познать с помощью чувств. Истину человек должен видеть и воспринимать глазами Разума. Таков один из основополагающих выводов мыслителя.

Стремясь исследовать сущность Хозяина-Творца, Шакарим приходит к открытию, что Истина пребывает в душе каждого человека, которая, по его мнению, «живёт» самостоятельной жизнью. Первейшей потребностью души является совесть, которую он называет «Уждан». «Человеческую скромность, справедливость, доброту в их единстве я называю русским словом – совесть... Сердце человека, так и не поверившего в это, не смогут очистить ни одна наука, никакое искусство, ни один путь и никакой закон... Но, если человек в полной мере уверует в то, что совесть – это первейшая потребность души, ничто не сможет сделать его сердце чёрным и чёрствым», – писал Шакарим [2]. Провозглашая три жизненные Истины, а именно: в вечно изменяющемся Универсуме всё имеет своей причиной Хозяина-Творца; этот Творец наделил всё живое и даже неживое душой, которая после смерти тела живёт своей самостоятельной жизнью; чтобы

после смерти тела душа была возвышенна и спокойна, человеку надлежит жить по совести, согласно Уждан, Шакарим призывает людей следовать им в своей мирской жизни. Три Истины, заключает мыслитель, это и есть та самая крепкая опора для духовного возвышения Человека.

Как видим, смысложизненные проблемы, выстраданные и вынесенные в произведениях Шакарима, не утратили своей актуальности и в наше время, когда общество остро испытывает дефицит подлинной веры, нравственности.

Шакарим один из немногих философов, который рассматривал Совесть не просто как нравственно-этическую, а как важнейшую философскую категорию, являющейся субстанцией, основой мироздания. В этом плане она первична, существует до человека, она эквивалентна Космосу и, появляясь на свет, человек соприкасается с такой Совестью, вбирает её в себя. Такая трактовка Совести делает Шакарима мыслителем мирового масштаба, равным Бердяеву Н. и многим другим русским мыслителям XX столетия, которые глубоко ставили и высоко ценили проблемы нравственности. Нравственность у них была равна Богу.

деген жырында жақсылықты мақтап, дәріптейді, жамандықты сөгіп, елге жиіркенішті етіп көрсетеді. Адамның аласы да, құласы да бар, жаманы да, жақсысы да бар, ада-лы да, арамы да бар. Жақсы өзін кең ұстайды. «Жаман адам кетсе, дүние кеңіп қалғандай болады. Жақсы адам кетсе дүние кеміп қалғандай болады. Қандай ауыр сөз! Сонымен бірге қандай әділ сөз!» – дейді Т. Рысқалиев [4, 197 б.]. Бірақ мұндай сөзді айтпау мүмкін емес, халқымыз осындай сөзбен жақсылықты сезіндіріп, жамандықтан безіндіріп отырған. «Жақсылықтың ешбір айнымайтын өлшемі – адамдардың әлеммен қатынасында да, өзара қатынастарында да, олардың ешқашан өшпес құндылықтар екенін мойындап, олардың жалпы дүние болуының негіздерін сақтау, қастерлеу және оны бұзатын, былғайтын, оны тәрк ететіннің бәрін де жамандық деп қарау», – дейді Қ. Әбішев [5, 259 б.].

Жақсылық – өте кең этикалық категория. Қоғамдық өмірдің шын дерегі адамгершілік негізіндегі жақсылық пен жамандық категориясы жатыр. Жақсы адам мен жаман адам жайлы ақын-жыраулар көп жырлаған. Мысалы, Шалкиіз жырау «Шағырмақ бұлт жай тастар» деп басталатын толғауында жұртты әділдік пен жақсылыққа үндеп, жамандықтан аулақ болуды нақыл сөздермен жырлайды:

*Бір жақсымен дос болсаң,  
Азбас, тозбас мүлк етер.  
Бір жаманмен дос болсаң,  
Күндердің күні болғанда  
Жұмыла ғаламға күлкі етер [1, 50 б.].*

Шал ақын жақсы жомарт, ізгі адам мен қайырымсыз, жаман адамды салыстырып сипаттайды:

*Айдынды жақсы аймен тең,  
Жомарт жігіт баймен тең.  
Шешен жігіт дүрмен тең,  
Ақыды жоқ надандар,  
Іс бітірмес жамандар  
Жүз болса да бірмен тең [1, 56 б.].*

Жақсылықтың отын маздататын да, жамандықтың түйінін бықсытатын да адам деген ой айтылады. Сондықтан ол жақсылық қайдан шығады, жақсы адам дегеніміз кімдер, жамандық неден туады, жаман адамдар қандай деген мәселені сөз қылады.

Ақтамберді жырау шығармалары гуманистік, адамгершілік идеяларды көтеріп, пендешілікті, өзімшілдікті сынайды.

*Мал-басы өскен адамның, Алды-арты бұрқан бу болар  
Көтере алмай дәулетін Көрінгенге қыр қылар... [1, 75 б.].*

Өмірдегі қиыншылықтармен күресіп, ерінбей еңбек етсе, сол еңбектің жемісін жеп, бақ-дәулет орнайды. Өмірдің қызығы, елдің тыныштығы тату-тәтті бірлікте. Бірлігінен айрылма, Бірлікте бар қасиет, – дейді.

Шалкиіз жырау көп оқыған, көп нәрсені тоқыған сынды да, сындарлы қайраткерлік деңгейге жеткен. Жорықта, айтыс жанжалда ел мен ердің құны қатар сынға түсті. Ел ерлерсіз, ер өз елінсіз бабына келмеді. Қысылтаяң кезде тума туыстан сүйеніш іздеді, жұрттан суырылып шығар дарадан тірегін көздеді. Ерлер кімдер еді, нендей қасиетімен үлгі еді? Ерлердің «алдаспаннан игі қолы», «жеңсізден игі тоны», «арғымақтан игі малы болар ма» – дейді Шалкиіз жырау. Шалкиіз дүрліккен, деміккен елге бас-көз болатын ханның бейнесін іздестіреді. Байсалды, батыл, ұстамды хан, сұлтан ол үшін алдаспан. Пиғылы теріс хан іс етсе, ол «жиған малыңды тәрік етер, ат-тоныңды бұлды етер, өз басыңды олжа етер». Хан Темірдің осындай қиқарлығын көрген Шалкиіз одан алшақтайды. Шалкиіз жырау жау жағадан алғанда, ел бірлігінен артық қорған жоқтығын былай ескерті:

*Жоғары қарап оқ атпа,  
Жуық түсер қасыңа.  
Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа,  
Күндердің күні болғанда  
Сол жаман айғақ болар басыңа [1, 44 б.]*

Бақыт мұраттың сезімдік эмоциялық формасы болып табылады. Бақыт ұғымы белгілі бір нақты объективті жағдайды немесе адамның субъективті күйін сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге адам өмірінің қалай болуы керек екендігі, ол үшін ненің игілікті бола алатыны туралы түсініктерді де саралайды. Бақыттың мазмұны әр адамның өз өмірінің мұраты мен мағынасын қалай түсінуіне байланысты. Бақыт пен мұрат ұғымдары адамның іс-әрекеттерімен тығыз байланыста айтылып, көркемдік бейнелермен көмкеріліп, көшпелі қоғамның далалық болмысымен шынайы ыңғайласып, бірлікте тұрады. Бақыт ұғымының өзі адамдардың достығына, сүйіспеншілігіне, қайырымдылығына негізделеді.

Ақын-жыраулар өмірді қадірлеп, оны мәнді өткізуге шақырды. Адамның өмірлік мұраты не, соған ұмтылуы керек. Дәулет, байлық адамға жолдас болмайды, олардың соңына түскен адам өкінумен өтеді. Ондай адамда дос болмайды. Өздерінің адамға, олардың тағдырына қатынасын өз жырларымен ақыл-кеңес, өсиет айта отырып білдіреді. Өмір қысқа, сондықтан алға ұмтылып, елге жақсы істеріңмен көрінуің керек. Өзің үшін, ұрпағыңның қамы үшін еңбектену керек екенін Ақтамберді жырау жақсы айтқан. Тірі жан-жануардың бәрі тіршілік үшін еңбектенбекші. Тең құрбыңнан кем қалмай, дәулетке ие болу әр адамның мақсаты. Бірақ оны қол жайып, сұрап ала алмайсың, өз күшіңе, өз талабыңа сенім артуың қажет, сол жолда ерінбей еңбек етсең, сол еңбегіңнің жемісін жейсің деген ойды мына жырында әдемі пайымдаған:

*Көк көгершін, көгершін,  
Көкқұтан ұшар жем үшін.  
Тем, тем үшін, тем үшін.*

*Тең құрбыдан кем үшін.  
Әркім өзі талпынбақ,  
Басына бітер бағы үшін [1,67 б.]*

Ақтамберді туған жер, Отан тілегін бірінші орынға қояды. Татулықты, мейірімділікті, батырлықты көксейді. Адамның артықшылығы жомарт, жайдары мінезінде, ақылы мен білімінде деп көрсетеді. Ер-азамат, сұлтандар, байлар мен жарлылар бәрі бір мақсатта болса деп армандайды. Халық арасындағы қайшылықты ағайыншылықпен шешуге үндейді. Асан Қайғының «Жерұйықты» іздеуі де осы әділеттілікті, халықты бақытқа апаратын жолды іздеу еді. Ол әділетті болу адамның өзіне байланысты екендігін әсерлі жеткізе білді. Әділеттілік орнатудың негізі әлеуметтік келелі тіршілік мүдделеріне қарай иландыру, икемдеу, оның өрісін кеңейту, кеңістікті пайдалану, уақытты бос өткізбеу болып саналады. Асан Қайғы хан мен халықты бірігіп қимылдауға, бірігіп әрекеттенуге шақырды. Ол халық тілегін ханға жеткізуші ғана емес, оның орындалуына жол ашқан саяси тұлға еді. Ал Канттың «Мәңгі бейбіт өмірге» трактатын қарастырсақ, ол үшін ең қымбат нәрсе – адам өмірі. Адам өмірін сақтау үшін бейбітшілік орнату керек, адамдар бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруі керек дейді. Бұл саяси мәселенің негізі – жер бетіндегі тіршілікті, адам өмірін сақтау. Сондықтан адам мәнді өмір сүру үшін күресуі, еңбектенуі, тығырықтан шығатын жолды іздеуі керек. «Өмір, дүние туралы толғанысқа түскен адамның тиянақты тұжырымға келуі екіталай іс. Дүние болмысы туралы мінсіз ой қалдырған данышпан жоқ. Олардың бәрі терең сөздер айтқан, бірақ ешқайсысы өмір мәнін ашып бере алмаған» [6, 477 б.] . Жыраулар адамның өмір туралы, өмірдегі оның орны туралы ойлануға, рухани жетілуге шақырады, өз өмірін анықтау, мәнді өмірге жету әр адамның өз қолында деп түсіндіреді. Өмірге адам болып келдің бе, адам болып өмір сүр, адамгершілік қасиеттерді бойыңа жина, сонда мәнді өмірге жетесің деп бізді үйретеді.

Жыраулардың әр сөзі және әр образы өнерімізде жеңіп алған көркемдік ықпал мен моральдық бедел ғана емес, сонымен қоса, бірінші кезекте, авторлардың өзіне бағындыратын күш қуаты, сол шабытты қуаттың атқарған қызметінің жемісі. Жыраулардың арманы қазақ жұртын қабырғалы мемлекет қатарына қосу болды. Халықтың басын біріктіреміз деп талай қиындықты бастан кешірді, алдаспан жырлары ханды да, қараны да аямады. Олардың әрбір жырын жеке бір тарих деуге болады, себебі сол кездегі халықтың әр қадамын бейнелеп, құнды мәліметтер беріп отырады.

Қазақ мемлекетінің негізі елдің рулық ара қатынасынан құралса, оның қайнар бұлағы туысқандық, мейірімділік сезімнің артуы арқылы құралатынын жыраулар жақсы түсінді. Ол кездегі алға қойған саяси-әлеуметтік талап қазақ деген ұлттық сананы рулық, жүздік ұғымның шеңберінен асырып, түбі бір тұтас мемлекеттік дәрежеге көтеру болды.

### **Әдебиеттер:**

1. Бес ғасыр жырлайды: ХҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. (Құрастырған. М.Мағауин, М.Байділдаев). – Алматы: Жазушы, Т.І. 1984. – 256 б.
2. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы, «Ана тілі». – 1993. – 104-б.
3. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең – Алматы: Ғылым, 1999. – 256 с.
4. Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері. – Алматы: Ақыл кітабы. – 1999. – 237 б.
5. Әбішев Қ.Ә. Философия. – Алматы, 1999. – 264 б.
6. Кант И. Собрание сочинении. – М.; Чоро, 1984. Т.3. – 741 с.

## АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ – ҚАЗАҚ ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМІНІҢ БАСТАУЫ

*Еділбаева Сания Жакенқызы,*  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасы,  
философия ғылымыдарының докторы;

*Жылысбаев Жұман Дүйсебайұлы,*  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ философия  
кафедрасының оқытушысы;

*Абдрасилова Гауһар Зұлқарқызы,*  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия кафедрасының  
доценті м.а., философия ғылымдарының кандидаты

Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – қазақ мәдениетіне, поэзиясына ғана емес, қазақ философиясына жаңа мазмұн ендірген ойшыл. Атап айтқанда, Абай Құнанбайұлы – қазақтың экзистенциалистік философиясының негізін қалаушы.

Экзистенциализм (латынша *exsistehntia* – тіршілік, өмір сүру) – адамның жеке бас мәселелері, адам тіршілігінің қиыншылықтары, таңдау мәселесі арқау болатын философиялық бағыт. Экзистенциализмнің басты тақырыбы – тұлғаның ішкі әлемі, тағдыры, адам болмысы және таңдау мәселесі. Экзистенциализмде «болмыс» – онтологиялық мағынада емес, жеке адамға қатысты, субъективтіліктің алғашқылығы, біріншілігі ретінде қарастырылады. Индивид ойларының ағынын оның тіршілігі мен уайым-сезімдері құрайды.

Экзистенциализмнің өзекті ұғымдарының бірі «инферналдылық». Инферна (латынның «дозақтық» сөзінен) тығырық, тұйық, жабық жағдай дегенді білдіреді. Болмыстың инферналдылығы адам өміріндегі басты мағына. Өйткені өмірге келген алғашқы сәттен бастап жасалатын әрбір әрекет пен қадам – өлімге қарай жасалатын қадам. Өлім инферналды – яғни, болмай қоймайтын құбылыс. Мұны



әркім түсінеді. Біздің санамыз өлу, өлім құбылысы туралы ойдан қашып, өлім алдындағы үрейді рационалдандырып ығыстырғанымен, өлім факт ретінде өмірдің әрбір сәтіне қатысып отырады. Алайда, экзистенциализмнің басты сұрағы – өлім емес, өмірде: туылу мен өлу аралығындағы өмірде – инферналды болмыста, адамның сол аралықта өзін-өзі ұғынып, сезініп, жүзеге асырып үлгеруінде. Өйткені адам өмірінің мәні – сол адамның өз мәні.

Экзистенциализм тұрғысынан, адам бастапқыда ешбір мәнге ие емес. Оның тәндік тіршілігінде тұлғалық, даралық болмысын анықтайтын айрықшалық жоқ. Әрбір адам – сол адамның өз жобасынан басқа ештеңе де емес. Адам тіршілігі өз-өзін қаншалықты жүзеге асыруына байланысты. Адам өзін – тек өзі ғана жасайды. Абай шығармашылығының негізгі тақырыбы осы мәселелер. «Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға», деп қанаттандырады ақын. Әркімнің өз жанының тылсым тереңінде жатқан мәңгі дүниенің өлмес-жойылмас өзегін ашуына, табуына үндейді. Адам тіршілігінің бірегейлігі, жердегі тіршілігінің құндылығы, әрбір адам жанының қайталанбас сонылығы идеясы – Абай тұжырымдамасындағы басты идея.

*Жүрегімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.*

Шығармаларында өмірдегі орнын иеленуге, адамшылыққа, сұлулыққа ұмтылу жоғарғы қасиет екенін айтудан жалықпайды.

*Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар, қалан!*

Адам – өз тағдырының қожасы және құрушысы. Шығармашылық мүмкіндігін іске асырып өзін-өзі жетілдіре алады. Жетілдіруі тиіс. Сонда ғана ол бұл өмірдегі өз миссиясын орындайды. Абай өлеңдерінде адамның жан-

күйінің көрсеткіші болып табылатын негізгі категориялар қарастырылады.

Экзистенциализмнің негізінде экзистенция және эссенция ұғымдары жатыр. Салыстырма ретінде, жануар бұл дүниеге өз программасымен (мән-мағынасымен) келеді. Адам баласы туылғанда дүниеге алдымен оның мағынасыз тәні келіп материалды дүниеден орын алады. Содан кейін ғана ол шынайы мәндер мен мағыналар әлеміне енеді.

Экзистенциализмде «шекаралық ахуал» деген категорияға көп көңіл бөлінеді. «Аралық ахуал» – өмір мен өлімнің арасына тап болып, үрей мен түңіліс сәгін бастан кешу. Тек осылай, өміріне қатер төніп жан дүниесі терең сілкініске ұшырағанда, «осы өмірде болу не жойылу» тебіренісінің негізінде ғана адам тез жетіліп, өз өмірінің қайталанбас ерекше мән-мағынасын ұғына алады.

Экзистенциализм адам бостандығына, еріктілігіне, таңдау еркіндігіне ерекше көңіл бөледі. Еріктілік – «қажеттілікті ұғыну» немесе «табиғи дарынды іске асыру» емес. Бостандық, азаттық, еркіндік – экзистенция. Яғни – өмір сүру, тіршілік. Адам дегеніміз – өзін өзінен жасайтын пенде. Адам – өз-өзінің өзіндік жобасы. Ол – өз жобасынан басқа ештеңе де емес. Адамды бұл дүниеде ешбір нәрсе билей де, басқара да алмайды. Адамның себебі тек өзінде. Ол өз-өзіне «causa sui». «Cogito» арқылы өзін және өзгені тану.

Ал еріктілік дегеніміз – таңдау. Әрине, ерікті пенде ретінде адам ойына не келсе соны істей алады. Алайда ол өз істеріне өзі ғана жауапты. Яғни, адам бостандығы қанша болса, жауапкершілігі де сонша. Сондықтан Ж.-П. Сартр: «Еріктілік дегеніміз – адамға артылған адамгершіліктің ауыр жүгі» деп тұжырымдады. Адам – тек өз ісіне ғана емес, басқаларға да жауапкер. Өз-өзін жете түсінудің арқыл өзгелермен етене іштесіп, бөгденің сырын жіті ұғынады.

Адам экзистенциясының негізгі ерекшеліктерінің бірі – трансценденттелу, яғни өз шегінен асу. Сонда, адам өз шеңберінен асып өтіп не нәрсеге жеткісі келеді? Экзистенция дегеніміз – өзінің шектілігін, яғни уақытша екенін

сезінетін, «ештеңеге» (өз өмірінің шегіне, яғни өз өліміне) бағытталған адам өмірі. Тіршілік пен мәннің, болу мен бола алудың, таным мен түсінудің арасындағы өз жолын, өз тағдырын тек өзі ғана таңдауы.

Өзінің «Болмыс пен уақыт» еңбегінде Хайдеггер адамның өмір-тіршілігін «Dasein» деген ұғыммен береді. Осы ұғым арқылы ол адамның – тарихи болмыс екенін, яғни «тап қазір, осы сәтте» ғана өмір сүріп жатқанын жеткізгісі келді. Дүниеде адамнан басқа ешбір тіршілік өзінің шектілігін, өлетіндігін білмейді. Олай болса, тек адамға ғана уақытшалық, шектілік, өмірде болу және болу-болмау қайшылығын түйсіну тән. Экзистенциалды философияның негізгі мақсаты – осы, тап қазір өмір сүріп жатқан адамның ішкі тебіренісін зерттеу, өмір тәжірибесін талдау. Бұл Хайдеггер құрған жаңа онтология. Яғни, уақытпен шеңберленген адам болмысы. Осы сәтте, тап осы арада өмір сүріп, өзгелермен коммуникацияға түсу.

Экзистенциализмнің ерекшеліктерінің бірі – жеке адам мен әлеуметтік болмысты бір-біріне қарсы қою, адам болмысының екі қырының бір-бірімен ымыраласпайтынын көрсету. Бұл – адам болмысының қайшылықтылығын бейнелейді. Мысалы, экзистенциалды философия тұрғысынан индустриалды қоғам адамының болмысы – бейшынайы. Конвейерден шыққан ұқсас заттар сияқты, адамдар біртектеніп, бір тұлға екіншісін оңай алмастырады. Адамдар бірін-бірі ауыстыра алатындықтан, «басқа адам» дегеніміз – ол «түбегейлі өзге тұлға» емес, «жалпы алғанда, басқаша». Мұндай жағдайда «анау да», «мынау да» – шынайы субъект емес. Мұндай, тобыр адамын Хайдеггер «das Man» деген термин арқылы береді. Ал адамның шынайы болмысы дегеніміз – уақыт шеңберінде шектелген, тарихи тұрғыдан тұсалған пенде екенін сезіне отырып өзінің тобыр емес, құл немесе қуыршақ емес, бас бостандығына ие тірі тіршілік екендігін, таңдауға еріктілігін ұғу. «Шынайы болмысқа ие болу» – күнделікті күйкі тіршіліктен бас тартып, өмірінің шегіне – өз өліміне («ничто»-ештеңеге) батыл да нық қарай алатын күйге жету.

Бейшынайы болмысты аттап өту үшін адамдар бір-бірімен қосылып «абсурдты дүниеге», оның шектілігіне, өлімге, жалпы дүниенің жетілмегендігіне, мәнсіздігіне қарсы көтерілуі керек, деп түйеді француз ойшылы А.Камю.

Діни экзистенциализм бұл мәселенің шешімін басқаша ұсынады.

Адамның қоғамға толық бағыныштылығы, «барлық адамдар сияқты», «басқалармен бірге», «өмір ағынымен», «көпшен көрген – ұлы той» деп, өз «Менін» танымай, өз тұлғасының бірегейлігін сезінбей, өзінің шын ұмтылысы мен орнын іздемей-таппай өтуі – жалған тіршілік (жалған экзистенция).

Қоғамдық қысымнан арылу, ерікті, саналы таңдау жасап, өзін-өзі дәл тауып, өз тағдырының қожайынына айналу – нағыз тіршілік (шынайы экзистенция) екенін алғаш болып жариялаған Кьеркегор адам адам тіршілігінің үш кезеңі туралы маңызды ой айтқаны белгілі. Нағыз тіршілік дегеніміз – экзистенция. Өзінің нағыз экзистенциясына (тіршілігіне) барар жолда адам үш кезеңнен өтеді: эстетикалық, этикалық, діни. Осы кезеңдерге сәйкес Кьеркегор адамдарды 4 топқа бөледі: пенде (обыватель, Spidsborgeren), эстет (Æstetikeren), этик (Estetikeren), діндар адам (Den religiøse). Қарапайым пенде өз айналасындағылар сияқты өмір сүреді: жұмыс істейді, отбасы құрады, көпшіліктен көргенін жасап, өзгелер сияқты тіршілік кешуге ұмтылады. Ол өмір ағынына бойсұнып, тобырлық инстинктіні басшылыққа алады, өз тіршілігін өзгертуді ойламайды. Өйткені ол таңдауға ерікті екенін білмейді. Дегенмен, қаншалықты ойсыз өмір сүрсе де, коммуникация барысында өз өресіне сымайтын, танымынан асатын жағдайларға тап болып түңіліске ұшырайды. Адам өмірі – түңіліс пен үмітсіздіктер тізбегі, деп санайды Кьеркегор. Түңіліс – бір жағынан, адам табиғатының нәзіктігінен және адамзаттың бастапқы күнәһарлығынан туындаса, екінші жағынан – Құдайға жақын келудің жалғыз мүмкіндігі. Кьеркегор адам тіршілігінің үш сатысына сәйкес келетін үш түрлі түңіліс түрін жіктеді:

Адам тіршілігінің кезеңдері	Экзистенцияның түрі	Бұл кезеңдегі адам тіршілігінің сипаты	Адам тіршілігінің үш сатысына сәйкес келетін үш түрлі түңіліс түрі
1-кезең	Эстетикалық	<p><b>Эстетикалық кезеңде адам өмірін сыртқы жағдайлар анықтайды.</b> Адам «ағын жетегімен жүзіп», тек рахатқа ұмтылады. Эстет өзіннің таңдауға құқы, еркі бар екенін, басқаларға қосылмауға, ермеуге болатындығын білмейді. Рахат-ләззатқа толы өмір жолын таңдайды. Дәмді тағам, сапалы шарап, көрікті әйелдер ұнайды. Жауапкер-шілік пен парыз, ненің дұрыс, ненің бұрыстығы туралы есте ойламайды. Өмірден ләззат алып, «бір күндік» тіршілік кешеді. Қызықты нәрсе болмаса, іші пысады. Нәтижесінде өз өмірінің мәнсіз, бос екендігін сезінеді. Мұндай уайымдар түңілу сезіміне ұласып, адам әрекетін ақыл-ой, парасат пен борыш басқаратын этикалық сатыға жетелейді.</p>	<p><b>1. «Мүмкіндіктің түңілісі».</b> Эстет адамның үміт артқан жағдайларының іске аспауынан туындайды. Ондай адам өз санасында өз «Менін», өз қиялындағыдай ақылды, сымбатты әрі күшті өзге «Менмен» алмастыруға тырысады. Өз-өзі болудан қашу түңілісі өздіктің (самость) ыдырауына әкеліп тірейді. Жекелеген эстетикалық ләззаттар біртұтас емес, фрагментарлы ғана болғандықтан, адам «Мені» құм сияқты, жекелеген сәттердің қиыршығына айналады.</p>
2-кезең	Этикалық	<p><b>Этикалық кезеңде адам ерікті таңдау жасап, саналы түрде өзін таңдайды.</b> Ол адамның басшылыққа алатыны – борыш. Этикке өз өмірі бос сияқты көрінбейді. Ол жақсы мен жаманды, ізгілік пен зұлымдықты аңдайды. Пәк әйелмен отбасы құру, жарын аялау және оған адал болу қажет деп санайды. Тек жақсы істер атқарып, жамандықтан аулақ болғысы келеді. Дегенмен, этикалық сатыда эстетикалық сезім біржолата жоғалмайды. Адам этикалық пен эстетикалықтың арасында ауытқумен болады. Соның нәтижесінде адам екі өмірсаптың (эстетикалық пен этикалықтың) да аясының тарлығын, шектеулілігін айқын сезініп, күйінеді. Мұндай түңіліс дискретті түрде адамды рухани сатыға жетелейді.</p>	<p><b>2. «Азаматтық түңіліс».</b> Этик адамның өзімен-өзі болуға ұмтылысының, адамгершіліктік әрекеттерінің нәтижесі. Ол үшін «Мен» – кездейсоқ «эстетикалық» ләззаттардың жиынтығы емес, өз тұлғасын өз бетінше қалыптастырудың нәтижесі. Бірақ «Менді» жасау үшін жеке басының әрекеттері ғана жеткілікті деп сенген адамның «астамшылығы» түңіліспен аяқталады. Ол өзіннің шектілігі мен «Құдай сияқты» асақтыққа көтеріле алмасын ұғынады.</p>

3-кезең	Діни	<p><b>Адамға сезім мен ақылдың билігіне көнбейтін жүрек сенімі жетекшілік етеді.</b> Діни кезеңде адам өз қалауын толық та терең сезінеді. Құдайдың ғана мінсіз, ал адамның жетілмегендігіне көзі жетеді. Өзінің күнәһарлығын, сондықтан Құдайды қажетсінегіндігін ұғынады. Осы сәттен бастап сыртқы дүние мәнсізденіп, оның өмір жолына кедергі бола алмайды. Өмірінің соңына дейін діндар адам (Иисус Христос сияқты) барлық азап пен сыртқы жағдайларды жеңіп, өз тағдырын қайыспай жалғастырады.</p>	<p><b>3. «Абсолютті түңіліс».</b> Діндар адамға тән түңіліс түрі. Мұндай түңіліс – Құдайдың дүниеден теріс айналғандығын, дүниенің Құдайсыз қалғандығын ұғынудан және өзінің жаһандағы, жалғандағы және Құдай алдындағы жалғыздығын ұғынудан туындайды. Ақиқат сенім – діни дәстүрді игерудің нәтижесі емес. Нағыз сенім– абсолютті жалғыздықта қалған адамның еркін де жауапты таңдауы.</p>
---------	------	--	--

Үрей – онтологиялық тұрғыдан азат болғанмен бастапқы күнәһарлық белгісі бар, сондықтан ажалды, шекті тіршілік иесі ретінде адамға тән. Бұл жерде хайуанатқа тән физиологиялық реакцияны айтып жатқан жоқпыз. Бұл жердегі әңгіме – адамның өз тіршілігінің шектілігін, өз ажалын жеңе алмасын ұғынудан және өз бостандығын дұрыс пайдалана алмау қорқынышынан туындайтын адами уайымдары туралы. Сондықтан, экзистенциалды үрей - адам бостандығының көрініс беретін сәті.

Құнанбайдың үлкен үміт күткен аса зерек ұлы, «әулетімді ұшпаққа жеткізеді» деген үміт артып 30 жасында болыстыққа сайлатқан Абайы осы, адам тіршілігінің (экзистенциясының) үш кезеңін толығымен бастан кешіп, артқы ұрпаққа өзінің таптырмас, баға жетпес рухани ой-жауһарларын қалдырды. Эстетикалық кезеңде жастық жалын, ыстық сезім жетегімен барынша раһат өмірге ұмтылды. Бас айналдырар қуанышты сезімдерін лирикалық және тұрпайы физиологиялық өлеңдерінде паш етті. Қызығы мол қысқа шақты барынша түйсінуге талпынып маһаббат сыйына толы тіршілік кешті. Жауапкершілік пен парыз жайлы ойламауға тырысты.

Ақыл тоқтатып, парасат пен борышқа негізделетін этикалық сатыға 40 тан асқан шағында көтерілді.

Болыстықтың екі сайлауынан кейін орнына інісін отырғызып, шығармашылықпен шұғылдану үшін әкімшілік биліктен алшақтады. «Қолымды мерзімінен кеш сермедім», деп білім-тәжірибесінің олқылығына қынжылды, шәкірт жинап, әділетті де пайдалы істер атқарып, айналасындағыларды жетілдіргісі келеді. Алайда, мешеу қоғамның кертартпалығы, озық пен тозықтың толассыз күресі қажытып, өз ауылдастарының өмірсалтының және сол кездегі қазақ қоғамының әкімшілік-басқару жүйесі аясының тарлығына, шектеулілігіне күйінеді.

Өмірінің мәнісін еместігін, өз ұрпағының әлдеқайда сауатты болып, саналы тіршілік кешіп, елін ілгері сүйрейтініне сенуге тырысты. Тағдырдың соққысы алдымен дарынды ұлы Әбдірахманның қазасы түрінде келіп жетті. Арманда кеткен жас қыршынның уайымы абсолютті түңіліске ұласып, рухани сатыға бет бұрды. «Алла тағала – шексіз, біздің ақылымыз – шекті. Өлшеулімен өлшеусізді өлшеп болмайды» (38-сөз), «Мен» және «менікі» категорияларын қарастыра келіп: «Мен» – жан, «менікі» – адам денесі, ал: «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «менікі» өлсе өлсін, оған беки» – деп, тән өлгенімен жан өлмейді деп, өлмес жан туралы, мәңгілік, шексіздік жайлы ой қорытады. «Мен» және «менікі» деп метафизикалық түрде адамның рухани дүниесі мен тән тіршілігін, биологиялық болмысының қарама-қарсылығын және пәни дүние мен о дүниенің жігін ажыратып, уақытша мен мәңгілік, шекті мен шексіз, жалпы, жеке, даралықты көрсетеді. Елге таныла бастаған ақын ұлы Мағауияның дүниеден өтуі соңғы демін тоқтаты.

Ойымызды түйіндейтін болсақ, Абай – алғашқы қазақ экзистенциалисі. Ойшылдың өмірі де, шығармашылығы да экзистенциалистік философия. Абай өз өмірінің түрлі сәттеріне жан-тәнімен құлаш ұрып, өз экзистенциясына толығымен беріледі. Өткеніне өкінбейді, қателіктерін мойындаудан жалтармайды, келешекпен өмір сүрмейді. Тіршілігінің әрбір кезеңінен қорытынды жасап, тәжірибесімен бөлісіп, риясыздықпен, шынайы құндылықтарды

ұсынады. Сондықтан Абай философиясы – экзистенциалды философия.

Абай ілімі әсіресе қазіргі ұрпақ үшін аса маңызды. Гаджеттер мен селфилер заманында жастар өмірлік жоспарлар құрып, өз-өздеріне уәделер беріп жатады. Артынша олардан оңай бас тартып, өз өмірі алдындағы ішкі жауапкершілікті елемей, сәт-сайынғы сезімдік-психологиялық, моральдық құбылуларға бой алдырады. Ондай көпбейнелілік, көпүәделілік пен көпсөздәлэк біртіндеп, қалыпты жағдайға айналып, адам өзін тұлға ретінде жоғалтады. Сонда, «тұлғалық шынайылық қайсы?», «әрбір адамның өз-өзіне деген сенімінің шекарасы қайда және қандай болмақ?» және «адамның жаны қалайтын идеалды образ бенен шынайы бейнесі арасындағы айырмашылықты жоюға бола ма?» – деген сұрақтар туады.

Жоспарлар мен үміттердің іске аспай, адамның өзін-өзі неге абыройсыз етуінің сырын түсіну үшін бұл процесте когнитивті және аксиологиялық жаңсақтық бар екенін ескеру қажет. Мәселе – өз әрекеті мен өмірін жоспарлау процесіне екі адам қатысатынында: олар – тап қазіргі сіз және болашақтағы сіз. Өзін-өзі алдау танымдық бұрмалаудан туындайды. Болашағыңыз - өзіңізді тап қазір қалай сезінетініңізге, өз мақсатыңыз жолындағы қажырлы әрекетіңізге байланысты. Яғни, қазіргі күйіңіз керемет болып жүйелі іс атқарып жүрген болсаңыз – тамаша! Дегенмен, қазіргі базаңыз ертеңгі «сіздің» күйіңіздің кепілі бола алмауы мүмкін.

Барлығымыз да жақсы өмірге қол жеткізгіміз келеді. Сол жолда кездесетін жоғалтулар мен жайсыздықтар болатынын ескермеуге тырысамыз. Мысалы, білгір маманға айналу, шет тілін игеру, немесе артық салмақтан арылып сымбатты мүсінге ие болуды жоспарладық, дейік. Бұл жағдайда ерік-қайрат, темірдей тәртіп, өзіндік бақылау, жайсыздықтарға төзімділік – шешуші рөл атқарады. Яғни, адам әрдайым таңдау жағдайында болып, «өзіне баратын жолда сансыз рет өзгереді». Өз-өзін іздеп, сәт сайын өз тіршілігінің шарттарын



өзгертумен, жетілдірумен болады. Адам тіршілігінің мәні – өзіне берілген уақыт ішінде өз-өзін жүзеге асыруда. Алайда, басты мәселе – сол процестің құндылықтық-жасампаздық сипатында. Әдіс-тәсіл мақсатты ақтамайтындығында.

Қазіргі алғыр да ынталы жастардың екі әлемде – сандық (виртуалды) және тәндік (реалды) дүниеде – қатар өмір сүруге мүмкіндігі бар, олар бірінен екіншісіне оңай ауысады. Уақыт-сағаты жеткенше. Ал өмір қысымы күшейе түсіп шиеленіске тап болғанда олар қандай әлемнен, бас тартады, қай дүниеде жасырынады: реалдыда немесе виртуалдыда? Екі экзистенцияның жасампаз қырларын меңгеріп, виртуалдыдан жағымды идеялар жинап, реалды өмірдегі қиындықты жеңіп үйренген сенімді тұлға қалыптасса – еліміздегі оқу-тәрбие жүйесі бағытының ақиқаттығы.

#### Әдебиеттер:

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 1961. – 213-б.
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
3. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.
5. Абдрасилова Г.З. Философия: тарихи-теориялық курс. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 780 б.
6. Орынбеков М. Философские взгляды Абая. – Алматы, 1995. – С. 114.
7. Абдрасилова Г.З. Шәкәрім философиясы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 131 б. – 91-93-беттер.
8. Еділбаева С.Ж. Философия (сызбылар мен кестелерде). Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 172 б.
9. Едильбаева С.Ж. История и философия образования. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 305 с.
10. Еділбаева С.Ж. Білім беру: модерн және постмодерн кеңістігінде. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 310 б.

## ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫЕ СМЫСЛЫ ТРАДИЦИОННОГО ПОЛИТИЧЕСКОГО ОПЫТА БИЕВ

**Әлжан Қуаныш Ұзақбайұлы,**  
*ведущий научный сотрудник Института философии,  
политологии и религиоведения КН МОН РК,  
кандидат философских наук, доцент*

*«Биде қырық кісінің ары, білімі бар»  
(Би обладает чистой совестью  
и знаниями сорока человек)*

**Қаныш Сәтбаев**

Поставленная нами проблема связана с темой «Казахское ханство», поэтому, руководствуясь основными структурными элементами политической системы государства, иерархией отношений в системе государственного управления и образами духовных личностей всего казахского общества (интеллигенция, аристократия), мы выделили структуру «Хан-Би-Батыр-Жырау-Акын».

В этой связи, исходя из того, что смысложизненные принципы и мировоззрения ханов, батыров, жырау-акынов, были исследованы и осмыслены в предыдущих наших статьях, здесь же мы абрисно рассмотрим (тем самым восполнив главный элемент (бии) социально-политической структуры казахского общества, выделенную нами выше), духовно-нравственные ценности и социальный статус казахских биев, соответствующие бытию нации в эпоху «Золотого века» порядка, законности и справедливости (А.И. Левшин). При этом выявляется и особенность избранного нами методологического подхода.

Философское исследование имеет, как правило, две разновидности: подход с точки зрения всеобщего и подход с точки зрения индивидуального. Первый характерен для философии рационалистического толка, где важнейшую роль

играют универсально-всеобщие определения (категории), тогда как второй наиболее свойствен иррационалистическим направлениям философии, прежде всего – экзистенциализму. Понятно, что при исследовании человеческой реальности в первом случае теряется ее индивидуально-личностное содержание, а во втором – всеобщая определенность, универсальные законы человеческого бытия. Избранная нами методология призвана снять указанное противоречие путем исследования не всеобщих или индивидуальных аспектов проблемы, а ее особенного содержания. Особенное, как известно, представляет собой разрешение противоречия всеобщего и единичного, что в нашем случае означает исследование эпохи Казахского ханства через рассмотрение основных социальных типов того времени, а не общественных классов или конкретных персоналий.

В казахском обществе институт биев был не только ядром духовности, но и центром решения конкретных жизненных проблем. Они были барометрами здоровья нации. Как верно подметил выдающийся ученый, мыслитель современности, академик Салык Зиманович Зиманов «Казахские бии как носители судебной власти за неординарную деятельность в которой преобладали **нравственные критерии**, в записях русских обозревателей Степного края XIX века называются «глашатаями правды» (А. Словохотов), «умными и правдивыми» (И. Крафт), людьми «строгой справедливости» (И. Козлов), а по роду деятельности «естественными посредниками спорящих сторон».

Они формировались и могли исполнять эту миссию в условиях свободы самовыражения, демократии и народовластия, которые были характерны для внутреннего устройства общества казахских кочевников и в Казахских ханствах. Периоды безраздельной их гегемонии и власти в обществе, насчитывающие много веков, прочно отложились в памяти народной как «Золотой век» законности и порядка (А.И. Левшин).

То, что такое было в истории, до еще на территории громадного региона Центральной Азии, лежащего в цивилиза-

ций, и то, что оно **имеет современное звучание** делает эту проблематику **весьма актуальной»** [1, с. 121].

Феномен бия в социально-историческом ракурсе несет в себе следующее смысловое содержание.

С политической точки зрения основное содержание функций бия заключается в общественном регулировании, в полном охвате проблем обеспечения человеческих прав, свобод и обязанностей в правовом пространстве. Би выступает как хранитель прав и свобод людей, совершенствует их, модернизирует жизнь общества. Функции бия на уровне общечеловеческих и национальных ценностей заключается в мудром разрешении сложных проблем, касающихся ответственности и свободы, суверенитета и независимости: би является носителем и образцом соблюдения норм ответственности и свобод в их социальном, политическом и культурном измерении.

С социальной точки зрения бии суть те, кто, будучи носителями теоретических знаний о социальной справедливости, не спекулируют данными идеями, а используют их в реальной жизни общества для достижения конкретных результатов. Би всегда сводит конфликтную ситуацию к благоприятному завершению, постоянно находится в экзистенции самопознания; будучи представителем интеллигенции, является центральным институтом социализации личности.

С духовно-культурной точки зрения би является личностью, строго следующей принципам гуманизма, достигшей высшего уровня социальной справедливости, с развитым и пытливым умом, встретившей на своем пути и лишения, и достижения, не отдаляющейся ни от хана, ни от простого народа, совмещающей в себе знание образованность и высокую нравственность. Необходимо отметить, что именно бии внесли особый вклад в развитие казахской духовности. Изданные биями решения посредством «Совета биев» (подобно современному парламенту) передавались из уст в уста, распространялись по всей казахской степи, а высказывания, касающиеся общих смысложизненных проблем, вошли в

копилку мудрости народа, некоторые стали пословицами и поговорками.

Например, «Родителей оценишь, когда сам станешь родителем» (Шалкиіз); «С исконным врагом мира не будет» (Бухар жырау); «Ели шестеро порознь, то все кончится одними разговорами. Если четверо вместе, то они достигнут вершины» (Майқы би) и т.д.

Высказывания биев не только позволяли решать жизненные проблемы и разрешать судебные споры. Они по праву претендуют на уровень философских, мировоззренческих размышлений.

На вопрос хана «Что в мире бессмертно?» бии ответили: «Бессмертны текущая вода, высокие горы, солнце и луна на небе, земля», на что Жиренше би-шешен сказал:

*«Смерть текущей воды – замерзнуть на полгода зимой.*

*Смерть высоких гор – вершины тучами покрылись.*

*Смерть солнца и луны – их закат.*

*Смерть черной земли – сокрыться под снегом.*

*Смерть, наступающая внезапно, – Ловушка Бога.*

*В мире что бессмертно?*

*Имя доброго человека,*

*Труд ученого бессмертны» [2, с. 317].*

Действительно, если сравнить в тысячелетней истории труд ремесленников и богачей, волостных и власть имущих, то труды ученых обладают безусловной жизнеспособностью.

Толе би «Бір бала бар – атаға жете туады, Бір бала бар – атадан өте туады, Бір бала бар – кері кете туады» – «У иного сын будет равным отцу, у другого – будет лучше отца, У кого-то – будет хуже».

Бала би на склоне лет собрал свой народ и спросил: «Что тяжелее земли? Что глубже воды? Что горячее огня? Что выше неба?». Никто не смог ответить, и тогда он дал ответ сам:

*«Тяжелее земли – знание и ум.  
Глубже воды – наука, образование.  
Горячее огня – брэнная жизнь человека.  
Выше неба – душа гордеца» [2, с. 31].*

Высказывания биев носит именно смысложизненный, философский характер С.Н. Акатай дал следующую характеристику этим образцам мысли: «Красноречивые высказывания не только являются жанром устной литературы, но и умозаключениями народа о жизни, заключениями, обосновывающими фундаментальную мировоззренческую идею о происхождении жизни, формой духовного познания мира, иными словами, сборником взглядов и мыслей о закономерностях природы, человека и общества» [3, с. 45-46].

Д.С. Раев характеризовал содержание и логическую систему мудрых высказываний казахской степи следующим образом: «В ораторских высказываниях заключаются вся система коммуникации кочевников казахской степи, традиционная национальная логика мировоззрения и ритм движения» [4, с. 8].

В трудные моменты жизни выдающиеся деятели казахского общества (в том числе и Абай) обращались к мудрым словам и мыслям биев, к сокровищам народно-речевой культуры, которые прочно вошли в морально-правовое сознание народа и определяли во многом содержание его традиционного менталитета, хотя сегодня многие из них потеряны.

Они сформулированы в кратких и выразительно-содержательных изречениях-афоризмах: «Шыннан өзге құдай жоқ» – «Нет бога выше правды»; «Малым жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» – «Материальное богатство должно служить духовности, а в духовности главное честь», т.е. в человеке его совесть, честь и достоинство являются высшими ценностями.

«Атаның баласы болма, адамның баласы бол» – «Не будь сыном только своего отца, а будь сыном человека»; «Туғанына бұрғаны – биді құдай ұрғаны» – «Нет большей

божеской кары для бия-судьи, чем его пристрастие в пользу родственника»; «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ» – «Камень не имеет корня, также и би не имеет родственника»; «Атаңның құлы айтса да, әділдікке басыңды и» – «Поклонись справедливости, если она высказана даже и рабом твоего отца»; «Әдет әдет емес, жөн әдет» – «Справедливость выше правил обычаев»; «Би төрттің құлы: адал еңбек, таза ниет, тереі ой, әділдік» – «Би – раб четырех господ, которыми являются: честный труд, благородство мысли, глубокомыслие и справедливость»; «Елге бай құт емес, би құт» – «Не от богатого богатеет страна, а от умного бия»\*.

Именно бии имели эти качества и осуществляли универсальный подход к жизни. На них держались все здание ценностей народной демократии и народовластия, государственности в полном смысле слова. Би хранил в голове всю «теорию и практику» судебный разбирательств, всю «конституцию и законы», решал дела так, как это диктовало ему мировоззрение, основанное на духовных смыслах и этических кодексах культурной этносферы казахов.

Именно такое богатство и мощь этнической энергии биев явилось предпосылкой жизнеспособности нации и возрождению заново.

Реальную фигуру биев в казахской истории в процессе неоднократного повторения идентификации трудно переоценить. Би не был ханом. Но по социальному авторитету он часто стоял выше правителей. В народе всегда бытовало убеждение: «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары, білімі бар» - «Хан олицетворяет умы сорока лиц, а би олицетворяет совесть, достоинство и интеллект сорока лиц».

Деятельность биев было максимально приближено к самому народу, к логике его жизни и выражало известную духовно-нравственную суть и его устремлений к свободе.

---

\* Все эти интеллектуальные «афоризмы» (приведены малая толика народной мудрости) заимствованы и процитированы из великолепной научной статьи С.З. Зиманова «Казахской суд биев – общекультурная ценность».

Подводя итог, отметим, что необходим новый взгляд на историю, нам следует избавиться от дискриминации в ней нашего национального прошлого, если говорить обобщенно, не просто возрождать нашу духовность как нечто утраченное, ни использовать во благо жизни общества те ее истинные не устаревающие абсолютные аспекты, осознать значимость нравственных образцов той эпохи для решения общественных противоречий, самооценку их мировоззренческо-воспитательной функций.

Например, наша историческая ценность, искусство айтыса, на сегодняшний день соответствует современным вкусам общества и пользуется большим спросом.

Исходя из контекста рассматриваемой нами темы, на наш взгляд, возрождение института биев и их искусства является нашим долгом перед историей и духом нации. Однако необходимо сделать небольшое важное уточнение. Следует взять за основу не сам институт биев как таковой и не только те качества, которые были свойственны биям: глубину слова и мысли, находчивость, гуманизм, честность, справедливость и т.д. Но провести модернизацию ценностей, привести к требованиям времени т.е. созвучных с нашей современной эпохой не только их форму, но и содержание.

Духовное освоение традиционной культуры периода казахского ханства очень важна для современного Казахстана не только с точки зрения исторической памяти, идентичности, но и с позиции преемственности ценностных установок.

### **Литература:**

1. Зиманов С.З. Казахский академический университет и государственно-правовая наука. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 316 с.
2. Бейсенов Қ.Ш. Философия тарихы. – Шымкент, 2005. – 452 б.
3. Ақатай С.Н. Інжу-маржан секілді. – Алматы, Ана тілі, 1995. – 145 б.
4. Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы: Ценные бумаги, 2001. – 228 б.



## АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ІРГЕЛІ ҚАҒИДАСЫ

**Асқар Лесхан Асқарұлы,**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының доценті,  
философия ғылымдарының кандидаты;*

**Абдраимов Абдрашид Бәкірұлы,**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ философия  
кафедрасының оқытушысы;*

**Әшірбаев Шермат Ералыұлы,**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ философия  
кафедрасының оқытушысы,  
гуманитарлық ғылымдардың магистрі*

Небәрі 60 жыл өмір сүріп, мұраға 174 өлең, 45 прозалық «Қара сөздер» («Ғақлия»), 67 аударма, даулы істерге, әкімшілікке байланысты «Заң ережесін» қалдырған Абай Құнанбаевтың философиялық шығармашылығында әлеуметтік мәселелер, адамаралық қатынастар, құдай және табиғат, құдай және адам, жан мен тән, өмір-өлім сияқты экзистенциалдық сұрақтар көрініс тапты.

Абайдың өз халқының тарихи және өзіндік санасына, философиясына, жалпы мәдениетіне қосқан үлесін атар болсақ:

Қазақ ұлтын тұрмыстық, болмыстық, ой-саналық дағдарыстан шығарар жол іздеді.

Қазақтың өмір тіршілігін ұйымдастырудың дұрыс қағидаларын анықтауға ұмтылды.

Көркем әдебиетті қоғамды ағарту, тәрбиелеу құралы ретінде пайдаланып, білімге құштарлықты арттыруға тырысты.

Шығыстық, Батыстық әдеби түпдеректерді аударды, түсіндірмелер берді.

Сөз өнерінің теориясын негіздеді.

Қазаққа тән фәлсафалаудың стилі мен мазмұнын өзгертті: артық та емес, кем де емес, тап басып сипаттайтын мөлшер, өлшем – «сұлулық» концепциясын тұжырымдады

(эстетизация). «Құлақтан кіріп бойды алар», «Құр айғай бақырған» деген өлеңдерінде:

*«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.  
Бөтен сезбен былғанса, сөз арасы,  
Ол - ақынның білімсіз бишарасы.  
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы...»*

– деп, поэтикалық сұлулықтың алғышарттарын негіздеді. «Ақындары ақылсыз, надан келіп, Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап...» – парасатты ой айтуға қабілетсіз, талапсыз, ізденбейтін ақындарды сынға алды. Тыңдаушыны жақсы мен жаманды айыра білуге, талғампаз болуға шақырды.

Осылайша, Абай әсемдіктің мазмұнын ашты. Әсемдікті түсіндіру үшін «көркем заңы» деген ұғым қолданды. Ол заңның басты белгісі – өлшеуге сай болу. Қосымша ретінде «жарастылық заңын» сөз етеді, тағы бір жерде «кәмелеттік шеберлікке» тоқталады. Сонымен, «әсемдік дегеніміз – өлшеу сақтап, кәмелеттік шеберлікпен (жаратушы немесе адам) жасалған жарастылық».

Тұлға мәселесінің басты компоненті болып табылатын еріктілік, таңдау бостандығы жайлы қазақ философиясында алғаш болып айтты («Масғұт» поэмасында).

«Осытік дәуірдің» туындысы саналатын дәстүрлі мифологиялық көзқарастар жүйесіне қарсы бағытталған сынды алғаш айтқан Соқрат болатын. Қазақ даласында мұндай миссияны Абай орындады. Сонысымен қазақ мәдениетіндегі сыншыл реализмнің негізін қалады.

Адамның Құдіретпен, Абсолютпен байланыстылығын бейнелейтін «өлмес жан» идеясын тұжырымдады. Әрбір адамды өз жанының тылсым тереңінде жатқан мәңгі дүниенің өлмес-жойылмас өзегін ашуға, табуға шақырды.

Қазақ елінің Ресейге бодандығы, отаршыл саясаттан туындаған өзгерістер заманында, демократиялық жолмен

хан сайлап, әділ сөздің төрелігіне жүгінетін дәстүрдің жойылуы нәтижесінде өзара жауласып, елдік берекесі кетіп, бытыраған жұртын тығырықтан шығарудың амалын ойлаған ойшыл өз ұлатына үш ой тастады:

1-жол	Білімге шақырды	Айналасындағыларды және өз ұрпағын түрлі қалалардағы тілмаштық, кадеттік, діни мектептерге беріп, бағыттап, қамқорлық жасады. Қорғансызды жасампазға айналдыратын күш – білім мен ғылым екенін талмай айтып, тәрбиелік мәні бар көркем шығармаларды қазақ тіліне өзі аударып, шәкірттеріне аудартып, білімнің маңыздылығын дәлелдеумен болды. Осы ойды насихаттауға рухани саланың барлық түрін – аңыздан бастап, өнерді (поэзияны), құдайтану ілімін, тағылым-өсиеттерді пайдаланды
2-жол	Кәсіп меңгеруге шақырды	Отырықшылыққа сай келетін кәсіп меңгеруге, арланбай-тіленбей тұрмыс кешуге үгіттеді («Есектің артын жусаң да еңбек етіп мал тап»)
3-жол	Исламды насихаттады	Ішкі рухани дүниеге азық керек екенін жақсы ұғынды. Вертикалды-горизонталды әлеуметтік байланыстардан айырылып, өмірлік парадигмасы өзгерген (бұрын «Бір жұрт – бір Алаш» болса, Абай заманында – «Қазақтың жауы – қазақ») азаматының құлазыған жанына – жұбаныш, өміріне – мағына ретінде мұсылманшылықты ұсынды.

Абайдың философиялық ой-пікірі – қазақтың философиялық дүниетанымының озық үлгісі болды. Бүкіл тіршілік атаулының өзгермелілігі туралы ой Абай өлеңдерінде жиі ұшырасады. «Жиыrmасыншы қара сөзінде»: «Дүние бірқалыпты тұрмайды» десе, өлеңдерінде: «адамзат күнде өзгерер» – деп қоғамдағы диалектикалық үдерістер жайлы тұжырым жасайды.

Еңбекті қоғамдық прогрестің негізі, халықтың тұрмыс деңгейін түзетудің басты құралы ретінде насихаттады. Жұмысы жоқтық қазақты жаманшылыққа үйір ететінін ескертті. Ал «Жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады».

Абайдың армандаған мемлекет идеалы – әділеттілік принципі салтанат құратын қоғам. Тұлға құқығы мен бостандығы қорғалатын, биліктің көзі – халық болатын, билікке әділ тұлғалар сайланатын мемлекет.

Абай сыртқы дүниенің санадан тыс өмір сүретіндігін қуаттайды: адам «...көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады» (43-сөз). Түйсіктеріміз арқылы дүниеден хабар аламыз, пайда, залалды айыратын қуаттың аты – ақыл, деді. Таным мен әрекет жайында «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау» туралы ғажап өсиет айта отырып, осы үштік бұзылғанда, Ақыл мен Қайраттың – сциентизмге, ал материалды мәдениеттің түптеп келгенде тығырыққа тірейтіндігі туралы ескерту жасайды.

Абай дінге қоғамның маңызды институты ретінде қарады. М. Әуезовтың пікірінше, Абай үшін дін – адамның жеке басының моральдық жетілуінің құралы. Абай дін мәселесін өзінің өлеңдерінде, қара сөздерінде алға тартып, оның әлеуметтік мәнін, мазмұнын ашады. Абай діннің қоғамдық институт ретіндегі атқаратын функцияларының арасынан тәрбие функциясын жоғары қояды.

«Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді өлшеп болмайды», – дейді ойшыл 38-сөзінде. «Мен» және «менікі» деген философиялық мәселені қарастыра келіп: «мен» – жан, «менікі» – адам денесі, ал: «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «менікі» өлсе өлсін, оған бекі» – деп, дене өлгенімен жан өлмейді деген қорытындыға келді. «Мен» және «менікі» деп метафизикалық түрде адамның рухани дүниесі мен тән тіршілігін, биологиялық болмысын, жан мен тән дуализмін философиялық дәрежеде ұғынады.

«Мен», «менікі» ұғымдарымен Абай, біріншіден, адам бойындағы рух пен тәнділік арақатынасын бейнелесе, екіншіден, бұл дүние мен о дүниенің жігін ажыратып, уақытша мен мәңгілік, шекті мен шексіз, жалпы, жеке, даралықты көрсетеді. Жалпы қазақ дүниесіне тән рационалдылық Абай философиясында анық көрінеді. Жаратылыстың сұлулығын,

мақсаттылығын, мінсіздігін, Жаратушының құдіреттілігін баяндайтын ойшыл үшін нағыз дүние – бәрібір осы дүние. Абай сенімі түңілуден туатын шарасыздық емес, ғаламдық құдіретті, сұлулықты сезінбей, қабылдамай тұра алмайтын ой мен өренің биіктігі.

Дүние, Абай түсінігінде, аяқталған дүние емес. Қоғамдық өмір мен қоршаған дүние – шеберхана. Адам – құдайдан қолдау-көмек күтетін қорғансыз емес. Шеберханада – өзін және дүниені өзгертетін, өз күшіне сенімді жасампаз тұлға. Осылайша, Абай сенімі – адамға, адам ақыл-ойына деген рационалды сенім.

*Қайрат пен ақыл жол табар,  
Қашқанға да қуғанға.  
Әділет, шапқат кімде бар,  
Сол жарасар туғанға.*

*Бастапқы екеу соңғысыз,  
Біте қалса қазаққа,  
Алдың – жалын, артың – мұз,  
Барар едің қай жаққа? [1, 213 б.]*

– деп, адам еркі мен белсенділігін баса айтып, Абай барлығы адамның өзіне, оның ақыл-парасатына байланысты екенін насихаттады.

Абай өзінің этикалық көзқарастарында алғаш болып қазақ ұлттық философиясының ұғымдарын, экзистенциалдарын негіздеді. Адамгершіліктің жойылып, тұлғалық бетбейненің ыдырауына бастайтын жойқын тенденцияға қарсы тұрар амал ретінде «адам бол!» қағидасын ұсынды. «Адам бол!» – Абай философиясының іргелі қағидасы. «Адам болу» – нақты адамның нақты әрекетті, адамгершіліктік шыңдалу мен жетілу, рухани жүректілік. Яғни, Абай философиясындағы этикалық проблематика онтологиялық мәседемен ұштасады: «адам бола» алмасаң, адами қасиет-әрекетке өрең жетпесе – тірі емессің. Тірі болу – «адам болу!». Салқын ақыл, жылы жүрек, ыстық қайратты қатар ұстау. Бес нәрсені біліп, сақтап, ішкі бостандыққа қол жеткізу. Өмірдің әрбір сәтінде адам болып қалуға, қала алуға

батылдық мәселесі. Қажет болса – өз өміріңнің құнымен. «Адам болу» – түпкі нысана ғана емес. «Адам болу» – адами бейнені сақтауға сәт сайын күш салу. Күнделікті тәртіпте, қадам сайынғы әрекетте ұстанатын қағида. Адам бейнесінде туылу – жеткіліксіз. Өмірдің әрбір сәтінде адам болып қалу, қала алу – маңызды.

Ақиқаттың өлшемі – сыртқы орта, жағдайлар, жауапсыз, тұрақсыз, сезімсіз адамдар емес. Адам – өз тағдырының қожасы және құрушысы. Әрбір адам өзінің шығармашылық мүмкіндігін іске асырып, өзін жетілдіре алады және жетілдіруге тиіс. Дұрыс әрекет – оған берілетін бағаға, жауапқа, нәтижеге тәуелді болмауға тиіс (Бұл идеясы Канттың адамгершіліктің кесімді императиві теориясымен үндеседі). Дұрыс әрекет – адамның адам болғандығы үшін жасалады. Өзгелердің көңіл-қошы, қолдауы үшін емес. Солай болуға тиіс болғандықтан.

Адам өмірінің бірегейлігі, тіршілігінің құндылығы, әрбір адам жанының қайталанбас сонылығы идеясы – Абай тұжырымдамасындағы басты идея. Өз шығармаларында ол адамға мейірбандық көрсету, сұлулыққа ұмтылу жоғарғы адамшылық қасиет екенін айтудан жалықпады.

Абай өзінің адам идеалы – «Камиль-аль-инсан» концепциясы арқылы қазақ философиясында төңкеріс жасады – қазақ ұлттық философиясын жаңа сатыға көтерді. Анахаристен бастау алатын адам мәселесін тұлға мәселесіне айналдырды: адамның – ерікті тіршілік иесі екендігін, өз өмірінің қағидаттарын өзі таңдайтындығын нақтылады. Бұл жолда биологиялық-физиологиялық өлімнен ауыр да аянышты өлім түрі – моральдық өлім бар екендігін тұжырымдады. (Кейін оның шәкірті Шәкәрім «Камиль-аль-инсан» концепциясының анатомиясын ақтарып, адам жанының өзегі – «ұждан» теориясын негіздеді).

Абай өзінің келесі «Атаның баласы болма, адамның баласы бол!» үндеуімен ұлттық идеяны негіздеді. Атаның баласы болу – тегінді білу, құрметтеу, солардан қуат алу. Алайда, онымен шектелмеу. Қазақ қана болып қалмау. Ұлттық рухты жоғалтпау. Әлем азаматы болу. Жалпыадамзаттық әрекет пен ойлау деңгейіне көтерілу.

Қоғамды Абай адамды қалыптастыратын басты фактор ретінде қарастырады. Сондықтан ол «Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват» деген ой түйеді. Мансап пен мәртебені «биік жартас» ретінде сипаттап, қысқа өмірді билік пен байлық жолында сарп етудің мағынасыздығын түйіндеді.

Өз өлеңдерінде Абай жағдайлар ырқына берілмей, адамгершілік қасиеттерін сақтап қалған адамды және тобырды екіге бөледі:

*«Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,  
Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек».  
«Наданның сүйенгені көп пен дүрмек».  
«Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ  
Ондай жерде сөз айтып болма мазақ», –*

деп адам табиғатының ала-құлалығына күйініп, әрі ала-құлалықтың заңдылық екенін мойындай келіп дүниенің тазалығы әрбір азаматтың өз бойын, рухын таза сақтауынан құралатынын тұжырымдайды:

*«Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің,  
Өзіңді өзің күзет, кел, шырағым!»*

Өз шығармашылығының бас кезінде (1858, 1864) қыз көркін сипаттайтын ғашықтық өлеңдерінде тән сұлулығына («...кең маңдайлы, Аласы аз қара көзі, Жіңішке қара қасы, маңдайдан тура түскен қырлы мұрын, Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды») тәнті болумен қатар «сұлулық» ұғымына түсінік береді. Сұлулық – Абайша, үйлесім, форма мен мазмұнның сәйкестігі:

*«Сөйлесе, сөзі әдепті әрі мағыналы»  
«Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,  
Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды»  
«Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,  
Бойына майдалық пен сыр сақтаған».*

Ал:

*«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,  
Екі түрлі нәрсе гой, сыр мен сымбат»,  
«Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей», –*

деп адам тәні, дене формалары, өлшемдері мен әрекетіне орын мен баға беріп, адам бойындағы рухани байлық, ішкі мазмұн туралы тұжырымдайды. «Сұлулық қайдан туады?» – қарама-қарсылықтардың мәңгі күресінен және өзара келісімінен туып, қайшылықтан тоқылатынын; қайшылық – гармонияны жаратушы, сұлулық тіршілігінің алғышарты екенін көреміз. Бір жағынан, «Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек» деп мөлшерден, мүмкіндіктен асқанның бәрі ұшқарылыққа ұрынып, қарсы сапаға айналатынын ескертсе, екінші жағынан, онсыз, дүниедегі бүкіл, барлық және алуантүрлі көріністердегі қарама-қарсылықтың мәңгілік күресінсіз қиялды еліктіріп, ой-сезімді баурайтын, келешекке жетелеп, дүниені жетілдіретін нағыз сұлулық құралмайтынын, әр нәрсенің өлшеуі барын, өлшеуін білмек үлкен ақылды керек ететін іс екенін айтады. «Ауру жүрек ақырын соғады жәй» өлеңіндегі:

*Кейде тілеп бақ пен тағы тыныштық,  
Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп, –*

деген жолдарда адам жанының толық есеуі үшін рахат-ләззат қанша керек болса, қиналыс-қайғы соншалық қажет екендігі туралы терең мағына бар. Сезімдегі ауыспалы күйдің екі ұшы анықталды. Ал енді адамаралық қатынастағы аттауға, асуға болмайтын меже қайсы? Ойшыл жауабы оған да дайын: «ар-ұяттан аспау»:

*Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,  
Ар-ұяттың бір ақыл – күзетшісі.*

*Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,  
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі.*

Көне дүниеде грек натурфилософтары бірінші болып қойып, жабыла жауап іздеген мәселеде – «Сұлулықты не арқылы, қалай қабылдаймыз?» деген сұраққа пифагорейліктер сияқты «Дүние дегеніміз – гармония және сан» деп санау-есептеуді емес, дерексіз ой күшін емес, тікелей көріп, көңіл көзімен қабылдауды нұсқайды. Бұл



мәселеде Абай иррационалдыға емес, адамның өзіндік таным қабілетіне жүгінеді. («Керек іс бозбалаға – талаптылық, Өртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық»).

«Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді» деп талғампаз тыңдарманды армандайды, сөз сұлулығы туралы айта келіп. «Бойда қайрат, ойда көз, Болмаған соң айтпа сөз» деп аң ұрады «Сегіз аяғында». Тән мен жан сұлулығына керісінше, Абай – ертеңін ойламайтын, келешекке ұмтылмайтын тоғышарлық пен бейғамдықты – жан ұсқынсыздығын қарсы қояды және ондайларды:

*Сырыша тойса мас болып,*

*Өреге келіп сүйкенер.*

*Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап,*

*Ертеңі жоқ бүгінге болған құмар,* – деп сипаттайды.

**Психологиясы.** Мазмұнының әлеуметтік мәнін айтпағанда психологиялық тұрғыдан дәл, шебер жазылған «Бо-лыс болдым мінеки» («Күлембайға») өлеңі аса өзекті. Өзіне сенімсіз, даңғой, мансапқұмар кейіпкердің өзі туралы өз аузынан айтқызылатын үрей-қорқынышы, әрекет-жоспары, екіжүзділікпен ұштасатын қулығы жайып салынып әжуаланатын шығарма Эразм Роттердамскийдің «Ақымақтыққа мадақ» атты еңбегімен деңгейлес тұр.

Абай өлеңдерінде адамның жан-күйінің көрсеткіші болып табылатын күлкінің сипаттары сан түрлі: ғашықтың күлкісі «бейне бұлбұл құс сайрайды» болса,

*Басында ми жоқ,*

*Өзінде ой жоқ*

Күлкішіл кердең наданның күлкісі – жағымсыз да аянышты құбылыс. Өйткені:

Күлкі баққан бір көрер бейшаралық.

«Бүгінгінің достығы – достық емес, аярлық. Бүгінгі жанжалдардың себебі – не күндестіктен, не тіл табыса алмаудан» деп күйінеді өз жұртының бейнесінен түңіліп.

Өркімнің өзіндік менін тану жолында тән тұр. Адам алдымен өзінің тәнімен бірегей. Тәндік – бірегейлігімен қызық, қажет, маңызды. Тән шеберлігі – сезім шеберлігі, әрекет аясының кеңдігі. Тән айрықша белгілерге ие. Инди-

вид – қайталанбас құбылыс. Индивид бойында көзге алғаш түсетіні форма (келбет, тәндік белгілер). «Форма – бірінші, мазмұн – шешуші».

Тән арқылы адамның өзі және айналасындағылар туралы ең алғашқы образдары қалыптаспақ. Және олар бастапқыда тәндік мазмұнда болмақ. Бұл – заңды, табиғи құбылыс.

Тән – тұлғаның баламасы емес. Бірақ тән – тұлға тіршілігінің қажетті, алғашқы шарты. Биологиялық тегімізді ескере отырып, өз бойымыздағы хайуандық пен адамшылықтың пайызын анықтап, қандай жағдай қайсысын күшейте түсетінін аңдауға, бойымыздағы бірегейлікке деген ұмтылысты іске асыруға, дүниені тану, өзіндік тану атты алғашқы сатыларды игеріп болып келесі, өзіндік даму, өз-өзін өзгерту, бағыттау, «ішкі бұғаулардан» азат болу жолындағы шараларға кірісуге болады.

Адам мүшелерінен Абайдың жиі қайталайтыны әрі жоғары бағалайтыны – жүрек (60 өлеңде 80 рет қайталанады). Ағылшынның «сore» сөзінің негізінде латынның «cor» – «жүрек» ұғымының жатуында мән бар. Адамзат ертеден ақ жүректі өз тіршілігінің орталығы, түп-тамыры санаған. «Жүрек» – «орталық» сөздерінің мағынасы тепе-тең келуі осыдан.

30 жасында болыстыққа сайланған Абайдың алғашқы өлеңдерінде жүрек – эмоционалдық орталық болса, біртіндеп рухани орталыққа айналып, тұлғалық желіні құрайтын «жылы жүрек, нұрлы ақыл, ыстық қайрат» – үштік концепциясы тұжырымдалады. Бұл Одаққа жетекшілік жүрекке жүктеледі. Абай тұжырымының өзектілігін моральдық өлшемдері өзгерген бүгінгі күн адамының табыс жолындағы әрекет-күресінде жандүние үйлесім-бірлігінің бұзылуының сансыз салдары дәлелдеуде. Ақыл мен қайрат – табыс табуға, тән – ұрпақ келтіру мен көңіл көтеруге кірісіп жатқанда жүрек өзінің адамгершіліктік қағидаларымен бәрінен сырт қалуда. Қол ұшын беретін жерде суық ақылды тыңдап теріс айналып, сезімінің қабылданбауынан, жауапсыз қалуынан қорқып, жүрек қалап тұрса да үнсіздікке, әрекетсіздікке салынууда. Осының бәрі эмоционалдық өмірдің жадағайланып, адам

арасының алшақтауына, бұл құбылыс өз кезегінде түрлі тән ауруларына (бірінші кезекте жүрек дертіне) барып тірелуде.

*Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық  
Аздырар адам баласын, –*

– деп Абай биологиялық пен әлеуметтіліктің тепе-теңдігі бұзылғанда адам бойындағы руханилықтың пайызы азайып, тұлғалық бет-бейне азғындайтынын баяндайды. Ұшқарылық нәтижесінде туатын және болмай қоймайтын салдардың боларын ескертеді:

*«Салынсаң салдуарлық қадір қоймас».  
«Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен,  
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?»  
Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.  
Сен де – бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тапта, бар, қалан! –*

деп, әрбір адамның қоғамдағы өз орнын алуы керектігін, ал шырғалаңнан құтылар жол – білім игеру, кәсіпті дамыту, аянбай еңбек ету деп, еңбекті дәріптейді:

*Еңбек етсең ерінбей  
Тояды қарның, тіленбей  
немесе  
Бақпен асқан патшадан,  
Мимен асқан қара артық;  
Сақалын сатқан кәріден  
Еңбегін сатқан бала артық.*

Аянбай еңбек етудің арқасында адам дұрыс тұрмыс құра алады, құрметке бөленеді деп тұжырымдады. Өз халқын бір орында тұрып қалмауға, тұйықталмауға, рухани байлықты

әр халықтың, соның ішінде орыс халқының жетістіктерімен байытуға шақырды.

Абай қазақ жеріндегі бай, кедей болып бөлінген таптардың арасындағы тартысты айқын көрді. Кедейлердің жоқшылық тұрмысын «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай», тағы басқа өлеңдерінде реалистік тұрғыдан суреттеді, қалың бұқараның ауыр тағдырына жаны ашыды, құтылар жол іздеді.

Қоғам өміріне, әлеуметтік істерге біраз араласып, Орта жүз руларының басы қосылған Қарамола съезінде 76 баптан тұратын жаңа Заң ережелерін ұсынды. Қазақ даласында реформалар енгізуге талпынды. Алайда феодалдық тәртіпті берік сақтағысы келген бай-манаптар мен отаршыл саясатты қолдаған патша өкіметі бұл реформаларды аяқсыз қалдырды.

### Әдебиеттер:

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 1961. – 213-б.
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
3. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.
5. Абдрасилова Г.З. Философия: тарихи-теориялық дискурс. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 780 б.
6. Орынбеков М. Философские взгляды Абая. – Алматы, 1995. – С. 114.
7. Абдрасилова Г.З. Шәкәрім философиясы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 131 б. – 91-93-беттер.
8. Еділбаева С.Ж. Философия (сызбылар мен кестелерде). Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 172 б.
9. Едильбаева С.Ж. История и философия образования. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 305 с.
10. Еділбаева С.Ж. Білім беру: модерн және постмодерн кеңістігінде. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 310 б.

## ПЛАНЕТАРЛЫҚ ЭТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

*Қоңырбаева Күлсия Мағражқызы,  
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының жетекші ғылыми қызметкері,  
философия ғылымдарының кандидаты*

Қазіргі заманғы планетарлық этиканың қалыптасуында ұлттық құндылықтар қандай өзгерістерге ұшырап жатыр? Осы өзгеріп жатқан әлемде сонау ғасырлар қойнауынан бастау алған адамгершілікті-этикалық қалыптарды дүниетанымының өзегіне айналдырған халқымыздың бай этикалық мұраларын зерделеу арқылы үлес қосарамыз анық. Жаһандық, планетарлық этика бүкіл адамзаттың ынтымақтастығы, бірлестігі жөнінде ой қозғау мәселесін, адамдардың санасын жаңғырту арқылы мүмкін екендігінен бастаған жөн. Әлемді жайлап отырған лаңкестік әрекеттер мен қақтығыстарды ауыздықтайтын, бейбітшілік пен өзара тату серіктестік пен бірлестік құруға адамзатты бағыттаушы этиканы қалыптастыру. Олай болса қоғамдық сананың жаңғыруы аясында қазақтың дәстүрлі этикасының жаңа планетарлық этиканы қалыптастырудағы әлеуетін зерделудің маңыздылығы қазіргі заман талабынан туындап отыр. Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында заман талабына сай интеллектуалды ұлт қалыптастыруда ойшыл идеялары алға жетелеуші бағдар екендігіне ерекше тоқталады [1]. Жаһандану заманында қазақтың ұлы ойшылының рухани мұрасын жаңа көзқарас тұрғысынан зерделеу халқымыздың ой-санасының кемелденуіне және ұлттың сапа жағынан түлеуіне қосар үлесі зор екені сөзсіз. Осы орайда бүгінгі конференцияға ұсынып отырған мақалада этикалық көзқарастары бүкіл шығармашылығы арнасының өзегі арқылы көмкерілген Абайдың өнегелілік

жайындағы ілімдеріне талдаулар жүргізуге талпыныстар жасалды.

Екі ғасыр бойына қазақ рухани әлемін сусындатқан Абай дүниетанымына, дүниетүсінігіне қайта оралу, бүгінгі өмір талабымен астасып жатыр. Абайдың рухани ізденістерінің өзегінде әлем мен адамның түбегейлі жаңаруына, оны моральдық тұрғыдан кемелдендіруге, басқа мәдени әлемдермен байланыстыруға шақыратын жаңа құндылықтар мен бағдарларды іздеу жатыр. Қазақ ойшылының пайымдауында, адамгершілік өзінің мәңгіліктігімен айқындалады. А. Байтұрсынұлының: «Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ... Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек», – деген бір ғасырдан бұрын айтылған сөзі қазіргі қазақтар үшін де маңызын жойған жоқ [2]. Абайды бізден уақыт алыстатқанмен, өсиеттері мен өнегелі сөздері жадымызда мәңгі жаңғырады.

Абайдың гуманистік үндеуінің этикалық мәні – адамның өмірдегі маңызды рөлі мен мақсатын ардақтау. Ақиқатты іздеуші Дала индивиді ақиқатты іздеу жолында жүрген субъектіге ғана емес, таным үрдісі ықпал ететін объектіге және моральдық әрекеттерді іске асыратын этикалық субъектіге айналады [2, 468 б.] Оның түсінігінде адам ақыл мен адамгершіліктің, еңбекқорлық пен білімнің, достық пен махаббаттың бейнесі болуы керек.

Абай өзін-өзі тәртіпке келтіру мәселесін ұдайы қозғап, жаңғыртты. Адам мінезін қалыптастыруда қоршаған ортасы мен тәрбиенің рөліне зор мән берген қазақ ойшылы өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін тәртіпке келтірумен үнемі шұғылданды-да. Дәстүр мен жаңашылдыққа құмартқан дала этик-философы этикалық құндылықтарды жетілдірудің тамаша үлгілерін өз өмір соқпақтары арқылы жасай да білді. Дәстүрлі қазақи ортаның ғұрпын сақтаған Абайдың өнегелі өмірі жайлы баласы Тұрағұл Абайұлының «Мінез машықтары» атты естелік мақаласында: «Жасында ашу мен махаббатты қатар қолданғандығынан қатын-балалары да, ауыл-ауданы да, елдің адамдары да бір жағынан жылы

махаббатты жомарт мінезін сүйіп, бір жағынан жазатайым болса ашуланып кететұғын мінезінен қорқып жүретұғын еді. Қай адам екі қатыным күндестесіп қалыссын дейді, бәрі де күндестігін жоғалтқысы келетұғын шығар, бірақ жалпы адамның бұл тілегі қабыл бола бермейді ғой, менің әкемнің жоғарыдағы айтқан екі мінезінің күштілігінен шығар, менің шешем де күндестігін көрсете алған жоқ. Балаларының ойына күндестің баласымыз деген жаман ой кірген емес деп айта аламын. Ұлғайған сайын әкемнің ашуы азайып, жұмсақ тарта берді, бұл жұмсатуды өзі еңбек қылып тапты. Әкесі қажының қайтпайтын қатты суық мінезін сөгіп отырушы еді. Қорықпақ пен сүймек, от пен су секілді бір жерде жиырмайды, адам сүйген адамының ақылын ұғып, сонан баһыра алады, қорқытып, ұрсып айтқан ақыл дарымайды деп» – жазды [3, 428 б.] Абай қызғанышты, күндестікті жеңуді тек насихаттамайды, іс жүзінде өз айналасындағылардан оны талап етіп, орындата да білген. Абай өмір сүрген әлеуметтік орта, ондағы адамаралық қатынастар тудырған қарама-қайшылықтарды шешу барысындағы толғаныстары, қазақ философиялық-этикалық ой жүйесінің жаңғыруына зор үлес болып қосылды. Қазақ ойшылы өз дүниетүсінігі мен дүниетанымы арқылы ізгілікке баулитын түсініктерді қалыптастырды. Жанұядан басталған өзара үйлесімді, жарастықты, әділетті өз руы, көршілес ру арасында орнатуға атсалысты. Абай көтерген этикалық мәселелер ізгілік пен зұлымдық идеялары мәңгілік адамзаттық мәселе болғандықтан ол салған өнегелі жол үлгі аларлық .

Ұлы дала ойшылы адам өз тағдырын өзі жасап, өзі шешетіндігіне сенді. Адам өзіне сырт көзбен қарауды үйренуі керек, өзін-өзі бақылауды, өзіне өзі есеп беруді, өзін-өзі бағалау қажеттілігін естен шығармағаны жөн деп есептейді. «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен

өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың [4, 36 б.]. Бұл жерде қазақ философия Адамның субъект ретінде дамуы жайындағы мәселені философиялық-этикалық тұрғыдан қойып отыр.

Этикалық ұғым-түсініктердің адамгершіліктің ең биік шыңына жетудегі адам бойынан табылуы тиіс «ұят» категориясы Абай пайым-түсінігінде отыз алтыншы қара сөзінде талдап-тарқатылады. Біреуі сондай ұят, шарифатқа теріс, я ақылға, я абиүрлі бойға теріс, я адамшылыққа кесел қылық, қатеден, яғни нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандықтан болады. Мұндай ұят қылық қылғандығыңды бөтен кісі білмесе де, өз ақылың, өз нысабың өзіңді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады. Кірге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесің. Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты. Абай адамның ұятын, оның бойындағы иманымен теңестіреді.

Абай мен неміс классикалық философиясының негізін салушы И. Канттың аданың өзін-өзі тәрбиелеу жөніндегі ілімдерінің тоғысар тұстарына тоқталсақ, Кант өзінің «Әдет-ғұрыптар метафизикасы» атты еңбегінде жаратылысынан өзін соттайтын сот ретіндегі адамның өзінің алдындағы парызы жайында талдау жасайды. Канттың пікірінше адамдардың еркін шектейтін моральдық императивтер парыз бен ұят. Әрбір адамның ар-ұжданы бар, және де адам өзін үнемі бақылап, өзіне сес көрсетіп отырған, жалпы өзінде (қорқынышпен байланысты) құрмет сезімін туғызып, өзінің ішкі сотын сезініп отырады, және де заңдарды қорғап отыратын осы бір күшті ол өз еркімен жасамайды, ол адамның мәніне тән нәрсе. Адам одан қашып кеткісі келсе де, ол оның артынан көлеңкесі тәрізді еріп отырады. Адам ләззаттың, ойын-сауықтың кесірінен ештеңе сезбей, өзін-өзі алдауы мүмкін, бірақ оның анда-санда болса да көзі ашылып, өзіне-өзі келмеуі мүмкін емес, және ондай кездерде адам оның



сұсты дауысын бірден естиді. Азғындыққа әбден салынған жағдайда, бәлкім, ол оның дауысына ешқашанда жүтінбеуге дейін жетуі мүмкін, бірақ оны естімеуі мүмкін емес [5, 107 б.].

М.С. Орынбеков моральдық қағидалардың қоғам өмірінде аса зор рөл атқаратындығына тоқтала келе, қазақ моралін адамгершіліктің дәстүрлі формасына жатқызады. Қазақтар тарихында мұндай дәстүрлі формалар стихиялық бейсаналы түрде құрылып, белгілі моральдық құндылықтардың ритуалдандырылуы нәтижесінде туындайды. Адам өмірі тұлғалық байланыстар, өзара қатынастар, қойылған мақсатқа жету жолындағы адамдардың коллективті топтасуы, ұйымдасулары мен байланыстары пайда болатын қоғамдық әрекет болып табылады. Адамгершілік әрекет бұл қырынан алғанда кең мағынадағы қоғамдық әрекет болып шығады. Моральдық қатынастарды адам ойлап таппайды, олар адамдардың объективті реалды қатынастары ретінде болмыстың рухани құрылымында болады. Мұның қазақтар үшін мәні зор... Қазақ мәдениетінде адамаралық қатынастардың фундаменталды сипатқа ие болғаны соншалықты, бүкіл өндіріс жүйесін солар қалыптастырады [6, 437 б.]. Қазақтар арасында осындай адами биік адамгершілікті қарым-қатынастардың бір кездері орнығып өзінің игі нәтижелерін бергені жайлы және мына келген жаңа заманда қандай өзгеріске түскендігін Абай өзінің отыз тоғызыншы сөзінде: Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайлығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі мінезін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай, сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік, мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, сайтандыққа тартып барады, жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді.

Ол екі мінезі қайсы десең – әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. ...Екіншісі намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға, өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен.... Кәнеки, ені осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айрылды. Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық [4, 10 б.]. «Далалық орданың тұрғыны – қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ойы қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлде қайда жоғары тұр», – деп жазды [7, 390 б.].

Көшпелі өркениет қалыптастырған адам сапасына Ш. Уәлихановтың берген бағасы Абай пайымдауларымен ұштасып жатқандығын көреміз. Абай өз заманына дейінгі қазақ қоғамындағы адамаралық қатынастардың өнегелі үлгісін өнегелі-ізгілікті этикалық құндылықтардан іздейді. Ел ішіндегі бірлік, татулық, бірегейлікті орнықтыру моральдық қағидалар мен нормалардың үйлесімділігі арқылы жүзеге асты. Адамгершілік мақсатқа жету дегеніміз, абыройлы әрекеттер арқылы адамшылық тұрғыдан жетілу болып табылады. Ойшыл осындай биік этикалық құндылықтарды өмірінің мәні еткен жұртының мінез-құлқы теріс пиғылдарға қарай ауытқу себебін адамдар арасындағы риясыз сыйластық пен намыстану қасиетінен айрылуында деп түсінді. Халықтың ынтымақ, бірлігі соның салдарынан әлсіреуде. Бұл жерде ең бастысы адамгершілікті сана күшті жүйелеуші тетік болып отырғандығын көреміз. Көшпелі жұрттың басқарушы жүйесі мен жеке адамдардың тәртібі арасындағы осы үйлесімді жарастықты орнатты. Біз көбіне Абайды қазақ қоғамының әлеуметтік сыншысы деп жүрміз. Дегенмен философтың сыншылдығы зор қайраткерлігімен ұласып жатыр деп айта аламыз. Елдік мұратты асқақтату, әділетті қоғам орнату жолындағы Абай арманы қазіргі қазақстандық қоғамның бағдарына айналып отыр. Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет»

атты тұжырымдамасы болашақтан Абай күткен әділетті қоғам құру идеясымен үндесіп, жалғасын табуда. Ең бастысы арасы алшақтап кеткен билік пен халық арасындағы сыңдарлы сұхбат арқылы, «ақылдаса пішкен тон келте болмайды» деген халық нақылына сәйкес мемлекеттің дамыған елдер қатарына қосылуы Абайша айтқанда өзге жұртпен теңесуі.

Орыс әкімшілігінің басқару жүйесі енген кезден бастап дәстүрлі қоғам билігінің ерекшеліктері ығыстырыла бастайды. Ғасырлар бойы Ұлы Далада билік тізгіні кісілік, тұлғалық қасиеті бар адамдардың қолдарында болды. Ал басыбайлы күйге түсіп, еркіндігінен айрылған шақтан бастап ел тізгінін ұстаған билеушілерден бұл өлшемдер жоғала бастады. Адамдар жағайымпаздану, құлқынын арандату сияқты кесірлі әдеттер мен қылықтарға үйір бола бастайды. Абай елге болыстық басқаруды енгізу барысындағы қазақ ішіндегі бүліншілікті, әсіресе адамдарды теріс пиғылдарға қарай ойысуын «Болыс болдым мінеки», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген туындыларында нақты айшықтайды. Өз заманындағы ел ішінде сайлау өткізудегі әбігершілік, болыстыққа талас, партия құру науқанын өз өлеңдерінде, қара сөздерінде талдап-тарқатады. «Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап» қазақтар арасында бұрын болмаған пара беру сияқты жаман әдет қалыптасқандығын ашып көрсетті.. Белең алып отырған осы құбылыстар жағдайында қазақ ойшылы халықты бірлікке, ынтымаққа шақырады. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген Абай өсиеті тек қана қазаққа емес, жалпы адамзатқа қарата айтылған ғақлият.

XXI ғасырдағы өркендеген елімізде сыбайлас жемқорлық тәрізді теріс үдеріс қалыптасып отыр. Осы орайда Абайдың этикалық мұрасы жас ұрпақты кесірлі әдеттерден жиренуге үндері сөзсіз. Халқымыздың қастерлі этикалық құндылықтарын жаңғырту арқылы мемлекетті басқарудың әділетті жолға түсері сөзсіз. Абайдың этикалық ілімі іс-жүзінде адамның дұрыс өмір сүруінің қағидаттары ғана емес, оның іске асыруға талпынған даналық мұраты. Ой-

шыл білімді болумен қатар адамгершілікті болуға үндейді. Абай байқаған адам санасындағы керітартпа мерездер қазіргі замандастарымыздың бойында сақталып отырғаны шындық. Ол өзінің ғақлияттарында орыстың тілі арқылы ғылымды, өнерді игеруге шақырды. Алайда Абай осы оқыған жастар арасынан артық жақсы кісі шыға алмай тұр дейді. Өйткені алған білімді дұрыс жолға жұмсағанда ғана, халқына қазағына оның ел болуына арнағанда ғана, ең бастысы түзу ниетте болу керектігін ашып көрсетеді. Адамдар іштарлығын, қызғаншақтығын, дүниеқоңыздығын т.б. кесірлі пейілден құтылмайынша, тек қана жалаң ғылыммен қаруланумен кемелдене алмайды. Сұңғыла ойшыл мәселенің астарлы жағын қарапайым мысалдар арқылы-ақ түсіндіреді. Ғылымды игеру қажет, бірақ сол игерілген білімді адамзат игілігіне жаратуды алдыңғы орынға шығарады. Сонда ғана қоғамдық прогресс алға жылжиды.

Ол өз халқының замана көшінен қалмай шымырланып, жаңғырып, түлеуі үшін, ұлттық намысын оятып қайрау арқылы ішкі жан-дүниесін өзгертуді ұсынды. Өзіндік ұлттық «Менді», ұлттық рухты оятуға тапыныстар жасағаны байқалады. Оның шығармашылдық мақсаты, өмірлік ұстанымы ұлтты рухани жетілдіру идеясы болды. Ол жаман әдеттер мен кесірлі қылықтарды барлап, бақылап қана қоймады. Одан арылудың жолдары мен тәсілдерін анықтап, көрсетті де. «Ғақлияттарында» көрші орыс, ноғай, сарттардың қазақтардан ілгері бара жатқан өмірлеріне қарап, заман көшіне ілісе алмай қалып бара жатқан қазақтар өмірін салыстырып талдайды. Басқа жұрттардың басты артықшылығы шаруақор, еңбекқор болғандығынан деп көрсетеді. Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғының бір себебі – жұмысының жоқтығы деп білді. Егер егін салса, саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ асырап, болмаса сөз аңдып, құлық сұмдықпен адам аздырмақ үшін, яки аздырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Абай түсінігінде

еңбек ету, пайдалы іспен айналысу жалқау, сұрамшақ, өсекші, күндес, қызғаншақ адамдарды азайтып, адамдар арасында шынайы сыйластық орнатуға жол салады. Абайдың қара сөздері, поэтикалық туындылары бүгінгі өмір шындығымен, ондағы түйткілді мәселелермен күресудің құралы. Жалпы адам бойындағы әлсіздік салдарынан туындап отырған кемшіліктерді жою әдістері мен тәсілдерге толы шығармашылықтан алар ғибрат шексіз. Абай поэтикалық, философиялық пайымдаулары мораль, этика, адамгершілік мәселерінің түйінді тұжырымдамаларына айналды. Ұлттық болмысты жаңғыртуда Абай мұраларына қайта-қайта оралу заңды құбылыс. Ойшыл шығармашылығын қайта зерделеу бүгінгі таңдағы рухани жаңғыру аясында еліміздің келешектегі сапалы да саналы азаматтарын қалыптастырудағы рөлі зор.

#### Әдебиеттер:

1. Тоқаев, Қ-Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан [Мәтін] / Қ-Ж. Тоқаев // *Egemen Qazaqstan*. – 2020. – №5. – 9 қантар. – 1-3 б.
2. Абайды оқы, таңырқа... (Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған – М. Мырзахметов). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б (64 б.).
3. Орынбеков М.С. Моральды руханият ретінде түсіну. Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. Жиырма томдық. 19-том. – Астана: Аударма, 2006. – 536 б.
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
5. Абай. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1970, 75 б.
6. Кант И. Негіздер туралы этикалық ілім // *Өлемдік философиялық мұра Жиырма томдық. Кант және Гегель философиясы. 8-том.* – Алматы: Жазушы. – 2006. – 520 б.
7. Валиханов Ч.Ч. *Собрание сочинений в пяти томах.* – Алмата, 1961. – 72. I-том. С. 410.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «АР ІЛІМІ»

**Омаров Сакен Аймагамбетович,**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының доценті,  
философия ғылымдарының кандидаты;*

**Жұман Дүйсебайұлы Жылысбаев,**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ  
философия кафедрасының оқытушысы;*

**Усенов Ғалымжан Ақылбаевич,**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының доценті,  
философия ғылымдарының кандидаты*

Қазақ философиясының көрнекті өкілі Шәкәрім өз ұстазы Абай Құнанбайұлының философиялық көзқарастарын дамытты. Шәкәрім – демократ, гуманист, ағартушы, озық ойлардың насихатшысы болды.

XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының көпғасырлық өмір салты, әлеуметтік құрылымы, сословиелік иерархиясы, рухани құндылықтары тапталуы, жойылуы нәтижесінде қазақ қоғамында көзден таса жатқан имансыздық, қатыгездік, цинизм сияқты қасиеттері айқын көрініс берді. Адам, Тұлға мәні төмендеді және оны қолдаушы рухани-адамшылық қағидалар жүйесі бүтіндей қирады. Адам өмірінің, жандүниесінің ұлылығы мен нәзіктігі қатар көрініп, жеке индивидтің рухани тірегі – сенім-нанымының, мұраттарының жойылғаны анықталды. Олардың орнын жан мен жүрек толқыныстары ойландырып жатпайтын арсыз, сезімсіз есепшілдер мен айлакерлер ғана жеңетін тіршілік күресіне толы қатал реалдылық басты.

Тұлғаның, адамның жаңа психологиялық үлгісі, қалыпты моделі жасап шығарылды. Ол – жеке бас белсенділігінен айырылған, өзінің рухани тамыр-тегінен қол үзген білімсіз, надан, сондықтан жағымсыз қасиеттерді бойына жинаған «қоғамдық жеміс» болатын.

Ш. Құдайбердіұлының философиялық көзқарастары осындай, адамшылық бастаманың тапталуына берілген рухани жауап, рухани реакция болды.

Шәкәрімнің адам мұратының негізгі сипатына келетін болсақ ойшыл адамшылықтың басы, азаматтықтың белгісі деп еңбекқорлықты атайды. Сондықтан Шәкәрімнің армандағаны – ең алдымен – еңбексүйгіш адам.

*Еріншектен – салақтық,  
Салақтықтан – надандық...  
Бірінен – бірі туады,  
Жоғалар сүйтіп адамдық.*

Өзін-өзі жеңіп, жалқаулыққа бой алдырмай, тәннің емес, жанның тілегін бірінші қойып әдеттенген адам ғана – азамат. Әркімнің өз өмірін ойдағыдай өткізуі өз бойын билеуден басталмақ.

Шәкәрім – зор пайым, асқан парасат иесі. Ауыл байының жағдайын түсініп, кедейге де жаны ашып ықылас көрсеткенмен құр «аттандап» ешкімнің сойылын соққан емес. Әділетті ғана жақтап, «нашардың мұңын, жуанның зұлымдығын қанша айтсақ та ұғушы аз» деп налиды.

Адамшылық қасиеттерде де солай. «Жан мақсұты – ар мен адал еңбек» болғанымен, «еңбектің де еңбегі бар. Орнына жұмсалмаған еңбек, зұлымдыққа жұмсалған ақыл – отқа түскен көбелекпен бір есеп».

Еңбек, Шәкәрім түсінігінде абстрақтылы процесс емес, ең алдымен ол адам жанына нәр беретін, рухын ұштап, тәнін шынықтырып, ризығын молайтатын еңбек. «Атымтай жомарт көп мал сойып, кәріптерге тамақ, киім таратып, оған келмегендерді өзі іздеп шығыпты», – дейді араб әлемімен үндес Шәкәрім аңызы. «Үстінде қырық жамау шекпені бар отын жиып жүрген адамды кездестіріп, неге Атымтай жомартқа бармағанын сұрағанда, ол: «Мен бүгін қатын-баламды тойғызарлық отын тердім. Енді анау отырған ақсақ шал үшін отын алып жүрмін. Дені сау адамды Атымтай асырап, тіленшілікке салып жібермесін. Кем-кетікке қарассын! Атымтай малмен мырзалық қылады, мен еңбек теріммен

мырзалық қыламын, қайсымыз мырза екенімізді Атымтай өзі сынасын», – депті» дейді.

«Ең алдымен барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек, – дейді Шәкәрім өзінің жаман әдеттерден құтылу айласында жазған «ар білімі» жобасында. – Ол үшін көптің қалауымен әкімшілік басына арлы, ақылды адамдарды қойып, сол адамдардың бұйрығы, ақылы бойынша туған, туашақ адамдарды, жастарды қазына қарауына алуға заң шығару керек те,

Ол заңды бұзғандарды жазалау керек: Оларға еңбек өнерін үйрету керек»; Шәкәрім қиялшыл емес, бос даурығып, елді бірден тура жолға салып жіберемін демейді. «Өйткені адамның бәрі бала болып ақылы жай толатын болғандықтан, сәнқойлық, мақтанқұмарлықты бірінен-бірі көріп тәлім алады. Өзін-өзі тексеріп, ол әдетті қалдырып, таза ақылға билету әлденеше мыңнан біреудің қолынан келеді». Сөйтсе де нашарлықты баса айтып, шұқып көрсету арқылы өз мінін өзі жойып, халқын ілгері жылжытуды мақсат тұтқан ойшыл ақын өз шығармаларында адам бойындағы жағымсыз мінез, іс-әрекет, көріністерді әрі күйініп, әрі күлдіріп сынайды.

*Жалқаулық, көрсеқызар, ашу, мақтан,  
Арамдық, өтіріктен ерте сақтан.  
Күні бұрын жуытпа маңайыңа -  
Есер, есірік, ынжықтық солар жақтан,*

– дейді Шәкәрім қандай жексұрын қасиеттерден аулақ болу керек екендігін ескертіп. Аталған әрбір қасиетке ие болу - адамшылықтан төмендеп, белгілі хайуан түріне теңелу қаупіне әкелмек. Мысалы:

*Еріншектің несі артық өліктен де,  
Көп мініп шабан тартқан көліктен де, – десе, мақтаншақты жуан мойын, ала көз, мүйізі алай бұқаға, көрсеқызарды маймылға, ызақорды қабаған төбетке, ішін түземей, сыланып сыртын сылайтын сәнқойды әтешке теңейді.*



Шәкәрім арман еткен, алаш азаматының бойынан көрсем деген екінші қасиет – өнерлілік, кәсіпкерлік. Ойшыл еңбексіз күн өткізуден, жатып ішер жалқаулықтан, әркімге жалынышты болып, көршіге көз сүзуден құтқаратын кәсіп меңгеруге шақырады. Ақын азаматтық жүректіліктің үлгісін танытып, шығармаларында өз өмірін жайып салып, балалық, жастық кезіндегі өз кемшіліктерін әжуалап, әр өнерді қуыш уақыт өткізгеніне өкініп, артқы ұрпаққа қателеспендер деп өсиет айтады. «Мұңды шал» «Құмарлық», «Өкінішті өмір» атты өлеңдерінде, «Мұтылғанның өмірі» дастанында сағым секілді баяны жоқ пайдасыз өнерді емес, тіршілікке керекті нақты кәсіпті игеру керектігін ескертеді.

Шәкәрімнің үшінші арманы – білімді азамат. Білім дегенде өмірдегі құбылыстарға қатысты дайын жауаптарды жаттап алуды емес, зиялы мағынасындағы: ақыл-парасаты, білімі мен мінезі қатарқылыптасып, нені болса да сабырмен, ақылмен шешетін ойлы адам.

Абай түсінігінде тұлға, азамат болудың шарты – «нұрлы ақыл, ыстық жүрек пен қайратты қатар ұстауда» болса, Шәкәрім азаматы «арлы». Бұл ойшылдың ең жоғарғы адамшылық сатысы. «Жоғарғы айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан... «ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгесі оңай...»

«Ар білімі» – деп, «ар білімі нәпсі кеселін жоюға керек» деп атап жазған ойшыл, «ар білімін» имандылықты, адамгершіліктің қалыптасуын, адам мінез-құлқының принциптері мен нормаларын зерттейтін этика ғылымы деген деңгейде қарастырады.

Сонымен, Шәкәрімнің «арлы азаматы» жақсы мен жаманның жігін ажыратып қана қоймай, сөз бен істе түзу, әділ жолдан аумайтын, орынсызды айтпайтын, намысшыл азамат. Экономикалық тұрғыда заман талабын, әлеуметтік қажеттілікті сезінуші (ол тұстағы қажеттіліктің алғашқысы

– отырықшылыққа көшу), еңбекшіл кәсіпкер, табиғи әрі рухани дүниеде нық бекіген, ішкі дүниес біртұтас әрі азат, өмір жолын өзі таңдап, тағдырын өзі жасаушы, жүрген жерінде әділет, ынсап, мейірім көрсетіп, жамандыққа жол бермес білімқұмар тұлға.

Жеке адамның ой бостандығы, көңіл тазалығы, рухани еркіндігі мәселесі Шәкәрімнің «Жастарға», «Ашу мен ынсап», «Дүние мен өмір», «Мақтау мен сөгіс», «Міндеу мен күндеу», «Піскен мен шикі», «Мал жимақ», «Жан мен дене һәм көңіл», «Сен ғылымға», «Тумақ, өлмек -тағдырдың шын қазасы», «Ескіден қалған сөз теріп», «Серігім жалғыз Әупіш қасымдағы», «Анадан алғаш туғанымда», «Жас алпыстан асқан соң»,

«Тура жолда қайғы тұрмас», «... ға жауап», «Мал да аяулы, жан да аяулыболса егер», «Сұраған жанға сәлем айт», т.б. өлеңдерінде карастарылады. Абай жазып кеткендей, жастардың алды орысша оқи бастағанымен «орыстан оқыған балалардан да артық жақсы кісі шыға алмай», себебі, «орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам деген» заманда, дін көбейіп, сенім азайған, рухани тоқырау мен рухани бодандық күш ала бастаған шақта бұл мәселенің қойылуы заңды да. Мұндай құбылыс етек алып кетсе рухани құлдықтың нәтижесі қазақтың этнос ретінде жоғалуына әкелетінін түсінген ойшыл мәселені екі түрлі жолмен шешуге тырысады: 1. не түрлі ілімге, дінге кеудесі ашық халықтың оларды ойсыз қабылдауға емес, нені болса да сын елегінен өткізіп-талғап игеруге, түпкі мақсатты аңдауға шақырса; 2. «өз жаныңа үңіл!» «нәпсіні тый!» «жан тілегін тыңда!» деу арқылы өз ұлтыңның орыс ағайынға «рухани кірме» болу жағдайынан құтқарып, бір күндік қызықты емес, өз рухани тарихи тегі мен ұлттық дәстүрін ойлатуға, еске салуға, жандандыруға тырысады.

«Қайтқан шал» өлеңінде – өмірді күніне сансыз керуен келіп-кетіп, сауда-саттық тоқтаусыз жүріп жататын, нені іздесең соны табатын керуен сараймен салыстырып, өзін ондағы көп қызыққа құмарланып жүріп жолдастарынан

көз жазып қалып, кейінгілердің әжуасынан кейін қадірін кетірмей, кері қайту керек екендігін түсінген жолаушыға теңеп, «қайта келмес қақпадан әрі өтер» алдында артта қалғандарға өсиет-ескерту ретінде былай деп жазады:

*Кейінгіге сәлем айт біз байғұстан,  
Бұл сарайда көп екен бізге дұспан.  
Қызықтырып, қыздырып алдайды екен,  
Біреуі іштен болады, бірі тыстан.  
Тегінде алдатады ескермесе,  
Сырты асыл, іші қандай, тексермесе.  
Аларында бәрі алтын, жарқырап тұр,  
Түбінде пайдасы не, деп көрмесе.  
Ұтқызған боп алады өзіңді ұтып,  
Байқамайсың қойғанын бітеу жұтып.  
Кейінгінің қалмалық обалына  
Сонда мақұл боламыз бір құдайға*

деп кейінгі ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезіміне жүгінеді.

«Ал сондағы амал не?» деген сұраққа берер жауабы:

*Олай емес, ойласаң талай мін бар,  
Бұрын шын, аталы шын, анық шын бар.  
У берді ме сусын деп, су берді ме,  
Көзің жұм да жұта бер деген кім бар?  
Кім айтса да сынамай қойма, жаным,  
Ақылыңа сынаттып ойла, жаным.  
Паленшекем айтқан сөз дұрыс қой деп,  
Жүректің таразысын жойма, жаным.  
Тегіс тексер, аз көрсең, сыр мен сынын,  
Түзетуге именбе, тапсаң мінін.  
Сынамасаң жақсының сөзін көріп,  
Талабыңды жоғалтар іштен сорып.*

Рухани экспансияға, өз кезіндегі саяси тәртіп пен асыра сілтеушілікке көне алмаған Шәкәрім өзі мен орта, өзі және дүнияуи тіршілік арасында шекара белгілеп, өз қарсылығын бұл дүниеге қатысты тілегі мен байланыстарын тоқтатып,

рухани тыныс алуға бет бұруымен көрсетті. Бірақ дүниеден безу, шекара қоюдың өзінде де ойшыл мөлшер сақтауға ұмтылады. Бәрінен біржолата бас кешпейді – қоғамдық белсенділігін тоқтатып, рухани белсенділігін дамытады. Үлкен ерік, алып творчество иесі Шәкәрім тек өзі мен өз қызығушылығы шеңберінде бүтіндей тұйықталып қала да алмаған болар еді. Ал шекараны Шәкәрім суфизмнен табды.

Сонымен, Шәкәрімше, рух бостандығына жетудің әдістері, жолы: 1. еңбек, 2. өнер, 3. жалпы білім, 4. «ар білімі». Тек соңғысы ғана қарым-қатынастағы, іс-әрекеттегі қажетті және жеткілікті мөлшерді көңіл көзімен көріп, берік ұстануға үйретпек. Осы жерде Шәкәрім «құба төбел» ұғымын философиялық өлшем ретінде ұсынады:

1. Ат болсын, киім болсын, мінез болсын,

Құба төбел істі қыл жарасымды.

Құба төбел дегенді ұқсаң керек,

Орынсызды ісеме, болсаң зерек!

«Құба төбел» – ақылдың, арлылықтың көрінісі. Ұшқарылықтан, біржақтылықтан, ифрат пен тафриттен сақтандырып отыратын алтын органың темірқазығы.

Адамшылықтың көрінісі – мінез ұстамдылығында деп білген Шәкәрім «Ер қоспақ пен сөз сөйлемек» атты өлеңінде бес түрлі ер тоқым түрі мен бес адам образдары арасында кызықты теңеу жүргізеді:

1. Кей ердің алды биік, арты аласа

Оны көрсем қаламын таң тамаша.

Алды қаңқақ, ерінің арты жалпақ,

Атын жауыр қылады-ау, байқамаса

1. Біреу сөйлер басында батыр шығып,

Жеп жіберер кісімсіп жерге тығып.

Ер жүректі еркекке жолыққанда,

Ыржаң қағып, жалынып кетеді ығып.

2. Кей ердің алды аласа, арты биік.

Мінбей жатып атыңды қылады иық.

- Бас бітімі бәсеңдеу көрінсе де,  
Адырайған артында болмас сиық.*
- 2. Кейбіреу басқы сөзін тым майда айтар  
Аздан кейін сөзінен көңіл қайтар,  
Қалжыңдасып отырып ыза болып  
Көзі аларып, күресін адырайтар.*
- 3. Кей ер бар жанға жайлы, үсті жалпақ,  
Жатып алар жалпайып, атқа салсақ.  
Желдік салмай міңуге жарамайды,  
Тегіс тиер оқпаны сонша талтақ.*
- 3. Кейбір сөз аласалау, көзге сынық,  
Көрінер, байқамасаң, мөлдір, тұнық.  
Желдік салып, сақтанбай міне көрме,  
Асты арам, үсті жатық, ол бір қылық*
- 4. Кей ер бар тар қосылған, тоқым қаппас,  
Шалтай тартып қойсаң да атқа жатпас.  
Ілгерінді – кейінді қоқаң қағып,  
Ат арқасын ыспалап тыным таппас.*
- 4. Мұны айтпай-ақ білерсің өздерің де,  
Ондайларды көріп жүр көздерің де.  
Қоқаң қаққан қолайсыз бір адам бар,  
Байлау, матау болмайды сөздерінде.*
- 5. Кей ерді сом қосылған дейміз тәуір,  
Атқа жайлы болса да кісіге ауыр.  
Бір желгізбей астыңа тақ-тақ етіп,  
Мініп алсаң қылады қоңды жауыр.*
- 5. Кейбіреу тік айтуды қылады өнер,  
Оның сөзі топастау, ащы келер.  
Өршіл жігіт дегенге айтып салып,  
Аузы-басы қан болып шыға берер.*

Осылайша диалектиканың маңызды категориялары мән мен құбылыс, түр мен мазмұн туралы толғанып кеп болмыстың сыртқы жағы мен ішкі астарлы сыры бар екені, ол екі жағының біріне-бірі әрқашан сай келе бермейтіндігі, бір нәрсенің табиғатын толық түсіну үшін оның анықтаушы тағы басқа түрлі жақтарының қайшылығын, қарама-қарсылығын

бірлікте қарастыру керек екендігі туралы тұжырым жасайды.

Шәкәрім көзқарастары Шығыс пен Батыс философиялық ілімдерін қатар қарастырып, керектісін алған синкретикалық сонылығымен, қазақ қоғамының ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы рухани және болмыстық ерекшеліктерін бейнелеуімен қазақ ұлттық философиясының антропологиялық дүниетанымының іргесін қалады. Адам феноменін ол табиғат пен тарих мүмкіндіктерінің өзіндік өлшемі, материалды дүниенің көптүрлі формалары дамуының үлгісі ретінде қарастырады. Сонымен қатар Шәкәрімнің дүниенің «адами сипатына» жасаған анализі оптимистік тұжырымдар мен соны да бірегей концепцияға әкелді.

Абай түсінігінде тұлға, азамат болудың шарты – «нұрлы ақыл, ыстық жүрек пен қайратты қатар ұстауда» болса, Шәкәрім азаматы – «арлы». Бұл – ойшылдың ең жоғарғы адамшылық сатысы. «Жоғарғы айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан... «ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгесі оңай...»

«Ар білімі нәпсі кеселін жоюға керек» деп атап жазған ойшыл Шәкәрім «ар білімін» имандылықты, адамгершіліктің қалыптасуын, адам мінез-құлқының принциптері мен нормаларын зерттейтін этика ғылымы деген деңгейде қарастырады. Сонымен, Шәкәрімнің «арлы азаматы» – жақсы мен жаманның жігін ажыратып қана қоймай, сөз бен істе түзу, әділ жолдан аумайтын, орынсызды айтпайтын, намысшыл азамат. Экономикалық тұрғыда заман талабын, әлеуметтік қажеттілікті сезінуші (ол тұстағы қажеттіліктің алғашқысы – отырықшылыққа көшу) – еңбекшіл кәсіпкер, табиғи әрі рухани дүниеде нық бекіген, ішкі дүниесі біртұтас әрі азат, өмір жолын өзі таңдап, тағдырын өзі жасаушы, жүрген жерінде әділет, ынсап, мейірім көрсетіп, жамандыққа жол бермес білімқұмар тұлға.

Шәкәрімнің «Шын бақыттың айнасы» атты әңгімесінде бақ деген нәрсе танымнан, баланың тілі шығып, ойынға енген кезінен басталатындығы, дүниенің қызығы адамды алға жетелейтіндігі, бойындағы қадір-қасиетін айшықтайтындығы айтылады. Есер адам баянсыз іс атқарып, қызықты нәрселерді құнсыздандырып, өмірін босқа өткізумен болады. Балалықтан соң бозбалалыққа қызығып, онан әрі «адамшылық» атты баққа қызмет қылып кісімсіп, ақырында малға құл болады. «Адамшылық деген алдамшы ат қойылған антұрған, айтпай-ақ қойылсын. Атына заты тіпті келмейді. «Мал – байлық» деген керек те болса, боқтың арасынан былғанбай алу, ар иман кетірмей сақтау мүмкін емес», – дейді Шәкәрім. Бұл жерде қазақ даласындағы рухани құндылықтар ұғымының қаншалықты аты ауыстырылып, өңі айналғаны, байлық жасау, сақтау механизмі адал еңбек, дәстүрлі кәсіп, заңды өндіріске емес, дау-жанжал, алдау-арбау, біреудің есебінен ат оздыруға құрылғандығы туралы күні бүгінге дейін мәнін жоймаған терең ой айтылған. Әркім өзіне туғаннан берілген шынайы махаббат пен таза жүректі «қалдырмай, бұзбай ала жүріп, барша адам баласын өз бауырындай көріп, махаббат, ғадалат қылсаң... оны жолдағы жалған атақтарға айырбастап кетпесең - шын бақ сол еді».

Қоғам – сезімдер, пайымдар, жандар тіршілігінің соқтығысуының орны. Ал нағыз күрес алаңы – адам жаны. Онда сәт сайын «нәпсі шайтаннан», «адам тәнінің» әлсіздігінен туындайтын кемшіліктер мен жан тазалығын, үйлесімі мен рахатын талап ететін ұждан арасында күрес жүріп жатады. Егер әр қоғамда, адамдағы иман тазалығын сақтауға, бұзбауға бағыттталып күш-әрекет жұмсалмаса, ондағы гармониядан хаос үстем болып кетеді.

Шәкәрім ілімінің онтологиялық схемасындағы Себепсіз Себеп – дүниенің универсалды негізі болғанмен, адам, қоғам тіршілігіне қатыспайтын, шектеулі бастама.

Шәкәрімше, тіршілік басы – түп жаратушы. «Ол түп себептің білім, құдірет, шеберлігінде өлшеу жоқтығы

мынадан анықталады. Барлықтың не нәрсесіне қарасаңыз да, мақсұтсыз, керексіз жаралған емес. Бәрін айтпай-ақ өзіңіз ойлаңыз: құлақ, мұрын, ауыз сияқты мүшеңіз мақсұтпен жаратылғанын көресіз. Ғылым жолымен өсімдік ағаштардың тамыры, өзегі, қабығы, жапырағы гүлі сияқтылардың бір де бірі мақсұтсыз деп айта алмайсыз. Бұлар нені көрсетеді? Түп себептің бүйтіп салған жолына қарағанда, оның білім, құдірет шеберлігінде өлшеу жоқтығын анықтайды. Адам жаны – Жаратушыдан берілетін құдіретті ұшқын. Барлық Ағартушылық өкілдерінікі сияқты Шәкәрімнің көзқарастарында да Руссоның педагогикалық теориясының негізгі сипаттарын көруге болады: табиғи түрде тәрбиелеу туралы талап, еркін және тұтас адам жасау мақсаты, тәрбиеленушінің тұлғалық бастамасына деген құрмет, ақыл-ойлық және адамшылық тәрбиені еңбек мәдениетімен қатар дамыту, т. б.

Шәкәрімнің «ар ілімі» бойынша – «бұзылмайтын, мәңгілік жаңарып, жоғарылайтын жанның тілегі бар. Ол – ұждан. Жанның екі өмірде де азығы – ұждан». Ұждан деген – ынсап, әділет, мейірім. «Жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған сайын жоғарылайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Мәселен, таза дене, таза, толық мінез, ой, істер керек қылады, соңғы өмір үшін керек қылады. Соның қатты керегі совесть – ұждан. Оны осы өмір үшін керек қылмайды, соңғы өмір үшін керек қылады. Себебі егер бұл өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады».

Ұждан – Тәңірі мен дүние, шексіз бен уақытшаның, объект пен субъекттің арасын жалғастырушы жан қажеті, сұранысы. Онтологиялық жағынан қарастыратын болсақ, ұждан жаннан, жан Алғашқы Себептен таратылады. Бірақ талдау барысында байқағанымыздай, әрбір адамның міндетті түрде жаны болғанымен, («оған дәлел: ерік, мақсат, ой, талап, сезім, білім»), бәрі бірдей ұжданды болмауы мүмкін. Өйткені «жанының неге ұмтылатынын», «ұжданды тілейтінін» кей адам надандықтан біле бермейді. Яғни адам



ұждансыз да өмір сүре алады. Бірақ тілегі орындалмаған жаңды оны тазартушы, қозғаушы, итермелеуші күші – ұждан болмағандықтан, нашар қасиеттер (нәпсі, зорлық, алдау, мансапқорлық, өзімшілдік, мейірімсіздік, мақтан) жайлап кетеді. Ал оны содан соң не елемеу, не тыйым салу, не аскеза арқылы тазартып алу мүмкін болмайды.

Адам болмысы баршаға ортақ; көрер қызығы, қайғысы осы екі дүние аралығынд. Өмір мен өлім бәрімізге бір. Олай болса, адамға керегі – имандылық. «Адам жанының өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды... нана алмаған кісінің жүрегін ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды».

Абай «сезімсіз ақыл – шолақ» деп, ғылымды білім мен сезім синтезі ретінде қарастырып, жүрек қызметін баса айтып, адам бойында ақыл, қайрат, жүректі қатар ұстауға шақырып, сезімнің, жүректің шешуші орнын жақтай сөйлейді. Ал Шәкәрім сезім мүшелерінен хабар алып отыратын мидағы ой қызметін, таза толық ақылды көбірек айтқанымен, ой-әңгіме түйінін жүрекке әкеліп тірей береді. «Шын бақ деген – шын таза жүрек екен», – дейді «Шын бақ қайсы» деген әңгімесінде. «Барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға тиіс», – деп қорытады «Мен жетпіс екі жасқа келгенше» деп басталатын әңгімесінде.

«Қазақтың Сократы» Шәкәрім рухани патшалықты, өмір мәнін объективті дүниеден емес, адамның өзінен іздейді және табады. Қозғалыс сыртқа емес, субъектінің өз ішіне бағытталады. Не табиғаттағы эволюция, не тарих немесе прогресс адамшылықтың кепілі бола алмайды. Тек қана ұждан!

Шәкәрім түсінігіндегі «нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздейтін» ар білімнің негізі – осы. Адам болмысының сыры, адам табиғатының кілті ұжданда тұр. Әрбір ел, мемлекет, оның әрбір азаматы бар кілттипанның осында екенін: нәпсі кеселін тыйып, ұжданын аршып алғанда ғана әділетті қоғам, дәулетті тұрмыс, адамдар

арасындағы мейір-шапағатты қарым-қатынасқа алғашқы басты қадам жасалатынын түсінуге тиіс.

Шәкәрім философия тарихында маңызды екі бағыт, екі түрлі дүниетанымдық ұстаным бар екенін дұрыс түсінді. «Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі: дене өлсе де жан жоғалмайды, өлгеннен соң да бұл тіршілікке тіпті, ұқсамайтын бір түрлі өмір бар. Сондықтан жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді. Мұны ақырет – өлгеннен соңғы өмір жолы дейді. Енді бірі, бұл әлемдегі барлық нәрсенің бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп жаратқан иесі жоқ, һәм өлген соң тірілетін жан жоқ дейді» – деп жазды Шәкәрім «Үш анықта».

Ойшыл идеализм, материализм демесе де соларды анықтап отырғаны түсінікті. Осы екі ұстанымды түсіндіре келіп Шәкәрім өзіндік концепция ұсынды. Оның пікірінше, бірінші – ақиқатты жаратушы мен жанның мәңгілігін мойындайтын сенім, яғни діни ақиқат құрайды. Екінші ақиқат – сезімдік қабылдаулар мен рационалдық ойлауға сүйенетін ғылыми ақиқат. Үшінші ақиқат – бұл жан ақиқаты, оның субстанциалдық негізі – ұждан.

1-анық	Діни-идеалистік түсінік	Жаратушы мен жанның мәңгілігін мойындайтын сенім діни ақиқат құрайды
2-анық	Материалистік түсінік	Сезімдік қабылдаулар мен рационалдық ойлауға сүйенетін ғылыми ақиқат
3-анық	Антропологиялық түсінік	Адам бойындағы жанның ақиқаты, оның субстанциалдық негізі - ұждан

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз дәуірінің рухына сай терең де соны, гуманистік сипаттағы философиялық жүйе жасады. Діни емес, философиялық мәселелерді қарастырды және адам мәселесін осы тұрғыдан шешті: адамға жұбанышты, мақтанышты, сүйіншілікті адамның өзінен тауып берді.

Сондықтан гуманистік дәстүрді жалғастыра отырып, өзі және ұлты үшін шартты дін – ұждан теориясын жасады.

Алғашқы ұлттық философиялық жүйе болып табылатын эволюциялық-диалектикалық идеялар мен идеалистік бағыттағы Шәкәрім ізденістері ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан философиялық ойында үлкен мәнге ие болды және оның дамуын бейнеледі.

Ұлттық философияның жаңа белеске, жоғары сапалық дәрежеге көтерілгенін көрсетті және ойшылдың бұл саладағы рухани потенциалын байқатты.

### Әдебиеттер:

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 1961. – 213-б.

2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.

3. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.

4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.

5. Абдрасилова Г.З. Философия: тарихи-теориялық дискурс. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 780 б.

6. Орынбеков М. Философские взгляды Абая. – Алматы, 1995. – С. 114.

7. Абдрасилова Г.З. Шәкәрім философиясы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 131 б. – 91-93-беттер.

8. Еділбаева С.Ж. Философия (сызбылар мен кестелерде). Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 172 б.

9. Еділбаева С.Ж. История и философия образования. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 305 с.

10. Еділбаева С.Ж. Білім беру: модерн және постмодерн кеңістігінде. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 310 б.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Жаңабаева Динара Мұхтарқызы,  
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
Институтының аға ғылыми қызметкері, PhD;*

*Бекқадамов Рахат Әлиасқарұлы,  
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі  
Әкімшілік департаментінің бастығы, полковник*

Өзі өлсе де сөзі өлмеген ойшыл Абайдың ұлағаты уақыт өтсе де өміршеңдігін жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан гуманистік ойлары мен дүниетанымы екі ғасырға жуық уақыт өтсе де өзектілігін жоймады. Заманауи Қазақстан қоғамының жаңғыруы жолындағы ұлттық сананың өрісін кеңейту мәселесі туғанына 175-жыл толған ұлы ойшылдың ой-пікірлерімен үндестірілген.

Қоғамның жаңғыруы аясында оның шығармашылығындағы гуманистік дүниетанымға толы бай мұрасын зерттеп, зерделеу ерекше қажеттіліктерді тудырып, оның философиялық ақыл-ой кеңістігіне үңілудің маңызды жолы ретінде танылып отыр. Осы орайда данышпан Абайдың мұрасы қазақ халқының болмысын, руханилығын түсініп, оның болашағын анықтауда табылмас қазына. Абай философиясының негізгі мәселесі – адамгершілік, ізгілік, этикалық мәселелер. Бұл мәселелерді ұлы ойшыл адамның, әлемнің мәні, адамның құдайға қатынасы сияқты жалпы философиялық сұрақтарға жауап іздеу арқылы шешеді. Белгілі философ, абайтанушы Ғ. Есім «қазақ философиясын өзіне тән менталитетінен шығарсақ, біз Абай дүниетанымын аттап өте алмаймыз. Сонымен қазақ философиясы деген үлкен әңгіме Абайға тіреледі», – деп, Абайдың қазақ философиясынға орнының ерекше екендігін баса айтады [1].

Абай адамды табиғаттың туындысы ретінде емес, құдайдың, оның адамға деген махаббаты мен даналығының туындысы ретінде қарастырады. Яғни, адамның мәнін табиғат емес, құдай анықтайды. Бірақ бұл Абай адам толығымен құдайға тәуелді деп есептейді дегенді білдірмейді. Шынайы сенім арқылы ол адамның мәнін, тіршілігінің мақсатын анықтайды. Өзінің негізгі сипатында өзгеріссіз қалатын құдайдан басқа барлық болмыстың өзгеруі идеясы бойынша Абай адамның рухани жетілу мәселесін көтереді. Ол адамның көптеген жаман қасиеттері мен оны жеңудің жолдарын көрсетеді. Ондай қасиеттердің ең негізгісі Абай үшін сауатсыздық болды, қалғандары осыдан тарайды. Адам туғаннан қайырымды да, зұлым да емес. Ол тәрбиенің нәтижесінде, заманының ағымына, өзінің қоршаған ортасына байланысты дамиды. Адамгершілікке жетелейтін бірден бір жол, Абай үшін, білімге, ғылымға құштарлық болып табылады.

Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта жаңғыртудың өзектілігін атап өткен еді. Рухани және мәдени құндылықтарды сақтап және оны еселеу аталмыш бағдарламаның негізгі мақсаты. Н.Ә. Назарбаев ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесін қозғай отырып, ұлы классиктің өшпейтін ойларына назар аударуға шақырады, бұл бүгінде өте өзекті, себебі ол келешек ұрпақтың рухани бағдары болып қалмақ. Ойшыл өз замананыңда-ақ ұлтты тек рухани жаңғырту арқылы құтқарып алып шығуға болатынын айтқан еді. Оның дәл осы сынды пікірлері қоғамдық сананың жаңғыруының кілті болып табылады.

Ал Қ.К. Тоқаев өз кезегінде Абайдың биылғы 175 жылдық мерейтойы қарсаңында жарияланған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналғандығын айтады. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен да-

муына жол аша алатындығымызды атап өтті. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор, себебі ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлттың жаңғыруы жолында оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн екендігін атап өтті [2].

Абай тек өз дәуірі үшін ғана емес, дәл қазіргі күні де өзекті мәселелерді, яғни жалпыадамзаттық мәселелерді көтерді. Ол өзінің философиялық идеяларын поэзия арқылы берді. Сондықтан оларды кей кезде талдау қиынға түседі. Сондықтан оларды талдау кезінде әр түрлі пікірлер кездеседі. Мысалы, Абайды – деист, рационалист, тұрақты емес материалист деп те жазды. Осы анықтамалардың барлығына Абайдың шығармашылығынан дәлел табуға болады, бірақ осылардың бірде біреуі жеткілікті түрде Абайдың дүниетанымын сипаттамайды. Өйткені, бұл талпыныстардың барлығы батыстық философияға тән құрылымдар, оларды табиғаты ерекше қазақ философиясын қолдану дұрыс нәтиже бермейді. Сонымен қатар, қазақ философиясы – поэтикалық тұрғыда туындағын философия.

Абайдың философиясын түсіну үшін оның мақсаттарын нақтылап көрсету ғана жеткіліксіз, бұл – өте үстіртін қарайтын тәсіл, ол данышпанның дүниетанымының мәнін ашпайды, оның барлық мақсаттарын, идеяларын бір жерге жинақтайтын негізгі мәні ашылмай қалады. «Абайдың дүниеге көзқарасы ойы мен қыры мол, күрделі. Оны біржақты бағалауға, бір бояумен көрсету мүмкін емес» [3].

Өз философиясының орталық мәселесі ретінде Абай барлық тарихи кезеңдерде маңызды болып келген, солай бола тұра шешімі күрделі, әсіресе Қазақстан үшін қиын кезең болған XIX ғасырдың екінші жартысына келетін уақытта адамгершіліктік-этикалық мәселелерді қойды. Әрине, бұл мәселелер жалпы философиялық мәселелерсіз жеке дара шешуге келмейтіні белгілі. Ең негізгісі әлем мен

адамның мәні, адамның құдайға қатынасы және т.б. Абай да өз шығармаларында осы мәселелерді қарастырды.

Абайдың қара сөздері ғалымның даналық ілімінің негізгі қайнар көзі және ақын ойының бағалы туындысы. Өмірінің кемелденген шағындағы айналадағы ортадан, әлеуметік күрделі қатынастардан шаршаған Абайдың ғұламалық санасы. Жас күніндегі танымы мен кемелденген сананың танымындағы қайшылықты, атап айтқанда екінші қара сөзіндегі басқа жұрттардан өзін артық санаған қазақ елінің мешеулік күйін терең толғаныспен жеткізе біледі. Көзқарас қайшылығының тәжірибелік таныммен терістелуі, Абай ойындағы қазақ халқының жетілуі, сол қара сөздегі халықтардың ерекше жағымды қасиеттерін игере білумен шешіледі. Басқа жұрттардың жоғарғы дәрежеге жетуі туралы Абай: «Оның бәрі – бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері» деп қорытып, содан үлгі алуға шақырады.

Абай адамды оның анатомиялық құрылысымен табиғаттың туындысы ретінде қарастырған жоқ, ол адамды құдайдың шығармашылық іс-әрекетінің туындысы ретінде қарастырды, оның данышпандығы мен адамға деген махаббатының туындысы деп түсінді. Сондықтан, оның ойынша, адамның адамгершілігі оның табиғатымен емес, сенімімен байланысты. «Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам адам баласын асырайтын қылып, һәм оларды махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан. Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм гадаләт һәм махаббат бар.

Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ

беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?», – деп жазды Абай отыз сегізінші сөзінде [4]. Яғни, адамның мәнін табиғат емес, құдай анықтайды. Бірақ бұл адам толығымен құдайға тәуелді, оның тағдыры тек соған ғана байланысты деген сөз емес. Біз Абай дін мен шынайы сенімді ажыратты деп айтып кеттік.

Сол шынайы сенім арқылы ол адамның шынайы орнын, өмір сүруінің мақсатын, адамның шынайы мәнін анықтауға тырысты.

Адамның адамгершіліктік оң қасиеттерінің негізі ретінде Абай білімге құштарлықты, ғылым, білім үйренуді алады. Тек көзі ашық адам ғана өз нанын өзі, өз еңбегімен табады, әділеттілікке құштар болады, басқаға зұлымдық, жамандық жасамайды, өзінің бойына игі қасиеттерді жинайды. Бұлай болатын себебі, дейді Абай, оқыған, көзі ашық адамның жүрегіне құдайға деген кіршіксіз таза және ақиқат сенімнің (иман) сәулесі енеді. Мұндай сенім діни екіжүзділіктен, алдау мен надандықтан ада. «Абай хакімдігінің тағы бір қыры, оның гуманизмінде. Қазақ тілінде «адамгершілік» деген түсінік жиі қолданылады, бұл сөз Абайда жоқ, ол адамшылық дейді, тегі осы ұғымды қолданған дұрыс-ақ болар. Абай ақиқатты тануды білім деп санайды. Ақиқаттың жоғарғы сатысы – ол болмыс, дүниені тану маңыздылығының құпиясы деп танылады. Адамның өміріндегі білімнің рөлі өте жоғары, адамды адаммен теңестіретін білім, ақыл мен таным өмірді толық мәнді ететін адам бойындағы жоғарғы қасиет. Ақыл арқылы адам дүниенің кез-келген құпиясын түсінуге әзір. Бірақ сол ақылды адам шыңдап отырмаса, ақпараттар ағыны заманында тоқырап, кешеуілдеп, мардымсызданып қалуы мүмкін. Абай өз заманында болашақтағы білімнің



құрылымы күрделене түсетінін аңғарған. Бір күн оқымаған, жаңа мәлімет алмаған маман өз саласының алдыңғы қатарлы шебері болуынан қала бастайтын заман туындап отыр.

Абай өлеңдерінде мейірімділікке, сұлулықты бағалауға шақырады. Сонымен қатар ақын әр адамның өмірде өз орнын табуының маңыздылығын атап көрсетеді. Адамның өз орнын, өзін табуына жол сілтеу, бағыт беру – ағартушының, бұқараны тәрбиелеушінің бірінші міндеті осы деп біледі. Осыдан келіп «Адам бол!» деген Абай этикасының негізгі принципінің мағынасы мен мәні ашыла түседі: әр адам өзінің шығармашылық мүмкіндігін іске асырып, өзін жетілдіре алады және жетілдіруі тиіс. Сонда ғана ол жаратылысынан өзіне белгіленген орынға сай келеді.

Кез-келген халықтың өзіндік адамгершілік және рухани тірегі бар. Қазақ халқының санасындағы осындай тірек Абайдың шығармашылық мұрасы болып табылатыны анық. Себебі оның шығармашылығында қоғамның өзекті мәселелерінің пайымы барынша қамтылған. Халықтың сана-сезіміне ықпал ету, өз шығармашылығы арқылы қоғамды жаңғырту, адамның ар-намысын құрметтеу гуманист Абайға тән сипаттар. Ол жаңа ойдың, жаңа дүниетанымның негізін қалап, жаңа этикалық және эстетикалық құндылықтардың қалыптасырушысы, ағарту, даму, өркениетті өмір сүру сияқты іргелі ұғымдарға назар аудара отырып, жаңаша өмір сүру принципі, болмыспен жаңа мұраттың ауадай қажет екендігін дәлелдеді. Қайырымдылық, қанағат, талап, шығармашылық ой, еңбек, сияқты адамгершілік қасиеттерді талдай отырып, осы қасиеттердің «толық адамның» қалыптасуының басты шарттары ретінде көрсетті. Міне, ұлы адамның ұлылығы олардың ұсынған ой-пікірлерінің, тығырықтан шығу жолының жылдар мен ғасырлар өтсе де өзектілігін сақтап қалуында.

Абай өмір сүрген замандағы қазақ қоғамының алдында тұрған мәселелер қазіргі күннің мәселесімен де үндесіп

жатыр, себебі олардың өзегі адам, оның дүниетанымының ерекшелігі. Осы орайда Елбасының: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – дегені ойшылдың шығармашылық мұрасының келер ұрпақ үшін мәңгілік өшпес өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады. Адам өмірінің рухани мәні адамгершілікпен келіп, осы қасиеті арқылы сақталып отыратындықтан, заманауи Қазақстанның қоғамдық санасының жаңғыруы аясында Абайдың осы философиялық, гуманистік көзқарастарын талдау ешқашан өзектілігін жоғалтпайды.

#### Әдебиеттер:

1. Есім Ғ. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). – Алматы: Ғылым, 1996. – 208 б.
2. Тоқаев Қ. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. Егемен Қазақстан. 09 қаңтар 2020 жыл. <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>
3. Алтаев Ж. А. Әл-Фараби мен Абай шығармаларының философиялық үйлесімі. Мамыр 05, 2020. <http://kazgazeta.kz/?p=99716>
4. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы. – Алматы: Дәуір, 2006. – 560 б.

## ТҮРКІ ДҮНИЕТАНЫМЫ – ҚАЗАҚ ЭТИКАСЫНЫҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫ

*Шакир Жарас Бердыбекұлы,*

*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
тарих және құқық институты, Саясаттану және  
әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы,  
«Философия» мамандығының 1 курс докторанты*

Орта ғасырда исламның келуімен махаббат феномені Құдай мағынасымен Құдайдың қағидатына толы болды. Сүюдің бастапқы мағынасы Құдайды сүю, Құдайды сүюден адамның адамға деген махаббаты, өмірге, бүкіл тіршілікке деген сүйіспеншілік оянады. Тарихтың осы маңызды кезеңіндегі махаббат тақырыбы рухани мағынаға ие болады. Құранның мәтіндерінде сол кездегі көптеген діни ағымдарға сүйіспеншілік жарқыны байқалған, оларға: философия, қалама, мутаизм және суфизмді жатқызуға болады. Бұл тақырыпқа философия және басқа да бағыттар тұрғысынан жүгінсек, сол уақыттың барлық ілімдері жағынан осы тақырыпқа қандай да бір дәрежеде қызығушылық танытқанын атап өту қажет. Алайда философтар осы тақырыпты аса бір қызығушылықпен дамытпады. Шығыс перипатетизм өкілдері ізгілік, зұлымдық, бақыт ұғымдарын этикалық – адамгершілік проблематикасын талдай отырып, әл-Кинди, әл-Фараби, ар-Рази сияқты ғалымдардың махаббат түсінігі және махаббаттың пайда болу себептері туралы көп пікірлерлері айтылды.

Әбу Әли Ибн Синаның «махаббат туралы трактаты» және Ибн Хазмның «көгершін алқасы» туындысы ислам әлемінде алғаш рет философия мен Шығыс мәдениеттану тұрғысынан – «адаба» – деген феноменнің пайда болуына әкелген [1, 104-106 б.].

Әбу Әли Ибн Сина өзінің «махаббат туралы трактатында» – махаббаттың табиғаты мен мәнін талдайды. Оның жазған ой-пікірлері Аристотель, Платон және неоплатоникалық философияға өте жақын болған.

Ибн Сина махаббаттың негізгі принципі былай делінген: «барлық дүниеде бар нәрселер (сыртқы принцип) табиғи жетекшілікке және туа біткен махаббатқа ие. Сондықтан құрамында махаббаттың бар болуына байланысты олардың өмір сүруінің себебі бар» [2, 21 б.]. Бірақ махаббат қайдан шығады? «Әр заттың болуы (жоғарғы принцип) туа біткен махаббатпен анықталады... Осылайша, барлық бар нәрселердің болмысына махаббаттың рөлі жоғары, махаббатың болуына байланысты олар дүниеге келеді. Әлбетте, бірде-бір жеке субстанция махаббаттан айырылмаған...» [2, 21 б.]. Ибн Сина махаббат пен сұлулыққа ұмтылу бір тұтас деп санайды. Махаббатпен сұлулықты байланыстырып, Ибн Сина оны махаббатқа жету жолы деп бекітеді. Енді Платонның «Пир» деген диалогын еске түсірейік: «махаббат жолында дұрыс бағытта жүрген адам әдемі, ғажап, дұрыс жолдың соңына жеткенде, кенеттен ғажайып, әдемі нәрсеге көз жеткізеді, Сократ өзінің еңбектерінде, ол туралы жазған – оны мәңгілік, яғни тууды да, өлімді де, өсуді де, қорлауды да білмейтін нәрсе деп бейнелеген...» [3, 18 б.].

Әдемілікке сіз махаббат арқылы қол жеткізесіз. «Махаббатта осы жолмен жүруін керек – өзін жалғыз немесе біреудің басшылығымен: ең басында өз жылуынды сыйлап, әрқашан баспалдақпен көтерілгендей, әсемдік үшін жоғары көтерілу керексін...» [3, 323 б.] Ибн Сина Платон сияқты сұлулықты махаббаттың тамаша көрінісі деп санайды.

Біз Ибн Синаның ой-пікірлерімен және Платонның тұжырымдарымен келісеміз, махаббатқа ұмтылысты сезімдік – жануар жанымен байланыстырып өлмеске талпынумен, бала тууға ұмтылу және әрі қарай махаббаттың жоғары идеялына - Абсолютқа дейін жетуге бой алу көрінісі. Платонмен салыстырайық: «жануарлар да, адамдар да, табиғатынан өлімге барар болса да мүмкіндігінше өлмеуге және мәңгілік өмір сүруге ұмтылады. Ал, ол нәрсеге тек қана бір жолмен ғана қол жеткізуге болады – өз орнына жаңа жаңды қалдыра отырып» [3, 116-142 б.].

Жоғары игілікке ие болу – өлмеске қатысты платондық пайымдаулар – сөзсіз Ибн Синамен қабылданды.

Махаббат туралы өз ой-пікірінде философ махаббаттың алғашқы нысаны туралы жиі айтады. Оған жетуге ақыл-ойы толық қалыптасқан жан тырысады. Неліктен? Өйткені ақыл тұрғысынан дамыған жан үйлесімділіктің, бірліктің және тұтастықтың, махаббаттың бірінші объектісінде шоғырланған барлық құштарлықтың бейімділігіне ие. Алғашқы махаббат нысаны – ол абсолюттік сұлулық көзі, алғашқы махаббат объектісі игілік пен ізгіліктің бірлігін білдіреді. Адамды Құдай жаратқанына байланысты, ол алғашқы махаббат объектісіне ұмтылады, кез келген нәрсе «табиғи басшылық көрсетумен мен өз бойында туа біткен махаббатқа ие».

Ибн Сина сүйіспеншілікті анықтаудағы басты рөлдердің біріне махаббат идеалдарын жасауға, оларды ойлауға мүмкіндік беретін қиялға береді. «Адам сондай-ақ керемет және әдемі нәрселерге көз жеткізуге қиял күшін қолданады, оның қиялының әрекеті таза ақыл-ойдың іс-әрекетіне ұқсайды.

Психология мен моральдің тұрғысынан Ибн Сина сезімдік махаббат проблемасын аса байыппен қарастырады. Ол адамда ақыл ойдың және жануар жанының үйлесімі қажет екенін жазады: «кейде адам әрекеті ақылға қонымды және жануар жанының араласуымен негізделуі қажет, мысалы, адамның ақылға қонымды күші индукция арқылы әмбебап заттардан өзіне керекті ақпаратты алуымен байланысты. Сондай-ақ, ол өз ой-пікірлерінде ақыл-ойға қонымды заттарға қатысты өз мақсатына жету барысында, қиялдың күшіне жүгінуі қажет екендігін атап өткен».

Ол өз мақсатына қарамастан құмарлыққа ұмтылған күштің әсеріне берілмей, өзіндік түрін сақтауға, алғашқы нәрселерге еліктеуге, әсіресе, табиғаттағы ең жақсы тіршілік иесіне адам түріне еліктеуге мәжбүр, тамақ пен сусын ішу әрекетін тек бір ғана рахат сезімін қандыру үшін емес, ең алдымен, табиғатқа көмектесу үшін, ең жақсы тіршілік түрін сақтауға бағытталады, ол индивидты сақтауға тырысу» [4, 323 б.].

Ибн Синаның махаббаттың шығу тегі туралы пайымдаудың басында махаббат – дионистік және парасатты

махаббат – аполоникалық бастама ретінде құмарлықты түсінуде антикалық контекстты көрсетуге болады. Ежелгі махаббат космосқа еліктеуден тұрады, ал, Ибн Сина – Құдайға деген махаббатты алғаш қойып, содан кейін адам түрін сақтау үшін қажетті парасатты сезім ретінде махаббатты пайымдайды.

Осы орайда Ибн Синаның махаббат феноменінің антикалық концепциясыдан алуы туралы ғана емес, осы мәселеге ортақ көзқарас тапқанын айтуға болады. Ф. Ницше «трагедияның тууы» жұмысында грек драмасы мен трагедиясын талдай отырып, Шиллерге қарсы антикалық әлемнің мәнін анықтайды. «Мүйізді проблема» – Ницшеге сәйкес ақыл мен ғылым мәселесі антикалық Грецияда аполоникалық және дионистік бастаулардың күресі ретінде анықталды. Махаббат дионистік құмарлықтың жоғары өрнегі ретінде, әрқашан Аполлонмен теңестірілді.

Аполлон мен Дионистің бірлігі ежелгі гректерге ұлы мәдениетті жасауға, ғарышты басқаратын осы екі күштердің бірлігінде гармоникалық бастауды іздеуге мүмкіндік берді, ұлы трагедиялар мен комедияларды құруға жол берді.

Ибн Сина, махаббат феноменін талдай отырып, сондай-ақ махаббат пен жеккөрушіліктің, ақыл-оймен ақылдың әлсіздігінің, құмарлықпен тыныштықтың бірлігі арқылы үйлесімсіз бастаманы анықтауға тырысты.

Густав Эдмунд фон Грюнебаум Деноми сияқты Франциядағы орта ғасырлардан кейінгі барлық махаббат тақырыптарының араб философтары бастағанын айтты.

Ибн Синаның «Махаббат туралы трактаты» және куртуаздық махаббатты Деноми компаративистік талдауында, бәріне белгілі куртуаздық махаббаттың 4 элементінің барлығын Ибн Сина түсіндіргенің баяндайды [5, 191б.], фон Грюнебаумның келіспейтіндігі, ол «махаббат идеясы сүйіспеншілік үшін» көне уақыттан белгілі болған, және ол, жалпы, адамның мәні мәселесімен байланысты.

Фон Грюнебаум былай баяндаған: «махаббат идеясы сүйіспеншілік үшін, сондай-ақ сүйікті адамның жоғары көтеру сияқты ойлар, Ибн Синаның жұмысына дейін 200

жылдан астам уақыт бұрын табуға болады. Махаббат идеясы ешқашан жүзеге асырылмайтын ықылас ретінде, уақыт өте келе ақындармен қозғалады, бірақ ешқашан доктрина күшіне ие болмайды. Сонымен қатар, бұл идея мақсаттың ажырамас бөлігі ретінде ұсынылып, таза ниетпен өздігімен қозғалушы күш ретінде, «таулар» шыңына жетелейтін, неоплатоникалық этика құрамында орын алады...» [76, 192 б.]. Фон Грюнебаум Ибн Синаның махаббаттың философиялық тұжырымдамасын жасауға тырысқанына көз жеткізгісі келеді.

«Материалдың өте қысқаша түрде болуы Ибн Синаның өзінің негізгі ілімі – жан туралы және жанның құрамдас бөліктерін жеке мәселеге немесе дара құбылысқа жатқызуға тырысып, оған өз жүйесінің ішінде өз орнын табуға тырысқанына куә боламыз. Бірақ махаббат оның ойының бастапқы нүктесі емес еді» [5, б. 193]. Міне, біз тағы да махаббат феномені мен мәселені шешу барысында антикалық түсінікке қайта оралдық.

Ал Ибн Синаның философиясындағы бастапқы сәт не болды? «Ибн Синаның ерекше жетістігінің бірі ол оның ізашылары адамдардың өзара қарым-қатынасын тек тұрақты антагонизм аясында ғана көре алатын болса, оның осыған байланысты жерде жанның жоғарғы және төменгі бөліктерінің иерархиялық үйлесімділігінің ашылуы болып табылады. Ибн Сина үшін адамгершілік парызы - бұл төменгі бөліктерді басу емес, олардың жоғары ұмтылып, жанның үздіксіз күреспен кемелдікке жетуі» [5, б. 194]. Біз Ислам философиясындағы, адамгершілік-этикалық және эстетикалық ұғымдар орталықтанған басты мәселе болып табылатын кемел іліммен кемел адам проблемасына келдік [1, 33 б.].

Ибн Сина махаббат феномені арқылы төменгі және жоғары күштердің, хайуандық қасиеттермен парасатты жанның бірігуін негіздеуге тырысты.

Фон Грюнебаумның ізінен, исламдық орта ғасыр философтарының махаббат идеясын әлемнің үйлесім идеясы ретінде соңына дейін жеткізуге тырыспағандығына қатысты

көзқарасты қолдаймыз. Философтар, ақындар махаббатқа ортақ көзқарасқа қол жеткізе алмады. Әл-Киндидің махаббат мәні мен туралы көп тұжырымдары бар екені бізге белгілі. Бірақ, өкінішке орай, оның көптеген жұмыстары сақталмады және әсіресе осы тақырыпқа қатысты мәліметтері жоғалған деп саналады.

Егер VIII-IX ғасырларда философ-ақындар романтикалық және идеалды махаббат туралы жазса, онда X-XII ғасырларда махаббат идеалдарымен өкінішке толы. Сол кезеңнің барлық газеттері бізге махаббат қайғысын баяндайды. Ибн Дауд, ат-Таухиди және басқалар махаббаттың мәнімен табиғатына ортақ, әмбебап көзқарасты анықтауға тырысты. Масудидың айтуы бойынша, Халида ал-Бармаки қонысында махаббат тақырыбы бойынша жиналыс өтіп, белгілі адамдар осы мәселе туралы өз пікірлерімен бөліскен. Масуди сол жиналысқа келген адамдарды тізімдеп, оларға мутазилизм, хариджизм, қалам өкілдері және бір заңгер екенін айтады. Бұл жиналыстың нәтижесінде «махаббат - нәтижесі мутакалла арасындағы сүйетін және сүйікті арасында пайда болады, ол туындайды би - издивадж ан - нафсайн ва имтизадж аш шакйлайн көрсетеді және тамазух ар рухайн-ға жетелейді...Махаббат жүрегке еніп, құмнан өткен жаңбыр сияқты, шексіз, шамадан тыс махаббат денеге зиян келтіреді. Махаббат көмірдегі ыстыққа қарағанда жасырын болып, бірақ ыстық болады. Махаббат бүкіл дүниені және ақыл-ойды қадағалайды, ұнатушыны теңдікке дейін азғырады, және оны өз құлына айналдырып өзінің қалауын жасатады» [5, 96 б.].

Әл-Аббас – танымал ақын, махаббат лирикасының өкілі - өз шығармашылығында ежелгі уақыттан өз уақытына дейінгі махаббатты анықтаудағы ең жалпы сәттерді белгіледі.

Оның негізгі анықтамалары: махаббат-ауру, махаббат-азап, махаббат-өлім, сонымен қатар махаббат – ең нәзік және асыл өлім.

Шығыс философиясы, поэзия, әдебиет, сәулет көптеген ұғымдарды жасырын түрде көрсетуге, символизациялауға әрдайым күш салған. Махаббат феноменінің қыр-сырын,



осы анықтаманы екі мағынада бейнелеп, символдық бейнелер арқылы жеткізген. Джахиз ғана ашық түрде жеткізуге талпынған, басқа да танымал авторлар әр түрлі жақтардан және тәсілдермен махаббатты толық айқындауға тырысты, бірақ тағы да - махаббат жасампаз бастама ретінде, жойқын апат ретінде көрініс тапты.

Әбу Әли Ибн Сина өзінің махаббатына деген көзқарасында әрдайым ізбасар болған, «Дәрігерлік ғылым канонында» ол махаббатты – ақылмен емдеу қажет ауру деп айтқан.

Осылайша, Ибн Синаның ойынша махаббат, сұлулық пен құдайдың біртұтасы, оған парасатты жанға ие адам ұмтылады. «Егер адам жануар рахаты үшін әдемі бейнені ұнатса, онда күнәлі болуға лайық, мысалы, содомдық күнәға сатылғандар, жалпы жаман адамдар қатарына кіреді. Бірақ, егер адам мейірімді бейнені ақылмен сүйсе, біз түсіндіргендей, оны биік белес пен игілікке жақындаудың құралы деп санаған жөн, өйткені ол әр түрлі әсер мен таза махаббат объектісінің бастапқы көзіне жақынырақ әсер етеді» [4, 324 б.]. Ол махаббаттың платондық түсінігіне өте жақын – ең жақсы игілікке қол жеткізуге талпынуы.

Кемел адам болып табылатын, яғни көптеген ұлы қабілеттері бар адам, ол өз кезегінде, оны одан да жетілдірілген объектілерді ойлауға итермелейді, өз жүрегінде махаббат тудырады. «...Адам адамзатқа тән кемелденуден артық нәрсе бола тұра, табиғаттың үйлесімділігінен және Құдайдың әсер етуінен пайда болған үйлесімді келбетті жетілдіре отырып, Жүрек жемісінде жасырылған және махаббат тазалығын құрайды» [4, 324 б.]. Ибн Сина махаббаттың әдемі және көрінбейтін арақатынасының күрделі мәселесіне жатқызады. Кейбір адамдар қорқынышты келбетке ие, ал олардың өздері ішінен әдемі, жақсы қасиеттерге ие және махаббат сезімін оятуы мүмкін.

Көптеген көне көздерде адамның ішкі кемшіліктерімен байланысты физикалық ақыл-ой мен болмыс деген фактіні жиі табуға болады. Мысалы, ежелгі гректер бейберекет адам Құдайға ұнамайды деп есептеді, спартаңдар жарта-

стан бейберекет балаларды лақтырды, ежелгі қытайлықтар физикалық жарақат алған адамдарға ғибадатханаға кіруге рұқсат бермеді. Сократтың әдемі болмағаны бізге белгілі, атақты Зопир оның бетінің оның барлық бойындағы ақауларын жалаңаштайды деп айтқан. Қорланған Сократтың шәкірттеріне ұлы Зопирдың сөзіне жауап берілген, оның айтқаны дұрыс, бірақ Сократ өз бойындағы құмарлықтармен кемшіліктерді жеңіп шыққан.

Әбу Әли Ибн Сина психология мен антропология тұрғысынан махаббат мәселесін зерттеген. Махаббаттан тыс адам, оған сәйкес, өз болмысын ойламайды. Ибн Сина – философ, дәрігер және бойында адамгершілігі болғандықтан – діни заңдарды ұстанған, сүйіспеншілікке қатысты ол осы феноменнің жоғары моральдық ойлардың тазалығы тұрғысынан анықтауға тырысқан.

Әбу Насыр әл-Фараби махаббат феноменіне жеке туындылар арнамаған. Бірақ оның ізгілікті және адасқан қалалар туралы шығармасында, шыдамдылық, кішіпейілдік болса, жүректі ақылмен, ізгілікті және мейірім толтырады, егер ол жүректі жандырса, ақыл-ойдыбұзып, реніш пен өлімге апарды.

Ортағасырлық ислам қоғамының философтары барлық сезімдерді, соның ішінде сүйіспеншілікті басқаруға болады деп ойлады. Түркі дүниетанымы - қазақ этикасының қайнар бастауы болғанына көз жеткіземіз.

### **Әдебиеттер:**

1. Кенжетаев Д.Т. Қожа Ахмет Яссауи философиясы және түркі дүниетанымындағы орны: филос. ғыл. док.. автореф. – Алматы, 2017.
2. Альшанова Б. Философия любви в творчестве М. Жумабаева // Мысль, 2014. - №12.
3. Иассауи Қожа Ахмет. Диуани Хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы, Мұраттас ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 2003.
4. Хорезми. Махаббатнама: Дастан (құрастырған және аударған А. Қыраубаева). – Алматы: Жалын. 2015.
5. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары). – Алматы, Атамұра, 2005.

## ЖАҒАНДЫҚ ЭТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТИКАЛЫҚ ОЙЫНЫҢ РӨЛІ

*Нүсіпова Гүлнәр Игенбайқызы,  
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының ғылыми қызметкері,  
PhD докторанты;*

*Молдағалиева Айжан Есқалиқызы,  
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының ғылыми қызметкері,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі*

Қарқындап дамып келе жатқан жаһандану процестері адамзаттың алдына көптеген саяси, экономикалық және мәдени сипаттағы міндеттермен бірге қазіргі уақыттағы кросс-мәдени өзара әрекеттесудің аса күрделі сын-қатерлерінің бірі планетарлық этика мәселесін қалыптастыруды жүктеп отыр. Планетарлық этика белгілі адамгершілік-этикалық принциптердің синтезін, әлем халықтарының көпшілігін және бүкіл адамзаттың тарихы мен дәстүрлеріндегі барлық үздік аксиологиялық идеялар мен жүйелерді біріктіруге тиіс деп қарастырылады. Әрбір халықтың мәдени мұрасының осындай бір арнаға тоғысуы, жаһандық процестер әсер етпеген адамзат өміріндегі этика сияқты маңызды саласын планетарлық бірлесуге алып келеді, оның негізгі екпіні география және экономика салаларында кездеседі. Ойшылдардың дәстүрлері мен философиялық ілімдерінің жан-жақтылығын қамтитын қазақ этикалық ойы да, өз кезегінде, әлемдік этиканы қалыптастыруға және одан әрі дамытуға елеулі үлес қосуға қабілетті, сондай-ақ, алға қойылған гуманистік мәселелерді шешуге ықпал ете алады.

Әлемдік этикалық бағдарламаны құру қажеттілігі туралы ой алғаш рет 1993 жылдың 28 тамызы мен 5 қыркүйегі аралығында 120 әлемдік дін ілімдерінің алты жарым мыңға жуық өкілі бар әлем діндері Парламентінің Чикагода

өткен екінші отырысында айтылды. Парламенттік сессияға қатысушылар жергілікті әскери қақтығыстарда, нәсілдік, этностық, діни және гендерлік кемсітушіліктер, халықтың қорғалмаған жіктерін еңбекпен қанау, үкіметтік және соттық сыбайластықтарда өзінің көрінісін табатын әлемдік рухани дағдарыстың бар екендігін және оның ушыққанын бірауыздан мойындады. Швейцариялық теолог және католик дінінің қызметшісі Ганс Кюнг, әрбір адам жауап беретін, бұл планетарлық адамгершілік құлдырауды әлемдік «жан-жақты және жойғыш агония» [1] деп сипаттады.

Ұжымдық жеке адамнан құрылады, сондықтан дүние-жүзілік достық және әділ қоғамдастық құру үшін әрбір адам өзінің ойын өзгертіп, әртүрлі халықтардың өмір сүру салтының ерекшеліктеріне төзімді, адал және ашық қабылдауға дайын болуы керек, олардың өз мәдениеттеріне ұқсамайтындықтары қорқыныш пен дұшпандық туғызып, қауіпті деп бағаланбай, оларды теңдікте және бірегейлікте қабылдап бірге өмір сүруді үйренуі қажет.

Жаһандық этиканың қалыптасу жолындағы алғашқы қадам Ганс Кюнгтің бұрыннан келе жатқан «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына» (1948) толықтыру ретінде жазылған «Әлемдік этос декларациясының» (1993) баяндалуы болды. Швейцария теологы, әрбір дін үшін ортақ гуманистік ережелер, моральдық-адамгершілік императив кез келген діннің негізін қалаушы постулаттары болып табылатындығын атап өтті. Бұл мәдени әмбебаптар әлем халықтарының тығыз туыстығының тағы бір дәлелі, бүкіл адамзаттың бірігуінің алғышарты болып табылады. Бұл дін қайраткерімен жазылған және әлем діндерінің отырысында таныстырылған «Әлемдік этос декларациясы» әрбір адамға, оның қандай да бір конфессияға жататынына немесе тіпті әлемдік атеистік көзқарасына қарамастан барлығына бірдей бағытталған. Бұл құжат діни, сондай-ақ, атеистік дүниетанымдағы адамдардың да бірыңғай гуманистік көзқарастарын білдіреді, олар: әлемдік тәртіп үшін жауапкершілікті бөлу, әділеттілікті, бостандық

пен заңдылықты сақтау, зорлық-зомбылық пен антигуманизмге қарсы тұру.

«Әлемдік этос декларациясының» авторлары басты этикалық императивтердің бірі ретінде берген өмірді құрметтеудің адамгершілік ұстанымы ғасырлар бойы көптеген қазақ ойшылдарымен терең және мұқият қарастырылды. Қорқыт ата сияқты өмір мен өлімнің феномені туралы ойлаған философтар жер бетінде лайықты өмір сүруге шақырды және өлімнің сөзсіз болуы адамның өз әрекеттері үшін жауапкершілігін күшейтетінін атап өтті.

Қазақ философиялық ойының дамуына іргелі негіз болған, этикалық идеяларды бойына сіңірген және қайта қарастырған түркі философиясының өкілі Жүсіп Баласағұн, толық этикалық бағдарламалық шығарма болып саналатын «Құтадғу біліг» поэмасының авторы, өмірдің мәнін жақсылықтың орындалуы және мінсіз өмір салтын ұстану деп анықтады. Оның көзқарастарына сәйкес, адам өлмеске үміттенсе алады, бірақ ол оның физикалық формасының мәңгілік өмір сүруінде емес, оның еңбегі сіңген қайырымды өмірі мен ізгіліктері, жақсы аты мәңгілік есте қалады:

*Туган өлер, көрсең қалар белгісіз,*

*Сөзіңді ізгі сөйле, өлсең де өлгісіз!*

*Қос нәрсені шалмас қарттық құрығы:*

*Бірі – ізгі сөз, бірі ізгі құлығы!*

*Туган адам өліп сөзі қалады,*

*Өзі кетіп, ізгі аты қалады!*

*Тіршілікте келсе өзіңнің өлмегің –*

*Сөз, құлқыңды жақсарт, оңда, ей, бегім?!*

*Тілді сөктім, һәм мадақтап демедім,*

*Мұным – сөздің сырын ұқсын дегенім [2, 66 б.]*

Ақын және философ Қорқыт ата аңыз-әңгімелерге сәйкес, өз өмірін ең үлкен зұлымдық – өлімнің алдын-алу жолын іздеуге арнады, ол өзінің барлық шығармашылығымен, этикалық мұрасымен және өзіндік өмір жолымен өмірдің өлім мен зұлымдықпен жеңіске жету мүмкіндігін, оларды жеңу – өнердегі өлместік екенін дәлелдеді. Қорқыттың

этикалық ілімінде адам өмірінің мәні жоғары, сондықтан оны азғындық әрекеттер мен ойлардың жойқын әсерінен сақтау және қорғау қажет. Адамның өзінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруы шындықтың жақсы жаққа өзгеруі, өзінің өмірлік мақсатын іздеу және түсіну болып табылады. Шығармашылық мұра ұрпақтарды байланыстыра отырып, эстетикалық және құндылықтық бағдарларды береді, өнердегі жеке даралығын ашуға ынталандырады.

Қазіргі қоғамның басым көпшілігінің жетілмеген әлеуметтік ұйымы, оның таптарының әл-ауқаты арасындағы алшақтықтың өсуіне, жұмыс берушілердің тәуелді қызметкерлерге эксплуатациялық қатынасының күшеюіне және сыбайлас жемқорлық желілерінің қарқынды кеңеюіне ықпал етті. «Әлемдік этос декларациясының» авторлары, бір әлеуметтік құрылымдағы бай және кедей топтар арасындағы қарама-қайшылық тек жалғыз жамандық материалдық байлықтың әділетсіз бөлінуімен шектеліп қалмайды, сонымен бірге қызғаныш, жеккөрушілік пен агрессияны тудырады және қоғамда қылмыстың пайда болуының катализаторына айналады деп атап көрсетті.

Шарасыздық адамдарды ұрлық жасауға және т.б. итермелеп қана қоймайды, оны өмір сүруге тырысу, өмірде бар болуды мақсат ету, сонымен қатар көбінесе тұтынушылық психологиясын көтермелеуге бағытталған сәнді өмір салтына қосылуға деген ұмтылыс сияқты үмітсіз қадамдарға итермелейді. Кюнг пен оның серіктестерінің пікірінше, бұл мәселелерді шешуге әлемнің көптеген халықтарына тән этикалық дәстүрлерге оралу көмектеседі: жетімдерге, мүгедектерге, қарттар мен қарияларға қамқорлық жасау және көмек көрсету. Көмекке мұқтаж адамдардың алдындағы жауапкершілік және олардың қорғалуы адамның бойындағы гуманистік бастаманы оятып, дамытып, қызығушылығы мен қалауын материалдық құндылықтарды қабылдап, жинақтауға емес, жеке басын рухани және этикалық жетілдіруге ұмтылуы қажет.

Бұл әлеуметтік және материалдық теңсіздік мәселесі, олардың теріс салдары қазақ философиясында да шектеліп

қалған жоқ. Қазақтың этикалық ойының шыңы және квинтэссенциясы болған Абай, өзінің философиялық шығармашылығында адамның қолда бар материалдық игіліктері мен байлықтарын пайдалану тәсілдеріне келесідей айқын сараптама береді: «Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаңа болса – өзің ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадаләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құданың жолы. Ол ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың, ниһаятсыз құдаға тағырып хасил болып хас езгу құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар? Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бар дәулет біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекедді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Сыртқа қасиет бітпейді, алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықыласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемектікпен өсер» [3, 98-99 бб.].

Абай байлықты осылай суреттей отырып, адамның материалдық байлығының болуы оның азғындық пен рухани негізін болжап, растайтын факт емес екенін айтады. Сонымен қатар баюдың қылмыстық тетіктерінен басқа, өзге де игіліктердің шығу тегінің мүмкіндігі болатынын айтты, бұған халықтың қорғалмаған тобын пайдалану және табыстарды әділетсіз бөлу сияқты мәселелерді айта отырып, «Әлемдік этос декларациясы» авторлары да назар аударады. Материалдық жеткіліктілік азғын адамның міндетті атрибуты емес, оның адал еңбектің немесе табысты мансабының ең сенімді іргетасы болып табылатын білім мен тәжірибелерді игерудің нәтижесінен пайда болуы мүмкін.

Сонымен бірге, ойшылдың пікірінше, білімді игеруге деген ұмтылыс тек өзі үшін ғана баю мақсатын көздемеуі керек, керісінше, жеке тұлға жалпыға бірдей пайда әкелуі керек. Өнер, – дейді ұлы философ, – жеке тұлғаның шығармашылық өзін-өзі тануында ғана емес, сонымен бірге шеберліктің, кәсіби дағдыларының жоғары деңгейімен де айқындалады, асқан шеберлікпен жасалған жұмыс еңбек қызметінен өнерге айналады. Алайда, өзінің кәсіби қызметінде осындай жоғары деңгейге көтерілу үшін білімді меңгеру, дағдыларды, ішкі, рухани әлемді, жетілдіру қажет, оның феномендері осы жұмыс үшін шабыт көзі бола отырып, өз кезегінде, осы адам өнерінің нәтижелері пайдалы немесе пайдасыз екенін анықтайтын өмірлік бағдарды дұрыс таңдауға ықпал етеді.

Адамның адамгершілік жетілуіне ықпал ететін және қоғамға елеулі пайда әкелетін өнер мен еңбекті, Абай сарқылмайтын байлық дейді, оған қол жеткізуге терең рухани кемелденген тұлғаның адамгершілігі, саналы түрде ұмтылуы болып табылады. Бұл құндылықтың сарқылмас табиғатын сипаттай отырып, ойшыл материалдық байлықтың тұрақсыздығы мен сенімсіздігін, мұндай қордың оңай таусылатынын, бірақ оны толықтыру оңай емес екенін айтады. Білім мен өнердің материалдық емес игілігінің мүлтік байлықтан айырмашылығы, олар оның өмірі мен танымдық тәжірибесімен бірге артып, адам өмірінің соңына дейін сақталады.

Алайда, Абай атап өткендей, мұндай материалдық емес байлық тек бір ғана адамның игілігі, бөлінбейтін меншігі болмауы керек: білім әділеттілікті қалыптастыру және нығайту, гуманистік идеалдарды жүзеге асыру және ізгілікпен имандылықтың этикалық қағидаларын бекіту үшін қолданылуы тиіс. Осылайша, біз өз игіліктерін өзіне немесе жалпы адамзаттың пайдасына жұмсай алмайтын, білім мен өнерді өз құндылығынан айырған дарынды адамды өте сараң адаммен салыстыра аламыз. Олар таңғажайып және ерекше болуы мүмкін, бірақ, оларға иелік ететін адам олар-



ды әлемге паш еткісі келмесе немесе жасай алмаса, мүлдем пайдасыз.

Абайдың адамгершілік философиясында жеке басының пайдасына, өркөкірек ниеттерін қанағаттандыруға бағытталған байлық қайырымды адамның табиғатына қайшы келеді, оның тұлға ретінде қалыптасуына және ұлы философтың «Адам бол!» деген негізгі этикалық тұжырымын сақтауға жол бермейді. Бірақ, Абай адамның моральдық-адамгершілік түзелуіне деген үмітін, өзінің өмірлік жолын қайта ойластыру мүмкіндігіне деген сенімдерін ешқашан жоғалтпаған, өзінің материалдық жеткіліктілігін, білім мен кәсіби дағдыларының құндылығы сияқты игі іс жасауға және бейтарап немесе теріс құбылыстарды оң нәтижелерге ауыстырып, мұқтаж адамдарға көмек көрсету үшін пайдалануға болатынын айтады.

Абай философиясындағы қайырымдылық көмекке жүгінуден көп нәрсені аңғаруға болады, ол қайырымдылық жасаушы өзінің материалдық байлығының бір бөлігін белгісіз, мұқтаж адамдарға табыстай отырып, өзінің қайырымдылық қызметіне іштей, рухани тартылады және жеке қатысады. Адамның жақсылық жасауы және оның өзіне пайдалы екенін айтқан ойшылдардың ойлары, басқаларға деген шынайы жанашырлық пен түсінушілікті дамытуға итермелейді, өйткені жақсылық еріксіздіктен, ал қайырымдылық немқұрайлылықтан туындамайды.

Материалдық теңсіздік мәселесін алға тартқан «Әлемдік этос декларациясының» авторлары халықтың тәуелді топтарының болуын және материалдық тұрғыдан мұқтаж кедей адамдардың өмір сүруінің қиын жағдайларынан басқа бұл құбылыстың тағы бір жағымсыз аспектісін көрсетті. Бұл зиянды әсер қызғаныш деген қасиетке ие. Барлық игіліктер мен артықшылықтарды сезінбеген, өзінің өмір сүру қажеттіліктерін қарапайым қанағаттандырудан артық бармаған адам, мұндай мәселелерден айырылған адамдарға өшпенділікпен және жеккөрушілікпен қарайды. Алайда, Ганс Кюнг және оның бірлескен пікірлестері, қажеттіліктен туындаған қылмыстармен қатар, бұқаралық ақпарат

құралдары арқылы соншалықты талмай дамиды, әр адамның қазіргі өміріндегі материалдық құндылықтардың маңыздылығын үздіксіз насихаттайтын менмендіктен туындайтын өзге де нәрселер бар екенін атап көрсетеді.

Әбден танымал болған артықшылықтарға қол жеткізе алмаған адамды өз өмірінен, жеке басынан көңілін қалдыруға, табысты және бай адамдарға деген қауіпті қызғаныш сезімінің оянуына әкеледі. Бұл жағдайды «Әлемдік этикалық декларация» жобасын жасаушылар, адамзатты ажырататын, бір-біріне деген сенімсіздік, байланыстардың үзілуі, қылмыстың көбеюі сияқты өте үрейлі және қауіпті салдарлармен байланыстырады. Бұл мәселенің шешімін адамның ойлау қабілетін жаңғыртудан, тұлғаның моральдық-адамгершілік қасиеттерін жетілдіруден көруге болады. Мұндай мүдделер бағытын өзгерту үшін әлемдегі әртүрлі халықтардың философиялық даналығы мен дүниетанымдық тәжірибесіне сүйене отырып, әлемдік этикалық бағдарламаның бір бөлігін қалыптастыру қажет.

«Әлемдік этностың декларациясымен» бекітілген материалдықтан жоғары тұратын рухани басымдық принципінің жарқын бейнесі ретінде қазақ философиясының қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай әсер еткен, оның философиялық мұрасының сан қырлы мұрагері болған түркі ойшылы Жүсіп Баласағұнның идеясын алуға болады. Материалдық байлықты жинауға деген ұмтылысты мақсат еткендерді айыптай отырып, Жүсіп Баласағұн олардың адам өміріндегі салыстырмалы құндылығы мен пайдасыздығын ерекше атап өтеді:

*Көп қазна жима, алтын-күміспен,*

*Не болса да беріп, көппен үлескін.*

*Өлім тұтса, қалар кейін өзіңнен,*

*Ұл-қыз шашар жамандыққа көрінген.*

*Мал-дүниеден тірлігіңде арыл да,*

*Сауабын ал, қисап қуып сарылма!*

*Жақсы айтыпты, халық бегі-данасы,*

*Халық бегі – кісілердің сарасы:*

*«Қазна жиган дүние бегі, талдың ба...*

*Кел, өзіңнен кейін қазна қалдырма!* [2, 485 б. 5290-5295].

Осылайша, поэтикалық түрде айтылған материалдық байлықтың ауысуы туралы идея, автордың планетарлық этиканың тұжырымдамасында берілген идеяларын растайды: мақсатсыз жиналған және сақталған нәрсенің ешқандай құндылығы жоқ, ол пайдасыз. Осыған қарамастан, мұндай бейтарапты байлықтың көмегімен адамның моральдық тұтастығына және рухани даму деңгейіне байланысты жамандық немесе жақсылық жасауына, яғни бір бағытты таңдауына жол ашылады.

Осыған байланысты, Абайдың философиялық-этикалық көзқарасындағы әрбір адамның өз өмірі үшін жеке жауапкершілігі болатынын, жеке тұлғаның адамгершілігін жетілдірудің, рухани өзгеруінің бір ғана тәсілі – білім жолын таңдап, адам бойындағы ізгілік қасиеттердің ішкі потенциалын дамыту арқылы өзіндік жұмысы, оны шабыттандыру көзі, рухани өзгеруге деген шын ниеті екенін айтады. Абайдың философиялық-этикалық іліміндегі танымдық жолды таңдау көп мағыналы болып келеді. Бұл жалпы білім алуды ғана емес, сонымен бірге дұрыс экзистенциалды таңдау жасауға мүмкіндік беретін, жалған құндылықтарды анықтау және саралау қабілетін білдіреді. Тек білімі бар адам іс-әрекеттің кез-келген түріне және өмірлік жағдайға жетекші бола алатын тиісті аксиологиялық жүйе құра алады.

### Әдебиеттер

1. Декларация мирового этоса. 1993. URL: <http://anthropology.ru/ru/text/dokumenty/deklaraciya-mirovogo-etosa#iii-chetyre-nravstvennyh-imperativa> (дата обращения: 05.11.2019).

2. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 бет.

3. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 270 б.

## «ЭТИКА – ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ӨЗЕГІ»

дөңгелек үстелдің материалдар жинағы

## «ЭТИКА КАК ЯДРО КАЗАХСКОЙ ФИЛОСОФИИ»

сборник материалов круглого стола

Дизайн және беттеу: ***Ж. Рахметова***

ҚР БҒМ ҒК «Философия, саясаттану  
және дінтану институты» РМҚК

Басуға қол қойылды: 26.06.2020.  
Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік басылым.  
Шартты баспа табығы 13,75.

ТОО «378» баспада басылып шығарылды.  
Алматы қ., Райымбек көшесі, 212/1